


«NEW YORK TIMES» БАСЫЛЫМЫНЫҢ
ПІКІРІНШЕ БЕСТSELLER БОЛЫП
ТАБЫЛАТЫН КІТАПТАРДЫҢ АВТОРЫ

ЛИЗА
БИВЕР



МІНЕЖАТТАР

Күшті өрі шабытты
өмір сұру үшін

Сүйікті құрбым,

Күшіңіз артып, сеніміңіз тереңдей түссін деп мінәжат етемін. Құдаймен, жаңыңызыдағылармен, өз-өзіңізben үйлесімді қарым-қатынаста болғаныңызды тілеймін. Құдайдың Сөзін оқып, аузыңызben айтып, өміріңізде іске асырғанда, сеніміңіз жетіліп, күш-куатқа ие боласыз!

Күш дегеніміз — өміріміз үшін Құдайдың еркі әрі бүйрекі. Күштің қайдан келетіні, сонымен қатар күштің өмірімізде қалай көрініс табатыны өте маңызды. Қоғам «Күшің ішінен келеді» дейді, бірақ шындығында күш пен сенімділіктің көзі — Құдай. Біздің болашағымыз Оның қолында.

Сіз қуаттысыз, мықтысыз, жігерлісіз, өйткені Иса мен тығыз қарым-қатынастың арқасында Құдай сізге күш, сүйіспеншілік және ұстамдылық дарытты. Жаратқан Иенің Сөзі ақиқат әрі күш береді. Құдай бізді әділдік қуған жолымызда берік етеді.

Көтеріліп, **Оның** күшін өз өміріңізде ізденіз!

Шын жүректен,



Лиза
LisaBevere@ymail.com



X
MessengerX

ҚУАТТЫ

МІНӘЖАТТАР

Күшті әрі шабытты
өмір сұру үшін

Л И З А Б И В Е Р

Strong Devotions, Kazakh, by Lisa Bevere
© 2025 Messenger International
MessengerInternational.org
Originally published in English as *Strong Devotions* by Thomas Nelson,
Nashville, USA.
ISBN 978-4002-1313-9
This version of the Strong Devotions published in cooperation with Thomas
Nelson, a registered trade mark of HarperCollins Christian Publishing Inc.

Additional resources in Kazakh by John and Lisa Bevere
are available for free download and video streaming at
MessengerX.com and on the **MessengerX** App
To contact the Author: LisaBevere@ymail.com

This book is a gift from Messenger International and is
NOT FOR SALE

Құатты мінәжаттар, қазақша, авторы Лиза Бивер
© 2025 Messenger International
MessengerInternational.org
Тұпнұсқасы ағылшын тілінде «Strong Devotions» атымен басылып шықты.
АҚШ, Нэвилл қ., «Thomas Nelson» баспасында жарық көрді.
ISBN 978-4002-1313-9
«Қуатты мінәжаттар»-тың бұл нұсқасы «HarperCollins Christian Publishing
Inc»-тың тіркелген тауар белгісі «Thomas Nelson»-мен бірлестікте басылды.

Қазақ тіліндегі қосымша материалдарды **MessengerX.com**-да және
MessengerX қосымшасында тегін қарауға және жүктеп алуға болады.
Автормен байланыс: LisaBevere@ymail.com

Бұл – Messenger International қызметінен сыйлық, САТУҒА АРНАЛМАҒАН.



App Store АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі болып табылады.
Google Play мен Google Play логотипі Google LLC компаниясының сауда белгісі болып табылады.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ. *Күдаймен байланыстағы күш*

ЕКІНШІ БӨЛІМ. *Рухтағы күш*

ҮШІНШІ БӨЛІМ. *Тағамоқтасан күш*

1.	Кіршіксіз таза	42
2.	Бағышталған	44
3.	Сырт көрініс	46
4.	Тамаша жаралған	48
5.	Жан байланысы	50
6.	Әкініштен сауығу	52
7.	Некені қадірлеу	54
8.	Қорғалған	56
9.	Қалыңдық	58

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ. *Ажықаттасан күш*

1.	Сөзі дана	62
2.	Бөлінбекен	64
3.	Қабырғалар	66
4.	Айналып жүру	68
5.	Әкінішті тастау	70
6.	Сүйікті әйел	72
7.	Екінші дәрежелі азamat емес	74
8.	Барлық сүйіспеншілігіңіз	76
9.	Нұрда тұру	78

БЕСІНШІ БӨЛІМ. *Кароши-қатынастассан күш*

1.	Ешқашан бас тартпаған	82
2.	Қақтығыстағы тыныштық	84
3.	Ұмтылыштар мен бағыттар	86
4.	Қауіпті де сенімді	88
5.	Достықта дана	90

6. Әділетті Құдай	92
7. Өсек өткізбес	94
8. Ұнтымақтас болу	96
9. Құдайшыл қауымдастықта өсу	98

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ. *Шайқастағасы күши*

1. Құлағы түрік, көзі ашық	102
2. Әйел мен еркек арасындағы татулық	104
3. Кешірмеудің шайқасы	106
4. Сіздің панаңыз	108
5. Шайқас барысындамыз	110
6. Қалқан мен жебе	112
7. Шынайы күрес	114
8. Нұрда шайқасу	116
9. Берік түрү	118

ЖЕТИНШІ БӨЛІМ. *Рақымдағасы күши*

1. Өткеніңіз – болашағыңыз емес	122
2. Кешірілген	124
3. Рақымды	126
4. Айып емес, өсу	128
5. Жүрек бағы	130
6. Үкім шығару	132
7. Ие болу және жіберу	134
8. Іс жүзінде орындауға қабілетті	136
9. Айыптау жоқ	138

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ. *Әзін-әзі басқарудағы күш*

1. Мұқияттыңдау	142
2. Тәбетке ие болу	144
3. Ашулануға болады	146
4. Сөзге абай болу	148
5. Ақтайтын өкініш	150
6. Киелі жазбаға тамыр жайған	152
7. Егу мен ору	154
8. Демалудың күші	156
9. Құдайдың өкілі	158

ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ. *Азаттаңдағы күш*

1. Күнәдан азат етілген	162
2. Жаңа жүрек	164
3. Күнәні мойындаудың күші	166
4. Күнәдан азат	168
5. Жанға батып кеткенде	170
6. Азаттықта берік	172
7. Ерікті.	174
8. Жаңадан жаратылған	176
9. Құдайдықі болу үшін азат етілген	178

ОНЫНШЫ БӨЛІМ. *Киеліліктердегі күш*

1. Осы дүниелік емеспіз	182
2. Бағынуды үйрену	184
3. Киелі етілген.	186
4. Отта тазартылған	188
5. Физикалық ораза үстаяу	190

6. Жүректі ұсыну	192
7. Айқышты арқалау	194
8. Құдайдың сөзі	196
9. Төзімділік	198

*Күдаймен
Байланыстағы
куш*

ҚУАТТЫ БОЛУҒА РҰҚСАТ

*Иеміз құдіретті және сендердің күшті
болуларынды қалайды.*

ЕФЕСТИКТЕРГЕ 6:10 MSG

 Күш-қуатқа ие болу саяхатын бастамас бұрын, жүргегімізде бір нәрсені түсініп алайық;

Күшті болу жаман нәрсе емес.

Көбінесе мәсіхші әйелдер күш емес, әлсіздікпен қатар жүреді. Кейде дін көтерілуді емес, жасырынуды үйретеді. Кішіпейіл болуға шақырылғанымыз рас. Бірақ кішіпейіл болу әлсіздік емес. Кішіпейілдіктің ең жақсы анықтамасы – қол астына алынған, тізгінделген күш. Мұса да, Иса да кішіпейіл болғанымен, әлсіз емес еді. Кішіпейілдер күштерінің Құдайдан келетінін біледі. Естер кішіпейіл, бірақ әлсіз емес еді. Кішіпейіл адамдар сонымен қатар Құдайға мойынсұнады, өйткені олардың күші жоғарыдан, Жаратқан Иеден келетінін түсінеді. Кішіпейілдер қалай және қашан күресу керектігін біледі, бірақ күреске өздері барып ұрынбайды. Күш дегеніміз – екі жүзді қылыш. Онымен айналамызды жермен жексеп қылуға да, тұтқындарды босатуға да болады. Бостандыққа шығуды талап ететін бірінші тұтқын – өзіміз болуы ғажап емес. Бұл өмір күшті талап етеді. Жылдар өткен сайын, өмір қыындаған түседі. Құдайдан бас тартқан мәдениетте құдайшыл өмір сұру үшін сіздің немесе менің жеке күшімізден әлдеқайда асып түсетін күш қажет. Шүкір, жалғыздан жалғыз қалған жоқпыз. Ефестіктерге арналған хатты ашайық. Онда неліктен әрқайсымыз қыындықты қабылдап,

күшті болуымыз керегі жазылған. Қарым-қатынаста қалай әрекет ететінімізді сипаттағаннан кейін Пауыл Ефестіктерге 6:10–18-ді «Иемізбен тығыз байланыста жүріп, Оның құдіретінен қуат алып, нығая беріңдер!» деп бастайды (10-аят).

Қарым-қатынас күшті қажет етеді. Тек өз күшіммен біреуді сүюге немесе ең болмаса ұнатуға тырысқанда, ештеңе шықпайды. Әр күн белгілі бір күш қажет. Өз күшіміз оған жетпейді. Соңдықтан Жаратқан Иеміздің күші мен құдіретін пайдаланамыз. Киелі кітаптың басқа аудармасында былай делінген: «Иеміз құдіретті, және сендердің күшті болуларыңды қалайды» (MSG).

Құдай әлсіз екенімізді білгендіктен, бізді күшті етеді. Дәүіт патша жас кезінде мал бағып жүргенде, Құдайды қастерлеуді үйренді. Өмірінің сол кезеңінде ол осы ерекше күштің көзін тапты. Құдайымыздың бізді нығайту үшін құдіреті жетеді. Экеміз қыздарына күш беруге құдіретті. Құдайдың өміріңізге арналған жоспары бар. Шайтандықі болса, тек айла. Жаудың жоспары сізді Құдайдың жоспарынан алыштату. Ескертуім керек, шайтан әділ турде күреспейді. Сіз Құдайдың қызына болғанда, Киелі Рухтың таңбасын алып, жаудың назарына іліктіңіз. Қайта туылғанға дейін шайтанның, құлы едіңіз, енді нысананаға айналдыңыз. Шынайы күшіміздің қайнар көзін білгеннен кейін, қаруланатын кез келді. «Шайтанның қастық іс-әрекетіне тойтарыс бере алуларың үшін Құдай берген рухани қару-жарақпен түгел жабдықталыңдар!» (Ефестіктерге 6:11).

*Көктегі Әке, құдіретті болғаның үшін және
менің қуатты болғанымды қалайтының үшін
Саған алғыс айтамын. Қару-жарақты алып,
Сенің жоспарыңды орындауға дайынмын.*

Қуаттымойн

ӘЙТКЕНІ КҮШІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ – ҚҰДАЙ

ИСА МӘСІХТЕГІ СЕНІМ

Иен далаға әділет жайылып, бау-бақшаны да әділдік мекендейді. Әділдіктің жемісі амандық пен бейбітшілік болмақ. Иә, әділдік мәңгі бақи тұрақты тыныштық пен қауіпсіздік әкелмек.

ИШАЯ 32:16-17

 Зіне сенімді әйелді елестеткен кезде көз алдыңызға не келеді? Өзіне сенімді әйелдің қандай болуы керек еkenін дүние үнемі білдіріп отырады. Журнал ашып қараса да, дүкенге кірсе де, әлеуметтік желі парақшаларын ашса да, мінсіз киінген, сенімді күлімісереген әйелдерді көреміз. Сенімділік сұлулық немесе өмір салты өнімі ретінде сатылады. Ол кездейсоқ емес. Косметикалық өнім секілді, ол бізді ұсқынсыз «бұрынғы халімізден» тамаша «кейінгі» халімізге апаратын сияқты. Бірақ сенімділікті табыстан немесе сұлулықтан іздеу алысқа апармайды. Біз «болды... мен бүтінмін» дейінше, бір суретке қанша лайк жинауымыз керек? Әлеуметтік желіде қанша бейтаныс адамның пікірі қажет? Құніне миллиондалап лайк пен пікір жинасақ та, ол бізді тойдыра алмайды.

Сұлулық пен танымалдылық қуатын болсақ, өз құндылығымызды басқалардан іздейміз. Жанымыздағы әйелдер бізге қауіп төндіретіндей сезінеміз. Өзімізге деген сенім өте тұрақсыз болады. Алайда, басқаша өмір сұру

мүмкін. Өзіне келген әйелдерді әрқашан әдемі етуге дайын Әмірші бар.

Исаның бізге берген сенімі тереңге жетеді. Ол тереңнің бар екенін өзіміз де білмейміз. Бұл жай ғана сыртқы безендіру, әлеуметтік желідегі фильтр немесе жаңа әшекей емес. Бұл бізді жақсы көретін және жақын танитын Біреу бар екенін білуден туындастын терең, жылы нұр. Әйелдің өмірінде осындай сүйіспеншілік бар болғанда... ол сырт көзге айқын көрінеді. Иса Мәсіх бізге Өзінің рақымын жаудырды. Оның сүйіспеншілігі жеткілікті екенін мойындастын үақыт келді. Бізді тойдыратын басқа нәрселерді іздеуді доғаратын үақыт келді.

Сырт кейпіміздің емес, ішкі жан-дуниеміздің «бұрынғы және кейінгі жағдайына» қарайтын кез келді. Мәсіхтің істегенін шынымен бағалайтын және Оған деген сенімімізді арттыратын кез келді. Ол берген сүйіспеншілік ешқашан сөнбейді. Оның сүйіспеншілігінде гүлденуіміз үшін Мәсіх әрқайсымызды нәзіктікпен тәрбиелеуді қалайды.

*Ием, мені күн сайын жаңартып, тазартып, Өзің
елестеткен әйел бейнесіне сай қылыпт өзгертіп жатқаның
үшін рақмет. Сенің құтқаруышы рақымыңа сенімдімін.*

Күаттымын

ӨЙТКЕН ИСА МАҒАН СЕНІМДІЛІКТІҢ
ШЫНАЙЫ ҚАЙНАР КӨЗІН БЕРДІ

ЖАЛҒЫЗ ЕМЕС

*Сендер әлі күнге дейін қатты сыналған жоқсындар,
еліктірген жағдайлар әдетте адамдардың
бастарына түсіп жүргендегідей ғана болып келді.
Ал Құдай Өзінің үәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен
артық сынауларыңа жол бермейді. Еліктірлген
кездеріңде соған шыдауға қүш-қуат беріп, құтылып
шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді.*

ҚОРЫНТЫҚТАРҒА 1-ХАТ 10:13

*С*ізben ешқашан бетпе-бет кездесе алмасам да, есіміңізді білу мәртебесіне ие бола алмасам да, өмірлеріміз үқсас. Үқсас қыындықтарға кез боламыз. Қорынтықтарға арналған хаттан оқып білетініміз – қай мәселеге тап болсақ та, ол тек біздің басымыздан өтетін нәрсе емес. Женісте де, женілісте де жалғыз емеспіз. Алайда жанымыздың жауы шайтан әрқайсымызды тек-тек оқшаулатып, жалғыздан жалғыз қалғанымызға сендерігісі келеді. «Осы сен-ақ қиналышп жүрген. Елдің барлығы сендей нашар емес» деп сыйырлайды. Басқа сөзben айтылса да, бұл өтірікті естідіңіз. Оны білемін, ейткені өзім де талай рет солай ойладым.

Құдайдың үәделері мен сөзіне келгенде, Ол адамның бетжүзіне қарамайды. Алдына кішіпейіл, мойынсұнғыш жүрекпен, тілін алуға дайын келген әркімді Құдай қабылдайды. Тәкаппар, өмірде бәрін түсініп, бәрін өзі білетін, ешкімді керек қылмайтын адамдарға ол қатысты емес. Өз күшімізben ғана бәрін істей беруден шаршаған кезімізде Құдай бізді өте жақсы естиді. Ол қажыған, жаралы жанды аяғына тұрғызып, Өз құзырына шақырады: «Ал егер кейбіреулеріңданалыққа мұқтаж болсандар,

Құдайдан сұраңдар, Ол береді. Тәнір Иеміз еш жазғырмай-ақ бәріне жомарттықпен бере салады» (Жақып 1:5).

Аса қымбатты әпкелерім мен сіңлілерімнің арасында жалғыз, оқшау қалған әйелдер тым көп. Қыын кезде бірге бола алатынымыздай, күш-қуатымызда да біріге аламыз. Жаудың шабуылдарынан соққы алып, оқшау қалуыңыз мүмкін. Ол өтірік. Сіз жалғыз емессіз. Тәнір Ие айыптаушы емес, Құтқарушы.

Қауымдастық осы себептен маңызды. Қазір біз өтіп жатқан қыындықтарды көріп өткен адамдармен байланыс құрғанымызда, сеніміміз күшійеді. Алға нық қадам басып, Құдай оларға адап болғандай бізге де адап болатынына сенеміз. Былай деуге рұқсат етіңіз:

Құдай сізге ашуланып тұрған жоқ,

Құдай сізді айыптарайды.

Құдай көмектесуге дайын.

Сіз жалғыз емессіз.

Көктегі Әке, маған айып тақпайтының үшін, мені жалғыз тастамайтының үшін алғыс айтамын.

Өзіңнің сауықтыруышы құзырыңа мені құшақ жая қабылдағаның үшін рақмет. Мен сырттай және іштей сауыға отырып, басқалар да жігер алсын деп олармен өзімнің өмірлік саяхатымды бөлісетін боламын.

Кұтқарушы

ӨЙТКЕҢІ ЖАЛҒЫЗ ЕМЕСПІН. ҚҰДАЙ
АЙЫПТАУШЫМ ЕМЕС, ҚҰТҚАРУШЫМ.

ҚҰДАЙ ЕСТИДІ

*Расында Құдай құлақ түрді маған,
Сынғанымда даусым жетті Оған.*

ЗАБУР 66:19

Кішкентай балалары бар көптеген ата-аналар айтатындей, кейде біздің тәтті, періштедей бүлдіршіндер төбелесіп, жағымсыз сөз айтып, тентек болады (анды-санда біз, үлкендер де, сондаймыз). Екі жасар баламен айқасып шаршағанда, «Жарайды, бос қоя берейікші, қалағанын істесін» деу өте онай. Осы шайқасты жеңсін, бірақ соғыста біз жеңеміз деген үміт бар. Алайда, бір қарыс жер берсең, кейіннен бір құлаш жерді сақтап қалу әлдеқайда қыынға түседі. Тәртіпсіз мінез-құлықты бекітіп қойған боламыз. Оның салдарынан өзіміз соққы жейміз. Сайып келгенде, бұның балаға пайдасынан зияны көп. Құдай, Көктегі Әкеміз, ата-ананың ең данасы. Біз әлденеге қол жеткізе алмай қалып, бұлқан-тұлқан болып жатқанымызда, Әкеміз одан да маңызды, құнды нәрсе... біздің болмысымыз бен кіслігіміз зарап шеге алатының біледі.

Шынымды айтсам, өз дегенімдей болмағанда бірнеше рет ызаға бұлыққаным бар. Қынқылдан, «Құдайым, басқаларда бар ғой, менде неге жоқ?» дегенім есімдө. Бір кездері біреуге ренжіп, «Онықі қате, менікі дұрыс! Оны Өзің де білесің ғой! Соны өзіне көрсетші!» дейтінмін. Жұбайыммен немесе басқа мәсіхшілермен келіспей қалғанда, бұл әсіресе ыңғайлы болатын. Құдай олардың мінәжаттарын бөліп, менікі дұрыс екенін айтады

деп елестететінмін. Эрине, ондай дүғалардың барлығы жауапсыз қалды. Құдай сұрағанымды бере салмай, мен үшін шынымен не жақсы болатынын көздегеніне мың алғыс.

Мінәжаттарымыздың жауапсыз қалуына көптеген себеп бар, бірақ Құдай естімеді, сондықтан жауп бермеді деп ешқашан ойламаңыз. Құдай әрдайым бізге жақсылық тілейді. Оны бірден түсінбесек те, Құдайдың мақсаты – біздің өсіп-өніп, үлкенірек иғлікке жетуіміз. Ең жақсы ниетпен сиынғанымыздада, жағдайды толық түсінбей сиынғанымыздада, Ол бізге құлақ түріп, ненің қажет екенін нақты біледі. Жаратқан Ие әр нәрсеге мәңгілікті есепке алып қарайды. Есейе келе, өзімді де, жақындарымды да Құдайдың қолына тапсыруға батылым жететін болды. Содан бері Оның әділеттілігі менің парасатымсыз-ақ бәрімізге жетіп жүр. Құдай әрдайым бізді тыңдалап, Өзінің егемендігін көрсететін жолмен жауп береді.

*Тәңір Ием, мен сөйлегенде рақымыңды көрсетіп,
мені тыңдаитының үшін әрі Өз еркің мен
даналығыңа сай жауп беретінің үшін рақмет.*

Кұаттымойн

ӘЙТКЕНІ БОЛАШАҚТЫ БІЛЕТІН
ҚҰДАЙДЫҢ ҚОЛЫНДАМЫН.

ШЫНАЙЫ ҚАЛАУЫМЫЗ

Тауға көзді қадаймын Қайдан жәрдем келер деп.

Көк пен жерді жаратқан Құдай Ием маған жар.

ЗАБУР 121:1-2

Барлығы қанағат іздейді. Кейбіреулер ақша, құш немесе дүниелік табыс қуады. Басқалары махабbat, секс немесе айналадағылардан қолдау іздейді. Адамдар қанағатты кейде иігі істер жасап та іздейді: мұқтаждарға көмектеседі, әділеттік үшін күреседі. Алайда, қанағатты Құдайдан емес, басқа жерден іздегенде, сөзсіз көніліміз қалады. Керек нәрсені қате жерден іздеу әрдайым ашуландырады.

Көкке көз тігейік. Қомегіміз Жаратушыдан келмек. Тек Тәңір Иеден өмірдің көзі мен қанағатымызды табамыз. Мұнды болсада, шындық мынада: өзге нәрселерді қуамыз десек, Құдай бізді шектемейді. Құдай Едем бағында Адам ата мен Хая аナンы тыйым салынған жемісті жеуден тоқтапағанындей, бізді де әлденеге қол созғанда бөгемейді. Тәңір Ие біздің шынайы қалауымыз болғысы келеді. Дегенмен, не тілесек, ол зиянды болса да, оған жетуімізге рұқсат береді. Пауыл елші адамзат жайында былай жазып кеткен: «Бұған қоса мұндай кіслер Құдайды танудың қажеті жоқ деп шешті. Сондықтан Ол соларды бұзық пейілдерінде қалдырып, ұятты нәрселер істеуге тастады» (Римдіктерге 1:28).

«Жоқ! Мұны емес, басқасын алам!» деп тепсініп тұрып алсақ, Құдай бір қадам шегініп, ақымақ еркіміз не талап етсе, оны алуымызға рұқсат етеді. Кейіннен ғана қалағанымыз үміт ақтай алмағанына көзіміз жетеді.

Құдай не тұтқын болғанымызды, не жаза тартқанымызды қаламайды. «Жаратқан Ие былай деп шақырады: «Келіңдер, мәселелеріңді талқылап, шындығына жетейік! Құнәларың ал қызыл болса да, рақым етіп, сендерді қардай аппақ қылмақпын. Қылмыстарың қан қызыл болса да, сендерді кешіріп, аппақ жүндей ағартпақпын. Егер Маған мойынсұнып, тілімді алсандарап, жердің жақсы өнімдерін жетін боласындар» (Ишая 1:18-19).

Мойынсұнғыш, тіл алғыш жүрекпен Тәңірімізге оралайық. Құдай күшіміз берін көмегіміздің қайнар көзі болсын.

*Көктегі Әкем, бұрыс нәрселерге үміт артқаным
үшін кешірім сұраймын. Өмірім мен көмегімнің
бұлағы тек Сенсің. Мени тазартып, ағартып, Саған
мойынсұнатын, Сенің тілінді алатын рух дарыта гөр.*

Күттәмис

ӘЙТКЕНІ КӨК ПЕН ЖЕРДІ ЖАРАТҚАН

ҚҰДАЙ МАҒАН КУШ БЕРДІ!

ҚАНАҒАТ ТАПҚАН

*Өйткені жіліктің майлы басынан
Гері Өзіңнен мол ләззат табамын,
Шаттық үнмен Саған мақтая айтамын.
Төсекке жатып Сені еске аламын,
Тұні бойы Сен жайлы ойланамын.
Өйткені Өзің менің қолдаушымсың,
«Қанатыңың аясында» шаттанамын.
Жаным тығыз байланыста Сенімен,
Мені демейсің құдіретті қолыңмен.*

ЗАБУР 63:5-8

*А*луан түрлі дәмді, денсаулыққа пайдалы тағамдар үзынылған банкетке барғаныңызды еске түсіріңіз. Қызығып көп жеп жіберген де жоқсыз. Ең дұрыс сәтте тоқтадыңыз. Сол күні үйықтап бара жатып, жайсыз сезінген жоқсыз, қайта өткен күнге риза болып, дем алдыңыз. Жақсы тاماқтанып, жақсы дем алу адамға терең қанағат әкеледі.

Денеміз сияқты, жанымыз да осындағы қанағатқа бөленине алады. Дәүіт сияқты біз де төсекте жатып, Құдайдың рақымын еске ала аламыз. Немесе, төсекте жатып, сәтсіздіктеріміз бен қыындықтарымызды ойлай аламыз. Көктегі Әкеміздің кереметтерін ойласақ, көніліміз тыншиды. Балапандарын қанатымен қорғап, паналатқан алып құсты елестетіп көріңіз (бұдан былай Жұбатушымды осылай көретін боламын!). Ұйықтаған кезде, тыныштық табамыз. Алғыс пен таңданыс

сезініп, жүргегіміз Құдайдың көмегі мен қорғанысын айтып, ән шырқайды. Әр күн Құдайды мадақтайтын мерекеге айналады.

Ұйқы дегеніміз үлкен құпия. Біздің ең осал кезіміз осы. Бірнеше сағатқа естен танып, басқа әлемге сырғып кеткендей боламыз. Ересек кезімізге қарағанда көбіміз бала шақта қаттырақ үйиқтайтыныбыз. Алаңсыз, өміріне риза балалар күндізгі ойындарын тастап, түнгі үйқыға беріледі. Ересек кезімізде күндізгі шаруаны бөлек, түнгі демалысты бөлек ұстауда қиналады. Күннің уайымын өзімізben бірге төсекке алып келеміз. Ол дұрыс емес. Осылай істегенімізде таң атқанша қорқыныш пен қайғыларымызбен күресіп шығамыз. Жатқанымыздан да әлсіз халде оянамыз.

Уайым мазалағанда, түнде ешқашан жақсылап үйиқтай алмаймын. Түн – көзімізді жұмып, күннің оқиғаларын жіберетін уақыт. Жүргегімізді Құдайға бұратын уақыт. «Жаратқан Ие сүйікті адамдарына бейқам тыныштық сыйлайды жандарына» дейді Киеіл жазба (Забур 127:2). Бейқам тыныштықты мінсіз жандарға сыйлайды немесе күндері мінсіз өткен жандарға сыйлайды деп жазылмаған. Тыныштықты сүйікті перзенттеріне сыйлайды делінген. Сіз – сол перзентсіз. Жаратқанның рақымы мен қорғанысы бүгін сізді үйқыға жатқызатынын елестетініз. Солай істесеніз, таңертең іштей мадақтау әнін айтып оянатыныңызға сенімдімін.

Тәңір Ием, әр кеш мұңдары жетіп жатқан күнді жіберіп, Сенің кіршиксіз таза сүйіспеншілігінді ойлағым келеді. Өзің сүйіспеншілік болғандықтан мені сүйесің.

Маған тыныш үйқы сыйлағаның үшін рақмет.

ҚҰДАЙДЫҢ ИГІЛІГІН ОЙЛАП, ЖАНЫМ

ТЫНЫШТЫҚ ТАПҚАНДА

Күаттоғын

СҮЙІСПЕНШІЛІКТЕ ТЫНЫШТАҚ ТАПҚАН

*Құдайың Жаратқан Ие араңда тұр! Ол —
батыр іспетті құдіретті Құтқарушы саған
қатты шаттанады, сүйіспеншілігімен сени
тыншиштып, саған қуанып мерекелейді.*

СОФОНИЯ 3:17

Kөбіміз жыныстық тұрғыдан жаман түстегідей өмір сүріп жүрміз. Басқаларының қарым-қатынасы жаман тұс сияқты. Кейбіріміз қаржылық жағынан жаман түсте жүрміз. Жаман түстен құтылуудың ең жақсы тәсілі арман екенін білдім.

Мысалы, балаларым түннің ортасында қорықканнан, аурудан немесе қатты қобалжығаннан оянғанда, жандарына келіп, жұбататынмын. Тербеліп немесе өзім жандарына жататынмын. Жұбайым іс-сапарлап басқа қалаға кетсе, біздің төсегімізге әкелетінмін. Неге? Менің жандарында екенімді білсін дедім. Бастарынан сипап, «Неден қорқтың, айтшы?» деп айтқандарын тыңдадым. Құдайдың және өзімнің сүйіспеншілігімді естеріне салып, Құдайдың қорғауын құлақтарына сыйырладым. Балаларым үйқыға кеткенше әлдилеп, бесік жырларын айттым.

Ананың қорыққан балаларын жұбатқаны Құдайдың жүргегінен келеді. Бұл Тәңір Иенің бізді жұбатуға деген үмтілісінің кішкене бөлігі ғана. Бір жеріміз ауырғанда, сәтсіздікке ұшырағанымызда, қорыққанымызда, Құдай бізді алыс емес, Өзіне жақын ұстағысы келеді. Жаратқаның перзенттері ретінде, біз Оның сүйіспеншілікке толы, қауіпсіз құшағына келуге шақыру алдық. Онда бізге тыныштық беріп, дем алуға мүмкіндік беретін сұлұлық көретін боламыз.

Қызын құшағына алып, ақырын тербетіп үйықтатқан әкені елестетуді ұнатамын. Әкесінің жылы құшағында қызы жай тауып, маужырап кетеді. Құдай:

- Сізді Өзіне жақыннатқысы
- Жүрегіңіздегі үят пен кінәнің ізін жуып тазартқысы
- Ақиқаттың шырағымен қорқынышыңызды жойғысы
- Сізге үміт пен болашақ бергісі
- Дауыл тоқтағанша сізді құшағында тербеткісі
- Сізге тыныштық сыйлағысы
- Жүрегіңіздегі арманды қалпына келтіргісі келеді.

Құдай бізден алыс, Өзіне жақыннатпайтын біреу емес. Құдай бізді демеп жіберуге дайын. Құдай бізді құдіретті күшімен құтқарады. Қорқып, шарасыздықтан Жаратқан Иеге айқайлас сиынғанымызда, Ол ызаланбайды. Біздің дүғаларымыз Тәңір Иенің мазасын алмайды. Ана балаларын жұбатуда қуаныш табатындей, Құдай да бізге тыныштық бергенде шаттанады. Ананың қабілеті мен мүмкіндігі шектеулі болғанымен, сүйіспеншілігі сияқты Құдайдың жұбатушы күші де шексіз. Құдайдың болмысының тереңдігі бізді тыныштандырып, Рухының бізге айтқан әндері алаңсыздық сыйлайды. Қай жағдайда болмасын, Құдайдың атын шақырып, өзіңіз тыныштандыра алмаған дауылдарды Оған тапсырыңыз.

*Көктегі Әкем, Саган жақындал, Софония 3:17-де уәде
еткениңдей, жанымда екеніңе, сүйіспеншілігіңмен
мені тыныштандыратыныңа сенемін. Осы арман
көрген жаман түстеріміңің бәрінен де құдіретті.
Сенде жұбаныш пен тыныштық табатынымды
білемін. Үмітімді тек Саган артамын.*

Күттімін

**ӨЙТКЕҢІ ҚҰДІРЕТТІ КҮШТІ ҚҰДАЙ ЖАНЫМДА.
ОЛ СҮЙІСПЕНШІЛІГІМЕН ЖАНЫМДЫ
ЖҰБАТЫП, ТЫНЫШТАНДЫРАДЫ.**

ҚАУІПСІЗДІК

*Ең бастысы, таза сақта жүрегінди,
Әйткені ол — өміріңнің қайнар көзі.*

НАҚЫЛ СӨЗДЕР 4:23

Үйініздегі ең құнды нәрсе қайсысы? Ол жоғалса не үрланса, не болады? Сақтандыру немесе жиналған қаржының арқасында орнына басқасын алудың мүмкін. Ол біраz әуре қылса да, апат емес. Эмоционалдық түрғыдан үйініздегі ең қымбат нәрсе не? Бәлкім, мен сияқты, фотоальбом немесе өткеннің оқиғасын айтатын бір затты құнды деп білесіз. Ол үйінізден алынса, орнына басқасын алу мүмкін емес. Ол шығындарды көтеруге тура келеді. Иә, өкінішті болады, бірақ өмір онымен тоқтап қалмайды. Шындық мынада, үйінізге үрып түсіп, құнды нәрсенің бәрін алса, ең қымбат затты ала алмас еді, өйткені сіздің ең үлкен қазынаңыз – жүрегініз.

Жүректі тек бір жағдайда үрлап алуға болады, өзіңіз оны біреуге немесе бір нәрсеге өз еркінізben беріп қойсаныз. Онда шығын расында да өте үлкен болуы ықтимал. Дәл осы себептен «Жаратқан Иені шын жүректен сүй» делінген, өйткені тек Құдайда ғана жүрегіміз қауіпсіз сақталады. Жүрегіңіз, немесе Киеleі кітаптың бір аудармасында жазылғандай, «құштарлықтарыңыз өміріңіздегі барлық басқа нәрсеге әсер ете алады» (Нақыл сөздер 4:23, ағылшынша TLB аудармасы).

Жүрегіңді сақта дейтін аят жүректі өмірдің қайнар көзі деп атайды. Бұлақтың қайнар көзі – айналадағы өсімдіктер мен

жануарлардың өміріне нәр беретін таза, тұщы, қауіпсіз судың шығатын жері. Ол сөзсіз жанындағы барлық нәрсеге әсер етеді. Су бар жерде өркениеттер дамитын. Шөл далада су өмір мен өлімнің арасында шешуші рөл атқарады. Су уланса немесе жердегі терен қайнарынан ажырап қалса, бүкіл аймақ зардап шегеді. Өсімдіктер солып, өліп қалады. Ендеше бұлақ көзін қорғау, күту, ластанудан сақтау және оның қайнарымен байланысын үзбеу өте маңызды.

Жүргімізді өмір беретін судың көзі сияқты қорғаймыз. Қоқыспен ластанудан сақтаймыз. Ашы реніш пен өкпеден қорғаймыз. Мінәжат және мадақтау арқылы шынайы қайнар көзбен байланыста қалып, жүргіміздің шөл далаға айналуына жол бермейміз. Осы өткінші дүниенің алдамшы арманын құмай, жүргімізді зиянды құмарлықтардан сақтаймыз. Жүргіңізді мұқият сақтағаныңызда, «Құдай Иені шын жүректен, бүкіл жан дүниенізben, барлық ақыл-ойыңызben» сүйгеніңізде, қауіпсіздік пен өніп-өсу табасыз (Матај 22:37).

*Құдайым, жүргімді толықтай Саған беруді және
оны сақтауды маған үйретши. Жүргім Сенің
қолыңда болса, ол ең қауіпсіз жер екенін білемін.*

Күаттымын

ӨЙТКЕҢІ ЖҮРЕГІМНІҢ ҚАЙНАР
КӨЗІН САҚТАЙМЫН.

ТЫНЫШТАҚ

*«Тынышталыңдар барлығын өнді,
Біліңдер Менің Құдай екенімді!»*

ЗАБУР 46:10

Бүгін үйқыға жатарда бір эксперимент жасап көріңіз. Жатар алдында тыныштықта кідіріп, жүргегіңізді Құдайдың айтатын сөзіне ашаңыз. Құдайды құрметтеуге деген шақыруға жауап беріңіз. Тынышталып, біліңіз. Нені білүіміз керек? Жаратқанды Тәңір Ие ретінде біліңіз. Қуаныш, ауру, қақтығыс, дағдарыс – қай жағдайда болмасын, Құдайға Өз құдіретін көрсетуге мүмкіндік беріңіз. Сіз үйқыға кетпес бұрын, Тәңір Ие құлағыныңға сүйіспеншілік сөздерін сыйырлағысы келеді.

Тым-тырыс кеште үнсіз қалып, тек қана тыңдаңыз. Біреумен сөзге келіп қалсаңыз, Құдайға сіздікі неге дұрыс екенін түсіндірмей-ақ қойыңыз. Тынышталып, сол үнсіздікте Құдайға Өзін көрсетуге рұқсат беріңіз. Ұрыс-тартысты тоқтатқанда Тәңір Иенің даналығы мен көзқарасын түсінетін боласыз.

Мінәжат ету және Киелі кітапта оқығанымызды ой елеғінен еткізу дегеніміз көп сейлеу емес, көп тыңдау. Мінәжат туралы ойлағанымызда, ол — біз айтатын сөз, жүргімізден қайнап шығатын сезім, Құдайдың алдына әкелген өтініш пен арыздарымыз, яғни біз өндіретін «өнім» деп түсінеміз. Оның бәрі тамаша, бірақ одан да көбі бар. Иә, жүргіміздің қалауын Құдайға ашық айтатын кез бар. Кейде Құдайдың әділет орнатқанын сұрап жалынамыз. Алайда, өз сөзімізден

тұратын бұлақ бізді жуып тазарта алмайды. Ол тек біздің көзқарасымызды жеткізеді. Ойымның ағыны тасқын сияқты, ол тым лай әрі тым мазасыз, ештеңені тазарта алмас. Ол тек бәрін арапастырып, қосымша қоқысты тұнба секілді шеңтіріп қояды. Өміріме керек білімді судан алуым керек. Тек ол су жанымды жаңартып, кінә мен үтятимды алып тастай алады.

Үзіліс жасаңыз. Кідіріп, тыңдаңыз. Құдайдың сізге айтатынын есту үшін үақыт бөлініз. Құннің соңында уайым мазалап, толқулар алаңдатса, оларға күш-қуатыңызды әлсіретіп, демалысыңызды бұзыуна жол берменіз. Қараңғыда жатып, стресс пен сәтсіздіктеріңізді қайта-қайта ойлай берменіз. Оның орнына, шынайы тыныштықты дарыта алатын Құдайға бет бұрып, бір сәт үнсіз қалыңыз. Тек Тәңір Ие қажытатын ойлардан бостандық беріп, үйқыға кеткеніңізде күшіңізді қалпына келтіре алады. Оянғанда, «Түгелдей құрып кетпегеніміз біздің Берік рақымынан Жаратқан Иенің, Өйткені рақымы Оның сарқылмас дәйім, Жаңара береді ол таң атқан сайын. Уа, Ием, сондай зор Сенің ададығың!» деп неге жазылғанын білетін боласыз (Жоқтау 3:22-23).

*Көктегі Әкем, үйқыға жатқанымда, жанымды
тыныштандырып, жүргегіме тіл қатши. Тек Сен
бітпейтін, бір-бірімен жарысып бара жатқан, маған
маза бермейтін ойларымды тыныштандыра аласың.
Құнімнің ең соңғы сәттерін Саған арнаймын. Таң атқан
сайын жаңаратаң рақымың үшін алғыс айтамын.*

ҚҰДАЙЫМНЫҢ АЛДЫНДА ТЫНЫШ,

ҮНСІЗ ҚАЛҒАНЫМДА

Кұаттымдан

Рухмажы
куш

ӘННІҢ ҚҰДІРЕТІ

«Жаратқанға айтындар жаңа әнді,
Әйткені Ол кереметтер істеді,
Киелі құдіретімен жеңіп шықты»

ЗАБУР 98:1

Сүйіспеншілік пен музыканың арасында тамаша байланыс бар. Олар бір-бірін кеңейтіп, ашады. Музыканың бізді басқа жерге апаратын күші бар. Әуенге салынған сөз жүргегіміздің басқа ешкім жете алмайтын түкпіріне барып, тие алады. Әннің құдіретімен бәріміз шаттықтың шарығына шығып, мұңның терең шұңқырына түсіп көрдік.

Құдайға деген сүйіспеншілігімізді оятуда музыканың рөлі зор, өйткені ол бізді қазіргі сәттен алып шығып, Құдайдың құзырына апара алады. Ең шынайы, ең терең эмоцияларымыз берілгенде жақын апаратын жеткізу қыын болғанда, сезімдеріміз тұншықтырып бара жатқанда, музыка біздің атымыздан сейлей алады.

Музыка – майланаған құрал екенін білесіз бе? Сондықтан оны мұқият таңдаңыз. Көне Өсиетте майлау патшаның, діни қызметкердің немесе пайғамбардың маңдайына жағылған майды білдірген. Ол адамға Құдайың Рухы қонған деген сөз. Жаңа Өсиетте майлау Киелі Рух Иса Мәсіхті ашып көрсету үшін адамның жанын мекендереп, оған күш-құат бергенін білдірген. Ендеше, рухани, майланаған музыкада бізді Құдайға жақындуату

үшін Рухтың құдіреті бар. Мадақтау кезінде толығымен Құдайдың құзырына берілген сәттерім болды. Көзіммен көрмесем де, Ол менің болмысымды тұтастай жаулап алған секілді еді. Сол кезде, қауіпсіздік пен Құдайдың сүйіспеншілігін сездім.

Музыка эмоциялық түрғыдан бізді басқа жерге апара алатындықтан, қайда баратынымызды жақсылап таңдау керек. Тазалықта жүргіңіз келсе, оған қайшы келетін әсерден аулақ болған дұрыс. Музыка бірінші қорғаныс сызығын басып өтіп, оны қаламасаңыз да, санаңыздан орын алады. Әннің сөздерін өзіңіз айтпасаңыз да, ол миыңызға жабысып қалғандай болады. Біреудің «Осы бір ән ойымнан шықпай қойды» дегенін бәріміз естіген шығармыз.

Сондықтан, нашар, лас әндердің орнына көктің әндерін айтыңыз. Жердегі барлық әндер жаман демеймін, бірақ барлығы Құдайға жақындалады десек қате болады. Көктің әндері Тәңір Иемізге жақынырақ келуге көмектеседі. Ол әндерді айтқанда, Құдайға деген сүйіспеншілік пен үмтүлсызымызды паш етеміз. Бұл мадақтаудың бір түрі. Мадақтау әрдайым мадақтаушының жүргегіне Құдай туралы тереңірек түсінік салады. Музыканы Құдайдың құзырынан рақат алуға пайдаланыңыз. Оның мақсаты – сізді Жаратқан Иеге жақындалату.

Тәңір Ием, музыканы жаратқаның үшін алғыс айтамын.

Ән айтқанымда жанымда болғаныңды сұраймын.

*Музыканың құдіретін жаныма күш-қуат беру үшін
қолдануды үйретші. Жүргімдегі әр ән Сені мадақтасын.*

ДАУСЫМДЫ ШЫҒАРЫП КӨКТІҢ

ӘНІН АЙТҚАНЫМДА

Күаттымын

СЕНІМДІ ДЕ ҚАБІЛЕТТІ

*Біз Мәсіх арқылы сендер жайында Құдайға нық
сенгендіктен осылай дейміз. Бұл қызметткө өзіміз
қабілеттіміз деп ойлайтындаі еш негізіміз жоқ,
Біздегі бар қабілеттілік өзімізден емес, Құдайдан.*

КОРЫНТЫҚТАРҒА 2-ХАТ 3:4-5

 мірімде өзімді толықтай сенімді және қабілетті сезінетін сала бар ма, білеймін. Өз бетіммен қабілетсіз еkenімді жақсы білемін. Бірақ жалғыз қалуға міндettі емеспіз, ол тамаша хабар. Бізді қабілетті ететін – Құдай. Киелі Рух жетелемесе, ешкім сенімге толы өмір сүре алмайды. Дәуіт патша «Уа, Құдайым, жүргегімді тазарта гөр, Рухымды берік қылыш, жаңартта гөр. Қасыңнан мені құып шыға көрме, Киелі Рухыңды менен ала көрме» деп мінәжат еткен еді (Забур 51:10-11).

Таза жүректің қайнар көзі кім еkenін және Киелі Рух бұған тікелей байланысты еkenін Дәуіт пашта білді. Жохан жазған Ізгі хабар 20-тарауда Иса Киелі Рухты шәкірттеріне берді. Кешіруге қабілетті болу үшін оларға Киелі Рух қажет еді. Қорынтықтарға 2-хат 3:6-да былай жазылған: «Ол бізді жазылған заңдарға емес, Киелі Рухына негізделген Жаңа Келісімге сай қызмет етуге қабілетті қылды. Жазылған заңдар рухани өлім әкеледі, ал Киелі Рух шынайы өмір сыйлайды».

Киелі кітапты оқығаныңызда, Киелі Рухты неге шақырмасқа? Ол Киелі жазбаны тірі қылады, сонда оқығаныңыз өмір мен өзгеріс әкеледі.

Киелі Рух – бізге уәде етілген Қамқоршы және Ұстаз. Ол Исаның айтқандарын есімізге салады. Яғни, Киелі кітапты зерттегендеге жаңымызда Ұстазымыз бар, Құдайдың жүргегіне жақындағымыз келсе Жетекшіміз бар. Рух көзімізді көруге, құлағымызды естуге, жүргегімізді сенуге ашады.

*Көктегі Әкем, Сенімен байланыста сенімді және
қабілетті екенім үшін алғыс айтамын. Киелі Рух,
мені жетелеп, таза жүрек және жаңартылған,
әділетті рух жаратып бер. Өмірім Көктегі Әкемді
мадақтайтында маған күш-қуат бер.*

Күаттойын

ӘЙТКЕҢІ МӘСІХ МЕНІ СЕНІМДІ
ӘРІ ҚАБІЛЕТТІ ҚЫЛАДЫ.

САУ ЖҮРЕК

*Көтеріңкі көңіл шипа болар, Жабырқаңқы
көңіл тәнді қуартар.*

НАҚЫЛ СӨЗДЕР 17:22

Dенсаулығымыздың қайнар көзі не екенін Киелі кітап анық көрсетеді. Сүйектің ортасында, кемік майында ылғал бар. Ол иммундық жүйеміздің және қан жасушаларымыздың күшайетін жері. Өміріміз қанда, ал қан сүйек кемігінде күшайде. Сүйек құрғап қалса, өмірдің қайнар көзі әлсірейді. Ол Нақыл сөздер 14:29-30-да қайта расталған: «Түсінігі мол — ұстамды жанның, Ақымақтығы аян — ашушаңың. Жүрек тыныштығы денеге өмір берер, ал қызғаныш сүйекті шірітер» (ағылшыншадан аударма).

Киелі кітап ұстамдылық пен ашушаңдақты, тыныштық пен қызғанышты салыстырып отыр. Ұстамдылық түсінік береді, ал ашушаңдық – ақымақтықтың белгісі. Тыныш жүрек денеге өмір береді, ал қызғаныш немесе жаман ниет азғырады, сүйекке дейін жетіп, шірітіп жібереді. Кейбір қатерлі ісіктер сүйек кемігі трансплантациясы арқылы емделетіні керемет. Ағзамыздағы сүйек кемігінің сау болуы өте маңызды. Сүйек дегеніміз – бүкіл денені ұстап тұрған құрылымдық тірек. Ол жақтау тәрізді, онсыз тік тұру мүмкін емес.

Рухани жүрек пен денсаулықтың арасындағы тығыз байланыс баяғыдан бар. Оны Киелі кітап та растайды. Ауруға шалдыққандардың терең рухани шешілмеген мәселесі бар демеймін. Біздің дүние – күнә енген, ауру мен дерптің қарғысына ұшыраған дүние. Ашы реніш, өкпе, шешілмеген

ашу және тағы басқа жүрек мәселелері иммундық жүйеңізге тікелей әсер етеді. «Make Your Anger Your Ally» атты кітабында Нил Кларк Уоррен ашу көптеген аурулармен қатар жүретінін айтты. Ашудан кейінгісі көңілдің түңілуі екен. Шешілмеген ашу бас ауруы, асқазан проблемалары, сұық тиу, колит және гипертония сияқты сырқаттарға себеп болуы мүмкін.

Басқа зерттеулерге сәйкес, ол тізімді толықтырып, артрит түрлері, әртүрлі тыныс алу органдарының аурулары, тері аурулары, мойын және арқа проблемалары, тіпті қатерлі ісік ауруларын да қосуға болады. Қазір біліп жатқанымызды Киелі кітап ғасырлар бұрын айтқан. Нақыл сөздер 3:5-8-де тиісті өмір салты жайлы өте құнды сөз жазылған:

Өз ақыл-санана сүйеніп жүрме, сенім арт шын жүректен
Жаратқан Иеңе. Бар жағдайда да мойында Тәңір Иеңді,
Сонда Ол тұра жолмен жетелер сені. Паңданып өзінді
«данышпанмың» деп ойлама, иеңді шын қастерле, зұлым-
дыққа жолама, тұла бойың сергіп, сауығатын болар сонда.

Мұнда уәде берілгенін байқадыңыз ба? Жаратқан Иенің денсаулық жоспарына сәйкес өмір сүрсек, тұла бойымыз сергіп, сауығамыз.

*Тәңір Ием, жүргегім мен денсаулығымды белгілі бір мақсатпен бір-біріне байланыстырып қойдың.
Қажетсіз физикалық зардаптардан зиян шекпеуім үшін рухани сау өмір сүрге көмектесе гөр. Денем мен жанымды Сенің даналығыңмен нәрлендіргім келеді.*

ЖҮРЕГІМДІ САУ ӘРІ ҚУАНЫШТЫ САҚТАҒАНЫМДА

Күаттымын

ӘЙЕЛ БОЛМЫСЫН ҚАБЫЛДАУ

Қайта, бір-бірімізге шындықты сүйіспеншілікпен айтамыз және қауымның Басы — Иса Масіхпен тығыз байланысымызды жан-жақты өсіп жетілеміз.

ЕФЕСТИКТЕРГЕ 4:15

 Йелдің табиғаты мен денесі қамқорлық пен нәзіктікке бейім болып жаратылған. Өткір ұштардың орнына жұмсақ ірімдеріміз бар. Әйелдің нәзіктік пен жанашурылышқа қабілеті ер адамдықінен жоғары. Сүйіспеншілікті де, қайғыны да тереңірек сезетін жаратылыссыз. Бейтаныс кісінің қыындықтары мен ауыртпалықтарын естіп, жылап жібере аламыз, себебі әмпатиялық қабілетіміз ерлердікінен жоғары. Эмоцияларымызды дұрыс түрде білдіре алмасақ, іштей не сырттай жарылу қаупіне ұшыраймыз.

Жарылғанымызда не болады? Киелі кітаптың мен аса ұнатпайтын екі аяты оны үйленген өмірге қатысты түсіндіреді: «Ұрысқақ әйелмен бір үйде тұрғанша, Үй төбесіндегі күркеде тұрған артық оңаша» (Нақыл сөздер 25:24). Одан да жағымсыз естілетін нұсқасы бар: «Ұрысқақ, ызақор әйелмен тұрғанша, Оңаша тұрған артық айдалада» (Нақыл сөздер 21:19).

Әттеген-ай. Үй төбесіндегі күркеде тұру дегеніміз табиғаттың мейірімсіз күшінің астында қалу. Төбеде жаңбыр, қар, жел, ыстық құннен қорғаныс жоқ. Сүлеймен патша ұрысқақ әйелден

гөрі осындай жерде тұрған артық дейді. Жұбайым Джонға «Тебе дегеніміз сол замандағы ауланың бейнесі» дейтінмін, бірақ ол көзқарасты дәлелдеп шығу қыынға соқты. Үзақор, ұрысқақ, ренжігіш әйелмен бірге тұрғанша, жылан мен шаяны быжынаған шөл далада тұрған артық. Шайқаса беруден адам шаршайды. Қажитын тек басқалар емес, өзіміз де.

Әйелдер дендері сау, жүректерінде от жанатындей, сүйетін, жанашыр болуға жаралған. Бастапқы мақсатқа қарсы әрекет еткенімізде, физикалық денемізben соғыса бастаймыз. Денеміздің өмір беруші, қүшайтуші, қолдаушы рөлін бұзамыз. Ол рөлді әйел тұрмысқа шыққан кезінде де, бойдақ кезінде де орындей алады. Ойымыз беруші, қүшайтуші, қолдаушы рөлін бұзамыз. Ол бізді қақтығыстардан сақтамайды, ол тек өзімізге де, жанымыздағыларға да зиян келтіре алатын жаман мінез дамытады. Сүйіспеншілікпен шындықты айтайық, басқалар естітіндей айтайық. Сау, жалынды, сүйіспеншілікке толы болмысымызға сәйкес өмір сүрейік. Ол болмысты берген – Құдай.

*Тәңір Ием, маған әйелдік табиғатыма қатысты дұрыс
түсінік берші. Саған қызмет етіп, Сенің маған берген
дауысты қолданып, шындықты сүйіспеншілікпен айтуды,
нәзік, сонымен қатар күшті болуды үйрете гөр.*

ШЫНДЫҚТЫ СҮЙІСПЕНШІЛІКПЕН
АЙТҚАНЫМДА, БОЛМЫСЫМДЫ ЖАСЫРМАЙ,
ҚУАНЫШПЕН ҚАБЫЛДАҒАНЫМДА

Күаттымын

САБЫРЛЫ ДА ҚУАТТЫ

*Жәбір сөз ашу туғызыар,
Биязы жауап ашуды басар.*

НАҚЫЛ СӨЗДЕР 15:1

Біреумен сөйлесіп отырып, әңгімеміздің күрт жаманнан жақсыға немесе жақсыдан жаманға ауысып кеткені жиі есіме келеді. Кейде Киелі Рухтың «Тыныштық сақта, дауыс көтерме, мейірімділікпен жауап бер. Өзінің не дегің келетінін айтпа, Менің сабырлы, бәсек даусымды естіп, сөзімді жеткіз» деп ескерткенін сезетінмін. Кейде көніп, Құдайдың айтқанын істеймін. Басқа кездері Құдайдың тілін алmas бұрын тағы бір сөз айтып қаламын да, ақымақтығымның зиянын өзім көремін.

Басқалар сізді естуі үшін не керек екенін түсіндім. Ол өте қарапайым: басқалар тыңдасын десеніз, өзіңізben қалай сейлесу керек болса, басқамен солай сөйлесіңіз. Балаларым, күйеүім, жұмыскерлерім, итім, барлығы өзім қалай естігім келсе, солай айтқанымда, мені тыңдайды. Маған біреу тіл қатқанда, оның жұмсақ, сыйлы үнмен сөйлегенін қалаймын. Маған ешкім айқайламағанда, оның не айтқысы келетінін жақсырақ түсінемін. Адамның назарын аударатын – дауыстың қатты шығуы немесе сөздерді қайталау емес, құрмет немесе басқалардың берілуі емес. Адамның назарын аударатын – сөзіміздің маңызы және оны қалай айтатынымыз. Өзіне өзі ие бола алмаған адамның сөзін ешкім тыңдамайды. Бір сәтке айтқанын істетсе де, кейіннен оның құнын төлейтін болады. Дауыс көтерудің, айқалап ұрысуудың, бірнеше себебі бар. Олардың кейбірі:

1. Бізді ешкім естімейді деп қорқамыз
2. Өткенде айқайдың арқасында сөзімізді өткіздік.
3. Басқаларды қорқытқымыз немесе басқарғымыз келеді.
4. Бала кезімізде үйде әрдайым біреу айқайлап ұрысатын.
5. Шешілменген бір мәселенің кесірінен әлі ашулымыз.
6. Ол жаман әдетке айналған.

Бұл себептердің көбісі қорқыныштан бастау алады. Құдай бізге қорқыныш емес, құш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты дарытатын Киелі Рухын сыйлады (Тімотеге 2-хат 1:7). Ешкімге әсер ете алмайтында сезінsec, айқайлап, ұрыс шығарамыз. Басқаларға зиян келтірсе де тек өз қамымызды ойлағанда, басқаларды қорқытып, басқарғымыз келеді. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды. Шынайы сүйіспеншілікке жан-дүниемізді өзгертуге мүмкіндік бермесек, ескі әдеттерімізге сырғып түсіп кете береміз. Кешегі күннің мәселелерін бүгінге әкелсек, шамадан тыс реакция қайтаратын боламыз.

Санамыз жаңарғанда, ескі әдеттер бұзылып, қорқыныштың билігі жойылады. Қоғылыштың бір маңызды нәрсені түсіндім: кейбір заттардың сырт көрінісіне қарамастан, мен оларды басқара алмаймын. Өзімді басқара аламын, ал басқаның бәрі Құдайға бағынышты.

Осы шындықты қабылдасақ, басқалар бізді ести алатындағы байланыс құра аламыз.

*Тәңір Ием, билігімді сақтап қалу үшін қиналып,
күрескенімде, ең болмаса тілім мен даусымды басқара
алатынымды есіме сала гөр. Рақымыңмен мені Өзіңнің
еркің мен бәсек үніце сезімтал ет. Мені жетелей гөр.*

САБРЫЛЫ ӘРІ КУШТІ СӨЙЛЕГЕНДЕ

Күаттымын

ҚҰМАРЛЫҚ

«Күнә сені иемденуге құштар, бірақ
сен оған жол бермеуің керек»

ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ БАСТ. 4:7

 те жиे құмарлықты жыныстық құмарлықпен байланыстырамыз. Алайда, құмарлық одан әлдеқайда кең мағынаны қамтиды. Оған анықтама беру оңай емес, себебі сүйіспеншілікте де, жеккөрушілікте де құмарлықтың белгілері бар. Құмарлық эмоция, құлшыныс, ынта, қозу, қалау, ұнатумен тығыз байланысты. Бұларды өмірінде көргісі келмейтін адам бар ма? Басқа жағынан, ол бәрінен асып түсетін құштарлық, ынтызарлықпен де жанасады. Келесі деңгейде ашу, ыза, қаһар, өкпе, наразылық сезімдерімен туыстас.

Сүйіспеншілік пен жеккөрушіліктің екі ұшының арасында өзіміз жанып кетпей, құмарлықпен қалай өмір сүреміз?

Жаупты Киелі кітаптан табамыз. Жаратылыштық басталуы 4-тaraу құмарлықтың бұрыс жақса кеткен оқиғасын сипаттайды. Құдай Әбілдің шын жүректен жасаған құрбандығын қабыл алды, бірақ Қабылдың қара ниеттеніп шалған құрбандығын қабыл алмады. Қабылды ыза көрнеді. Қабылдың бауыры Әбілге қарсы ашуға бұлыққанын көрген Құдай «Сен неге ашууланасың? Неліктен қабағыңды түйіп безересің? Егер істегенің дұрыс болса, онда сені қабылдар едім. Ал істегенің дұрыс болмаса, онда босағаңды құнәнің жағалағаны: құнә сені иемденуге құштар, бірақ сен оған жол бермеуің керек,

— деп сөзін арнады» (Жаратылдың баст. 4:6-7).

Өкінішке орай, Қабылдың істегені дұрыс болмады. Күнәні женіп, ашуын тежеудің орнына ол бауырын мерт қылды.

Құдайдың Қабылға жасаған ескертуі бізге де қатысты. Иә, біз адам өлтірмекші емеспіз, бірақ «істегеніміз дұрыс болмаса», біздің де босағамызды күнәнің жағалағаны. Эмоцияларымыздың жетегінде кетпей, оны қиратушы емес, жасампаз бағытқа бұруымыз керек.

Шыны керек, қай үшта болмасын, құмарлық маңызды белгі бола алады. Адам физикалық және эмоциялық түрғыдан өзіне өте қымбат нәрсені қорғау үшін дайын болғанда құмарлықты көреміз. Құмарлықты өзімізге маңызды заттармен байланыстырамыз. Кәдімгі, күнделікті заттар үшін атып түрмаймыз. Ол зат өзінен маңызды, құнды нәрсеге байланысты болса ғана, әрекет етеміз. Сондықтан, құмарлығымыз қозғанда, ол үшін күресуге дайын екеніміз анық. Ол энергияны қолданып Қабыл сияқты жағдайдың астан-кестенін шығарудың орнына өмірге қарай бағыттай аламыз. Қатты эмоциялық халдің өзінде таңдау біздікі. Құмарлықтарымызды басқарып, өмірге апаратын таңдау жасауға қабілеттіміз.

*Көктегі Әке, құмарлықтарымды анық көріп, оларды
Саған бағыштауға көмектесе гөр. Сен үшін не маңызды
болса, тура сол мен үшін де маңызды болсын.*

Kұаттымай

ӨЙТКЕҢІ ҚҰМАРЛЫҚТАРЫМНЫҢ
ЖЕТЕГІНДЕ КЕТУДІҢ ОРНЫНА ӨЗ ЖАНЫМА
ӨЗІМ БИЛІК ЖҮРГІЗЕ АЛАМЫН

ӘННЕҢ АСАТЫН МАДАҚТАУ

«Киелі Рухқа кенеле беріңдер! Бір-біріңді Забур жырлары, мадақтау өлеңдері және Киелі Рух дарытқан әндер арқылы жігерлендіріп, Иемізді ән-күймен шын жүректен дәріптеңдер».

ЕФЕСТИКТЕРГЕ 5:18-19

*М*адақтау мен дәріптеу рухани тәртіптен асып түседі. Ол дегеніміз – құштарлық, рақат, Құдайды тереңірек сүюге апаратын кілт. Құдайға деген сүйіспеншілік туралы әндерді тыңдал, өзіміз айтқанда, Құдайға жақындей түсеміз.

Бүгінгі аят мадақтау мен дәріптеуде Киелі Рухқа кенелудің маңызын еске салады. Жүргімізден шыққан әнді айтқанда Рухқа кенелеміз, бірақ аятың тағы бір маңызды тұсы бар – басқалармен Құдай туралы сөйлесу. Мадақтау әннен асып түседі. Ол құнделікті әңгімелерімізге де енеді, өйткені жүргімізде не бар болса, сол туралы айту занды нәрсе. Біреуді жақсы көргеніңізде, ол жайлы басқаларға да айтасыз. Сую және басқаның сүйіспеншілігін сезу – тамаша, әрине ол әсемділікті басқалармен бөліскіміз келеді.

Ортақ ойлары, ортақ қызығушылықтары, ортақ құмарлықтары бар достар бір алауды айнала отырып, оның жылуы мен әдемілігін бөлісетін тәрізді. Осы байланыс бір бірімізді жігерлендіріп, шындықта нық түруға көмектеседі.

Осы себептен, көпшілікпен бірге мадақтау өте қуатты нәрсе. Достардың арасында тұрып, Құдайға деген сүйіспеншілігізді білдіресіз.

Шынайы достар бір-бірін көтермелеп, Тәңір Иеге ұнамды жолмен жүрге итермелейді. Достарының Иса Мәсіхтің соңынан жүргенде, бәріңіз бір бағытта жүріп келесіз. Айналаңызда сізben рухы мен мақсаты ортақ адамдар болсын. Әрдайым барлық мәселелерде келісе бермейсіз, ол әдetteгі жағдай. Түзету мен ілімге ашық болыңыз. Бір-біріңізben байланысыңызды сақтап қалыңыз.

Киелі Рухқа кенелген, жүргегі мадақтауға толы кісі боласыз деп үміттенемін. Әңгіменіңде, әніңізде, басқа сенушілермен орнатқан байланысыңызда ол көрінетін болады.

*Тәңір Ием, мадақтау сөздері мен әндері өмірімде
еркін ақсын. Жүргімді сүйіспеншілігіңмен толтыра
гөр. Үнсіз қалғым келмейді, Сенің керемет
сүйіспеншілігіңді жасырғым келмейді.*

МАДАҚТАУ ӨМІРІМНІҢ АЙЫРЫЛМАС
БІР БӨЛІГІ БОЛҒАНДЫҚТАН.

Құаттыман

РУХАНИ БИЛІК

Өйткені Құдай бізге ұялақтық емес, күш,
сүйіспеншілік және ұстамдылықты
дарытатын Киелі Рухын сыйлады.

ТИМОТЕГЕ 2-ХАТ 1:7

(АҒЫЛШЫНШАДАН АУДАРМА)

Kиелі рухтың бізге беретін сыйлары – күш, сүйіспеншілік және ұстамдылық. Осы үшеуі қосылғанда, мықты әйелдің пайда болмауы мүмкін емес. Рухтың осы дарындары болмаса Құдайдың әрбірімізге берген бирегей сыйы дамып, жеміс бере алмайды. Бұл аяттың басқа нұсқасы «Өйткені Құдай бізге қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және сау сана-сезім дарытатын Киелі Рухын сыйлады» (Тімотеге 2-хат 1:7, ағылшынша NKJV нұсқасынан аударма).

Күшімізді, сүйіспеншілігімізді, сау сана-сезімізді басып тастайтын ең үлкен қауіп – қорқыныш. Оның бір себебі, қорқыныш осы үш қасиетке шүбә келтіретін ой салады. Біріншіден, күш аспектін қарастырайық. Басқа сөзben айтқанда, рухани билік. Өз бетімізше біздің билігіміз өте аз немесе тіпті жоқ. Адам ата мен Хаяу ана жер бетіне ұstemдік етуге берілген билікті шайтанға тапсырды. Бағыну арқылы Иса Адам атанаң бағынбаушылығы арқылы жоғалған нәрсені қалпына келтірді. «Иса қастарына таяу келіп, былай деді: “Маған көк пен жердің бүкіл билігі берілген!”» (Матай 28:18).

Билігіміз бен күшіміз Мәсіхте жүзеге асады. Өміріміз Мәсіхпен бірге жасырылған болса, неден қорқамыз?

Жас қызметкер әрі Исаның шәкірті Тімотеге жазған екінші хатында Пауыл елші сенім дарынын жетілдіру жайлы жазған. Оны білеміз, себебі алдыңғы аятта Пауыл елші «Сол себепті саған ескертемін: мен үстіңе қолымды қойып сиынғанымда Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды көбірек ынтамен қолдан!» деп еске салады (Тімотеге 2-хат 1:6).

Үстімізге біреу қолын қойса да, қоймаса да, әрбірімізге сенімнің белгілі бір мөлшері берілген. Оны суарып, көбейту біздің міндетіміз. Сенім тақырыбы Жаңа Өсінетте 300-ге жуық рет атап өтілген. Барынша мұқият оқуға тұрарлық аяты Еврейлерге арналған хаттан табамыз: «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Құдайға келген әркім Оның бар екеніне сенуге және Өзін іздең, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс» (Еврейлерге хат 11:6).

Көбіміз Құдайдың бар екеніне сенеміз. Сүрінетін жеріміз – Құдайдың Өзін шын жүректен іздейтіндерді марапаттауына сену. Ең мықты сенушілердің өзіне қорқыныш жала жауып шаубыл жасайды. «Жеткілікті әрекет қылыш жүрген жоқсың. Күшің жетпейді. Сүйіспеншілігің жетпейді. Өзің жеткілікті емессің». Исаның арқасында жеткіліктіден асып түсеміз.

*Көктегі Әке, Киелі Рухыңды маған бергенің үшін
алғысым шексіз. Мәсіхпен тығыз байланыста
сүйіспеншілікке, билікке, тыныштыққа, сананың
саулығына ие болып өмір сүре аламын.*

Kұаттымай

ӘЙТКЕНІ МӘСІХПЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА МЕНДЕ
КҮШ, СҮЙІСПЕНШІЛІК, САУ САНА-СЕЗІМ БАР.

КИЕЛІ РУХ АРҚЫЛЫ МІНӘЖАТ

*Киелі Рух арқылы әрдайым Құдайға сиынып, барлық
өтініштеріңді айтып, рухани сергек те шыдамды болыңдар:
Құдайдың бүкіл халқы үшін міна жат ете беріңдер!*

ЕФЕСТИКТЕРГЕ 6:18

*М*інәжат пен бағыну рухани соғыста ең қуатты құралдар. Қазіргі заманда әр сәт дайын болуымыз керек. Пауыл елші кейде емес, әрдайым Құдайға сиыныңдар дегенін байқадыңыз ба? Рухқа бағынып қалай сиынамыз? Оның бір жолы Құдайдың Сөзін қолданып мінәжат ету. Киелі жазбаны оқығаныңызда қанша мұқтаждық бар болса, сонша мінәжат бар екенін көресіз. «Көктегі Әкеміз» дүғасы жақсы күнделікті дүға болғанымен, күннің барысында әртүрлі мәселелер мінәжат қажет ететінін көреміз. Тапшылық көрген адамдар, дағдарысқа түскен елдер, даналық пен түсінікке зәру болған басшылар бар. Достарымыз, отбасыларымыз, жауларымыз үшін мінәжат етуіміз керек.

Рухта мінәжат етудің тағы бір әдісі – сиынғанда Киелі Рухтың жетегіне еру. Әлдененің тәртіптен шыққанын немесе әлдекімнің мұқтаждық көргенін сезуіңіз мүмкін. Олар үшін мінәжат етіңіз. Көп рет мен біреу үшін мінәжат етіп, сосын онымен хабарласқанда, адамның басынан қызындық өткенін естімін.

Мінәжат ресми немесе жақын болуы мүмкін. Аяқта тұрып, отырып, жатып, тізе бүгіп мінәжат етуге болады. Мінәжаттыныс алу сияқты табиғи болуы керек. Киелі кітапта бізге былай делінген: «Әрдайым қуанып, Құдайға үздіксіз сиыныңдар, Оған барлық жағдайларда да алғыс айтыңдар! Иса Мәсіхтің жолымен жүруші сендерден Құдай осыны күтеді» (Салониқал. 1-хат 5:16-18).

Гипполық Августин «Барлық нәрсе Құдайға тәуелді болғандай мінәжат етіңіз де, барлық нәрсе сізге тәуелді болғандай жұмыс істеңіз» деген екен.

Біздің күшіміз мінәжатымыздың күшімен шектеледі. Қуатты әйелдер мінәжаттарының мықты болуына мұқият қарайды. Мен мадақтау әндерін тыңдал мінәжат етуді ұнатамын. Мінәжат күнделігім де бар. Етken дүғаларымды жазып қоямын. Жылдар өткен соң, кері қайтып, Құдайдың адалдығының дәлелін көремін.

Көктегі Әкеміз біздің қандай соғысқа тап болатынымымызды білді, әрі бізге керек болатынның бәрін қамтамасыз етті. Оның арқасында біз тірі қалып қана қоймай, жеңетін боламыз. Жау бізben күрессе де, жеңе алмайды.

*Көктегі Әке, мен үшін мінәжат ету сөйлеу сияқты
табиғи болғанша маған мінәжат етуді үрреме
гөр. Киелі Рухыңың жетелеуі үшін мың алғыс.*

МІНӘЖАТТАРЫМ ҚУАТТЫ БОЛҒАНДА, МЕН ДЕ.

Құаттымн

Пазалықтасы
куш

КІРШІКСІЗ ТАЗА

Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мұлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызыға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік құллі өткен дәүірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Онікі! Аумин.

ЯҢУДАНЫҢ ХАТЫ 1:24-25

 Зімізді мұлтіксіз таза күйде сақтай алмасақ та, Құдай сақтай алады. Бір қарағанда, тазалық киеллікпен бірдей көрінуі мүмкін, бірақ олай емес. Киеллік бөліп шығарылған, Құдайға бағышталған дегенді білдіреді. Тазалық болса, өзімізді Құдайға бағыштағандағы жүріс-тұрысымыз бен мінезімізді сипаттайды. Тазалық – киелліктің қосалқы өнімі. Құдайдың тірі Сөзіне негізделген іргетас қалағанымзда өзімізді таза ұстауды үйренеміз.

Құдай өміріміздің қайнар көзі болғысы келеді. Шынымен батыл болсаңыз, Киелі Рухты жүргегізді сынауға шақырыңыз. Құдайдың өткір Сөзі мұдделерінің бен шынайы мақсаттарыңызға жарық түсірсін. Еврейлерге 4:12-13-те былай делінген:

Себебі Құдайдың сөзі тірі, әсері де күшті. Ол екі жүзді семсердің қайсысынан да өткір! Құдайдың сөзі бойымыздың терең еніп, жан мен рухты айырып, буын мен жұлынға жеткен іспетті, жүргегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізді де әшкерелеп, бағалайды. Құдайдан жасырын жатқан ешбір жан иесі жоқ, Оның көз алдында барлығы ашық та айқын көрініп тұр. Біз Құдайдың алдында есеп беруге тиіспіз.

Маған сеніңіз, бұл жүргегі әлсіз кіслерге жазылған сөз емес. Құдайды Сөзі – жай ғана қағазға жазылған сөз емес... ол тірі. Ақиқатты білгеннен келетін күшке ие болғыңыз келсе, Құдайдың Сөзіне сеніп көріңіз, Құдайға жақындаپ көріңіз. Жаратқанның тірі Сөзі жүргегізді толқытып, жаңыңызға сыйырлағысы келеді. Ол жан мен рухты айыра алатындаі өткір. Ол жасырын ойлар мен көзқарастарды ашып көрсете алады.

Есіңізде болсын, Құдайдан тығыла алатын ештеңе жоқ. Біз көрмесек те, Ол бәрін көріп түр. Жүргегіміз бізді алдай алады, бірақ шындықты сұрасақ, Құдай даналығын Сөзі арқылы бізben бөліседі. Адамның кеңесі керек емес... Құдайдың даналығы мен білімін қажет етеміз. Адамның кеңесіне әрдайым мәдениет пен осы дәүірдің стандарттары әсер етеді. Шамамен әр он жыл сайын қоғамдағы моральдық қағидалар өзгеріп отырады. Ол ақымақтықты айнадай көрсетуде. Алайда Құдайдың Сөзі мәңгі және Оның алдында біз жауап беретін боламыз.

Киелі кітапта әр түрлі ақиқаттар мен уәделерді көретін боласыз. Бір қарағанда олар мүмкін еместей, шындыққа жанаспайтындаі көрінуі ықтимал... алданбаңыз. Киелі жазбаны жан-дүниемізге сіңіре берсек, тазалық пен киеліліктің мүмкін екеніне көзіміз жетеді. Өйткені Құдайдың киелі болуға шақыруы ереже туралы емес, Құдайдың меншігі болу туралы.

*Көктегі Әке, Сенің Сөзінді өмірімде тірі және
белсенді болуға шақырамын. Мені киелі ететін
Сенсің, сондықтан тазалық мүмкін емес дейтін
өтіріктен мені бөліп шығара гөр. Басқалар мені Сенің
меншігің екенімді білетіндей өмір сүргім келеді.*

Құаттымын

ӨЙТКЕНІ ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІ ӨМІРІМДЕ
ТІРІ ӘРІ БЕЛСЕНДІ

БАҒЫШТАЛҒАН

Сендерді Құдай берген қамқорлықпен қызғыштай қорғап келемін. Өздеріңді бір-ақ «Күйеу» — Мәсіхке «айттырып қойдым», әрі пәк таза «қызы күйлерінде» ұзатқым келеді. Әзәзіл жыланның құлықпен Хая аナンы алдап, азғырғанындаидай, кейбіреулер сендердің де ой-саналарыңды Мәсіхке деген адалдық пен пәк берілгендейтеріңнен ауытқытып жүргмесін деп уайымдаймын.

ҚОРЫНТЫҚТ. 2-ХАТ 11:2-3

Xасы кіші не үлкен, түрмисқа шыққан не бойдақ – әр әйелдің өмірінде тазалықтың күші билік еткенін көруге ынтықпын. Қауымдарда тазалық туралы айтқанда жиі жыныстық қарым-қатынас пен таңдауларды айтамыз, алайда бүгінгі аятта көргеніңіздей, тазалық дегеніміз – Мәсіхке іштей пәк берілгеніміз. Тазалық санада басталады. Өтірікшінің соңынан ермей, тұра жолдан таймау тазалық үшін күреске кіреді. Бұл дегеніміз, Киелі жазбадан ақиқатты іздеу және Киелі Рух шындықты жалғаннан ажыратуы үшін Оның күшін жүрегімізге шақыру.

Пауыл елші бүгінгі аятта атап өткендей, адалдық пен берілгендейтін ауытқып кетуге болады. Кімді тыңдаймыз: Құтқарушымыздың сөзін бе әлде өмірімізді қолға түсіргісі келетін арбаушының сөзін бе? Құдайдың Сөзі – ең жоғарғы билік пен күшке ие. Құдайдан сұрасаңыз, ол Рұхтың семсерін алып, өміріңіздегі жалғанның бәрін кесіп тастайды.

Қай күресте де, оны алдымен іштей жеңбесек, қысымға шыдай алмай ақырында езіліп қаламыз. Ойдың тазалығынан бастайық. Тәкаппарлық атаулыны құртып, құллі ой-пікірді Мәсіхке бағындырғанымызда (Қорынтықт. 2-хат 10:5), өмірдің барлық саласында тазалықтың аққанын байқаймыз.

Қымбатты қөктегі Әке, тазалық пен киеліліктің бастауы Сенсің. Мен Сенің меншігіңмін және Сөзіңді сіңіруге өзімді арнаймын. Сөзің арқылы өмірімдегі билікке, тұңғыштыққа, құрметке тиісті қадір көрсетуге үмттыламын. Сөзіңді семсер қылып зиянды, Өзіңе ұнамсыз шатасуды бөліп кесіп тасай гөр. Мені іштей тазартуыңды сұраймын.

Күаттожын

ӘЙТКЕҢІ МӘСІХТИҢ КІРШІКСІЗ
ТАЗА СӨЗІНЕҢ КҮШ АЛЫП, ТАЗАЛЫҚТЫ
ҚАЗЫНАДАЙ ІЗДЕЙМІН

СЫРТ КӨРІНІС

«Құдай пенденің көзімен қарамайды ғой. Пенде назарын адамның бет-жүзіне аударады, Ал Жаратқан Ие оның жүргегіне көз салады».

ПАТШАЛЫҚТАР 1-Ж. 16:7

Бүгінгі аятқа қарап, «Сырт көрініс маңызды емес, себебі Құдай жүрекке қарайды» деуге болады. Жүрегімізге қарағанына шүкір. Бірақ біз әлі жерде өмір сүреміз, мұнда барлығы сырт пішінге қарап, оған қарай белгілі түрде әрекет етеді.

Сыртқы кейпімізді безендіруде абай болуға ескерту берілген. Атаққұмарлық – өткінші үміт, сондықтан келбетімізге сену ақымақтық. Келбетімізге сенім артпасақ та, оны елемеу де қате.

Шындық мынада, бізге ұнаса да, ұнамаса да, әрдайым хабар беріп отырамыз. Хабарларымыз үш каналдың бірінен басқаларға тарайды: сөзіміз (не және қалай айтамыз), әрекетіміз (не істейміз, жүріс-тұрысымыз) және бет-әлпетіміз (көрінісіміз және өзімізді қалай ұстайтынымыз). Адамдар не естітіндерінен гөрі, не көретіндеріне көбірек мән береді.

Осыны түсінгенде, оны өз пайдамызыға асыра аламыз. Ниетімізді ұтымды, тиімді түрде жеткізе аламыз. «Бірінші әсер қалдыруға екінші мүмкіндік берілмейді» деген сөзді естіген шығарсыз. Бұл ескі сөз болса да, әбден шынайы. Қалағанымызды басқаларға білдірудің қазір көптеген жолы

бар, бірақ біз нақты не дегіміз келеді?

Қандай киім кигеніңіз бен өзіңізді қалай ұстағаныңыз басқаларға дереу хабар жіберіп қана қоймай, ниет еткеніңізден көбірек де айта алады. Өзіңізге байланысты ой-пікіріңізді дұрыс жеткізбеуі мүмкін. Не нәрсеге сенетіңізді дұрыс көрсетпеуі мүмкін. Әсеріңіз неден келетінін дұрыс айтпауы мүмкін. Немесе, әрине, кімге тиесілі екеніңізді қате көрсетуі мүмкін.

Нақты сән кеңесін бергелі жатқан жоқпын. Дәл қазір қандай хабар беріп тұрсыз? Сырт кейіпіңіз сіз туралы не дейді? Ол шынымен сізге сай ма, әлде жай ғана басқа біреудің бейнесін киіп алдыңыз ба? Ол сұрақтарға тек сіз жауап бере аласыз.

Киіміңіз бен түріңіз шынымен сіздің кім екеніңізді нақты бейнелейді дейік. «Өз саламда маманмын, киімім кәсібіме сай» дей аласыз. Немесе оқушысыз я студентсіз, киіміңіз оны да бейнелейді. Теренірек қазып көрейік. Қалай киінгеніңіз басқаларға қалай әсер етеді? Адамдар сізді көреді ме, тек киген киіміңізді көреді ме? Басқалар сізге қарағанда, нені көреді?

Сырт кейіпімізге сенім артпауымыз керек, иә, бірақ сөзіміз бен әрекетіміз сияқты, осы хабар каналын да даналықпен және Құдайға ұнамды түрде қолдана аламыз.

*Тәңір Ием, барлық байланыс тұрлерінде дана болуға
көмектесе гөр. Оның ішінде өзімді қалай ұстайтыным
да бар. Сырт көрінісіммен не айтып тұрғанымды
көрсетші. Оның барлығы Сені мадақтасын.*

Күаттымын

ӘЙТКЕНІ ІШТЕЙ ДЕ, СЫРТАЙ ДА,
ҚҰДАЙҒА БЕРІЛГЕН АДАММЫН.

ТАМАША ЖАРАЛҒАН

«Мен сені шешеңнің құрсағында жаратпастан бұрын-ақ білген болатынмын».

ЕРЕМИЯ 1:5

Біздің жаратылсымызға Құдай тікелей қатысты. Біз ана құрсағында пайда болмас бұрын, Ол жан-дүниемізді тоқып шығарды. Біз ес білмес бұрын... Ол бізді білді. Біз құпияда өсіп-жетіліп жатқанша, Құдай өміріміздің күнін белгілеп, тағдырымыздың жолын төседі. Сіз ешқашан жайғана бір түйір жасуша болмадыңыз. Әрдайым Тәнірмен тығыз байланыста тірі едіңіз.

Әр туылған сәби – бізге сеніп тапсырылған үміт сыйы. Адамның тууы атты үлкен ғажайыпты өз көзіңізбен көрсөңіз, әр бала керемет әлеуетке оранып дүниеге келетінін білесіз.

Үшінші ұлыммен жүкті болғанымды білмес бұрын, ішімде өмірдің қозғалысын сезгенім есімде. Джон Нью-Йорктегі Рочестер қаласында қызмет етіп жатқан еді. Мадақтау кезінде өте әлсіз сезіндім. Есімнен танып қала жаздал, орындыққа отырдым. Сонда Киелі Рухтың сыйбыры естілді: «Ішінде өмір тасып жүрсің... Құрсағында ұл өсіп келе жатыр». Сол сэтте Құдайдың құзыры жанымды селдей басып кетті. Құрсақта өсіп келе жатқан сәбілерге Құдай осы дәрежеде жақын. Бұл оның бір мысалыған.

Оны ешқашан естімесеңіз ше? Жаратушының сізді әу бастан білгенін, сізді ғажайып түрде Өз қолымен тоқығанын

сізге ешкім айтпаса ше? Оның орнына сіздің дүниеге келуіңіз бір кездейсоқтық, бір қателік болғанын естіп өссеніз ше? Тұғанымыз – керемет екенін білмесек, ол кереметті басқалардың өмірінен де көре алмаймыз. Кішкентайымыздан бері біз – мазаны алатын кедергі деп білсек, әр баланы керегі жоқ қындықты туғызатын бөгет деп көру оңай. Әйелдердің тым көбі кәсібін, аналық міндеттерін, басқа да шаруалардың бәрін арқалап жүр. Капиталистік мәдениет ана болудың құндылығын жойғандықтан, осы жағдайды көріп отырымыз. Өмір дегеніміз уақыты шектеулі емтихан. Мансапты тастамай-ақ балаларыңыздың өміріне белсенді қатысуға болады. Балаларым туғанда өмірімдегі қуаныш пен мүмкіндіктер молая түсті. Ол кез-келген кәсіби жетістіктен мың есе артық. Ана болғыңыз келсе, одан үялмаңыз. Ана болу елестете алатыңыздан әлдеқайда көпті талап етеді, сонымен қатар армандағаныңыздан әлдқайда көп жеміс көресіз.

*Көктегі Әке, өмір беруші – Өзіңсің. Мені Өз қолыңмен
ғажайып түрде тоқығаныңды, көретін күндерімді
қуанышпен белгілегеніңді білемін. Аналарға үлкен мәртебе
дарыттың, себебі балалы болу – Сенің беретін сыйың.*

Күаттымын

ӨЙТКЕҢІ ҚҰДАЙ МЕНІ ӨЗІ ҮШІН ЖАРАТТЫ.

ЖАН БАЙЛАНЫСЫ

*«Мені дүнгие жүзіне (жалған) татулық әкелу
үшін келді деп ойламаңдар. Мен сондай
татулықты емес, жақсы мен жаманды бір-бірінен
ажырататын айыруды әкелу үшін келдім».*

МАТАЙ 10:34

*И*са бізді Өзінен алыстататын әр нәрседен арылтқысы келеді. Жалған тәнірлерге қарсы шығу да, Құдаймен қарым-қатынасқа кедергі болатын барлық заттан бас тарту да рухани соғысқа жатады.

Адамды тұтқынға алғысы келетін әр алаңға біз қарсы тұра аламыз. Иса шынжырды көргенде, оны сындырып тастайтын. Иса жындарды көргенде, оларды қыып шығатын. Иса жаралы, ауру адамдарды көргенде, оларды сауықтыратын. Иса құнәның құлдығына түскен адамдары көргенде, оларды кешіріп, бостандыққа жіберіп, бұдан былай күнә жасамауға күш беретін. Исаны қатты жақсы көремін. Оның істері шынайы, орынды, жүзеге асушы.

Бірде Құдай еркінің тысында жаным басқасымен байланысып қалғанын түсіндім. Ол байланыс сау болмаған соң, оны дереу ажырату керек. Жан байланысы дегеніміз не? Қарапайым сөзбен айтқанда, екі адамның жаны бір-біріне байланып қалады. Ол жақсы да, жаман да нәрсе болуы мүмкін. Ананың жаны сәбиге байланған. Бала өсіп-жетіліп, азамат болғанда, анасымен қарым-қатынасы өзгеруі керек. Сондағана ол жүрегін әйеліне бере алады. Қүйеудің жаны жарына

байланған болуы керек, сонда ғана екеудің біртұтас болады. Бұлар жүректерді сүйіспеншілікте қосатын жақсы, сау байланыстар. Дәүіт пен Жонатанның қарым-қатынасындағыдей осындай сау байланыстар достықта та пайда болуы мүмкін. Сіздікі әпкеңізben немесе жақын құрбыныңзben болуы мүмкін — араңызда сөзді қажет етпейтін түсініктік бар.

Алайда сау емес байланыстар пайда болғанда, бірлік пен бауырластықтың орнына басқару мен қорқыныш келеді. Бұл тыйым салынған жыныстық қатынас, сау емес тәуелділік немесе дисфункционалды я қорлаушы қарым-қатынастың нәтижесінде құрыла алады. Сау емес жан байланыстары біздің іштей сындырады. Жи ол байланыстарды өзіміз үзгіміз келеді, бірақ Тәңір Иеден семсерін алып, бізді байлагап тұрғанды кесуін сұрағанымыз одан артық.

Бізді өте жақыннан танитын адал әрі жанашыр Бас дінің қызыметкеріміз бар. Өзінен алыс ұстап түрған не болса да, оның семсерімен шауып тастауға дайын. Тек сау, иғі нәрселер беру үшін. Ол әрбір сау емес жан байланысын үзгісі келеді. Құдай жанымыздың сауықтыру және қалпына келтіру үшін Өзінің Сөзін жібереді. Өміріңіздегі тазартуды жүзеге асыруы үшін Құдайға мүмкіндік беріңіз. Ол үшін мінәжат етуге үақыт бөлініз. Киелі Рухтан әр сау емес жан байланысын ашып көрсетуін сұраңыз және Сөзінің семсеріне әрекет етуге рұқсат етініз. Құдай үәдесіне адал.

Тәңір Ием, өмірімдегі әрбір сау емес жан байланысын ашып көрсөт және Күелі Рухыңың күшімен оларды бұза гөр. Мені сауықтырып және жанымды қалпына келтіре гөр. Өмірімдегі иғі байланыстарды суарып, нарлендіруді үйрете гөр.

Kyamtochik

ӘЙТКЕҢІ ЖАНЫМДЫ АҚИҚАТҚА БАЙЛАДЫМ.

ӨКІНІШТЕҢ САУЫҒУ

Сен іш құрылышымды қалыптастырдың, Ана құрсағында мені жараттың. Тамаша жаралдым, Сені мадақтаймын, Керемет ғажап — жасаған істерің, Мұны мен шын жүректен мойындаймын. Мен ана құрсағында қалыптастым, Құпия жерде жатқанда жаратылдым, Сенен таса болмады сонда сүйектерім, Ұрық күйімде мені көзіңмен көрдің. Сен маған бұйырған қүндердің бірі Әлі де тұмас бұрын, солардың бәрі Кітабыңда жазулы тұрған еді. Сенің ойларың маған тым жоғары, Уа, Құдай, қанша көп олардың саны!

ЗАБУР 139:13-17

Dәуіт патшаның жазған тамаша сипаттамасы құрсақта қалыптасатын әрбір өмірге қатысты. Бұрында аборт жасасаңыз ше? Олай болса, сауықтыру сөзін айтқым келеді. Өтірікке сеніп қалған қорыққан қыз немесе немересін жерлеген әже болуыңыз мүмкін. Жағдайыңыз қандай болса да, кім болсаныз да, Құдай Әке былай дейді: «Сені кешірдім, сені өмір күтіп тұр».

Аборт жасалғаннан соң ашық қайғыру әдеттен тыс жағдай. Кішкентайлардың ғажайып өмірлері тиімді және жинақы түрде ысырып тасталады. Тек біраздан соң сәбидің әкесі, анасы және абортқа қатысы бар әркім кінә толқынынның астында қалады.

Барған сайын өзімшіл болып бара жатқан қоғамда өмір сүріп келеміз. Ондай мәдениет өзімшіл талаптарды қанағаттандырады, сондықтан сізді Құдайға ұнамды өмір

сүрге итермейді. Тұрмысқа шықпаған жүкті әйелдерді азарлайтын қауымдар да бар. Жақын арада бір конференцияда панельдік дискуссияға қатыстым. Сенуші бес әйелдің екеуі қауымдағы азарлау мен ұятқа шыдай алмай abort жасаған екен. Abort жасағысы келетін әйелдер әр түрлі пікірлер естиді:

«Жас, сұлу әйелсің... Өмірің әлі алда»

«Бір күні тамаша ана боласың, бірақ ол күн бүгін емес»

«Дайын болғаныңда бала туғаның дұрыс»

«Бұл сәбиді ешкім күткен жоқ. Әр баланың оны күтетін,

бала тууды қалайтын отбасы болуы керек»

Жасы үлкен әйелдерден де, жас әйелдерден де осындағы кеңесті тыңдап артынан қатты өкінгендерін естідім. Олар abort жасайтын ауруханаға екі адам болып кіріп, іштей сынған, бүкіл дүниесі қираған бір адам болып шықты. Исаның сүйіспеншлігі мен рақымын көрген біз әйелдерге abort клиникаларынан гөрі көбірек қолдау көрсетуіміз керек емес пе? Abortқа қарсы болу – саяси көзқарас емес, ол асырап алу және батыл таңдауларды қолдайтын өмір салты.

Өкініш ашы болса да, кері қайтып, істелгенді өзгерту мүмкін емес. Үмітіміз алға қарауда. Құдайдың ақиқаты мен кешіріміне берілу керек. Abort жасаған болсаңыз, өзіңізді кешіріп, сауыға бастаңыз.

*Көктегі әке, азарлау емес, сауығудың құралы болғым
келгім келеді. Оны маған үйрете гөр. Өмірдің құндылығы
мен сұлулығын Сен көргендей көргім келеді.*

Күттәмеш

ӨЙТКЕҢІ ӨКІНІШ ПЕН ҰЯТТЫҢ ОРНЫНА
ӨМІР МЕН ҮМІТТІ ТАҢДАЙМЫН.

НЕКЕНІ ҚАДІРЛЕУ

*Некеге барлығың да құрметпен қарап, жар төсегін
былғамаңдар! Азғындар және неке адалдығын
бұзғандар Құдайдың сотына түспек.*

ЕВРЕЙЛЕРГЕ 13:4

Бұл аяты талқылау үшін алдымен құрмет сөзінің мағынасын түсінуіміз керек. Әлденеге немесе әлдекімге құрметпен қарасақ, олардың қазіргі табиғатына көбірек құндылық немесе жұқ қосып қараймыз. Мысалы, жұбайым құрметпен сөйлеп, оған қарсы емес, бірге жұмыс істегенімде, құрмет білдіремін. Басқа жағынан, әлдекімді немесе әлденені құрметтемегенде, оған жеңіл-желлі қарап, аса абай болуға тырыспайсыз. Қадір-құрмет қағидасын түсінбегендіктен, некеде әйелдер қүйеулерінің абыройын төмендететіні сияқты, қүйеулер де әйелдерінің абыройын төмендете алады. Еврейлерге арналған хаттағы аят «жар төсегін» немесе жақындық жерін билғамауды ескертеді.

Тұрмысқа дейін өзімізді таза ұстап, жыныстық қатынасқа түспеу арқылы некеге құрметпен қараймыз. Неке тысындағы секс неке келісімін, оған қатысатын адамдарды және Құдайды қорлайды. Керінше, неке келісімінде орын алған секс Құдайды, адамдарды және некені құрметтейді. Некеге құрметпен қараудың тағы бір әдісі — басқа адамдар мен заттарды жар төсегіне апармау. Яғни, өздерін тек бір-біріне арнаған ерлі-зайыптылар арасындағы жыныстық бірліктен ауытқытын ешбір әрекетке жол бермеу керек. Ол

ауытқулардың кейбірі – порнография, мастурбация, табиғаттан тыс нәрселерге әуестенушілік, жезөкшелік немесе арамдық.

Тұрмысқа дейін бұл ақиқатқа ермегенім үшін, тұрмысқа шыққан соң көптеген қараңғы тығырықтарға тап болдым. Өзімді жұбайыма еркін беруім керек еді, бірақ бұрында өзім жасаған таңдаулар мені байлап қойған тәрізді болды.

Жыныстық жағынан тек бір адаммен байланысуға жаралдық, өйткені жыныстық жақындық неке келісімі арқылы біртұтас болатын екі кісінің бірлігі үшін сақталған. Жақындық тек бір адамға арналуы қажет, сонда ғана ол сау. Көп адаммен жыныстық қатынас құрылса, таңдаған жарымызben ерекше қарым-қатынас бұзылады.

Опасыздықтың көптеген тұрлері осы себептен қоғамда кең таралған деп ойлаймын. Келісім ұғымын жете түсінбегеніміз үшін, жұрт «Неке деген жай ғана қағаз» деп жатады. Неке дегеніміз жай ғана екі адамның біртұтас болуы емес, ол Құдайдың екі адамды бір қылуы. Некеге кіретін бір емес үш екенін түсінбесек, онда ол тек қағазға айналады.

Құдайдың Сөзіне құрметпен қарау некеге күш, келісім және жақындық әкеледі. Құдай бұзылғанды қалпына келтіріп, қорланғанды сауықтыруда.

Көктегі Әке, маған некеге құрметпен қарауды үретеп гөр. Киели Рух, немесе некені қалаң түсінегеніміе қатысты ластану және қорлау орын алған салаларды көрсетуінді сұраймын. (Тұрмысқа шықсаның да, шықпасаңың да, осылай мінәжат етуіңзеге болады.) Өмірімде Сенің орнатқан жақындық келісімінді қадірлегім келеді.

ЖАҚЫНДЫҚТЫ ҚОРҒАП, НЕКЕ КЕЛІСІМІН
БҰЗАТАНЫН НӘРСЕЛЕРДЕН БАС ТАРТҚАНЫМДА

Күаттымын

ҚОРҒАЛҒАН

*Жаратқан — жартастай берік қорғаным, Мені
қауіп-қатерден құтқарушым, Құдайым — сенім
артқан шың құзымы, Қалқандай қорғаушым, мықты
құтқарушым, Әрі биік таудағыдан баспанам!*

ЗАБУР 18:2

Катты қобалжып түрдым. Бағушы бір топ жас қыздармен жыныстық тазалық туралы сөйлесуді тапсырды. Не айтатынымды тіпті білмеймін. Білмейтінім былай тұрын, қорқыныштан өлердей болып тұрмын. Не болды? Көп жыл бойы дүние аралап, әр түрлі жастағы әйелдердің алдында сөз сөйлемдім. Мектеп бітіргелі түрған қыздармен сөйлесуден неге қорқып тұрмын? Терең тыныс алдым. Өзімді қолға алсан болғаны. Сайып келгенде, жұбайым бұрын жастар қызметінің бағушысы емес пе еді? Сосын түсіндім, мені қобалжытқан топтың жасы емес, тақырып. Олар ұлдармен не істеуге болатынын және болмайтынын сұрайды ғой.

Бір топ қызға «шектеулер» туралы не айтпақпын? Менің қызыым да жоқ. Дайындалуға үақытым да болған жоқ.

Еденге тізерлеп отыра кетіп, мінәжат еттім. Қектегі Әке, бұл қыздар үшін айттар сөзді Өзің бер. Өзімнің немесе басқа біреудің пікірін емес, Сенің даналығыңды жүректеріне салғым келеді. Не айтатынымды жақын арада білдіре гөр.

Күттім. Ештеңе болған жоқ. Орнымнан тұрып, душқа қарай беттедім. Кездесу ертең. Жуынып жатқанымда ойым шашырап, әр нәрсені бір ойладым. Бір сәтте Киелі Рух назарымды

бағыттап, маған тіл қатты: «Олардың жүріс-тұрысын реттейтін ереже іздеп жүрсің. Ережелер оларға көмек болмайды. Оларға күш бергім келеді. Ол күш қарым-қатынастан ғана түа алады. Оларға тыйым салынған нәрселерді емес, рұқсат етілген нәрселерді айт. Әкелерінің көзінше нені істей алса, ұлдармен оңаша қалса да, соны істесін деп айт!».

Мінеки, іздеген жауабым да келді. Әкелер қыздарының наамысын қорғауға тиіс. Мүмкін, өміріңізде олай болмаған шығар. Бәлкім, сізді қорғайтын әкеңіз болмаған шығар. Оның орнына көктегі Әкеңіз бар. Өміріңізде қорланудың, зорланудың болуын Ол ешқашан қаламайды. Мүмкін, қайтып келетін межеден тыс алыс кеткен шығарсыз. Өткеніңіз қандай болса да, Әкеңіз болашағынызды бақылап, қорғап отыр. Бұл тек жеткіншектерге қатысты емес. Тазалықпен шаруасы болмаған мәдениетте өзін таза сақтағысы келетін әрбір қызға осы уәде арналған.

Жүргімізді өзгертертін ережелер емес. Ережеден жоғары тұратын заттар керек. Сүйіспеншілік қажет. Оны көктегі Әкемізben қарым-қатынас жасап табамыз. Суық тасқа ойылып жазылған шектеулер, мораль, этикалық зандардан гөрі жүргімізде жазылған тірі ақиқат болсын. Сенімді «болады және болмайды» деген тізімге аударсақ, біз үшін ең жақсысын қалайтын Құдаймен қарым-қатынасымыздан айырылып қаламыз.

Көктегі Әке, менің тазалығым Сенімен орнатқан қарым-қатынасымнан келсін. Өткенім қандай болса да, Сені өзімнің қорғаушым деп атаймын және өмірімнің ең жасырын салаларында менімен сырлас болуға шақырамын.

Күттімек

ӨЙТКЕҢІ КУШІМДІ ЕРЕЖЕЛЕРДЕН ЕМЕС,
ӘКЕММЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАН АЛАМЫН.

ҚАЛЫҢДЫҚ

*Жас жігіттің қызға үйленетініндей, сенің
тұрғындарың өзіңмен тұрақты байланыс орнатады.
Күйеу жігіттің қалыңдығына қуанатынындай,
Құдайың да саған шаттанатын болады.*

ИШАЯ 62:5

 Ұдай бізді Өзінің қалыңдығына теңестіргенде, қуанамын. Жақында екі ұлым үйленді. Алдыңғы қатарда отырып, екеуінің де жылағанын көрдім. Олар қалыңдықтарын көріп, көздерін жас толтырғанда, мен де жылап жібердім, әрине. Келіндерім әдемі ақ көйлек киіп, жарасымды әшекейлер тақты. Иса бізді осылай көреді деп ойлаймын. Аян 19:7 «Оның қалыңдығы әзірленіп, дайын отыр» дейді.

Қалай әзірленеміз? Жаупаты табу үшін, тереңірек үңілейік. Қалыңдық болашақ күйеуі үшін қалай әзірленуі керек? Ол дайындық әдемі көйлек, өрілген шаш, макияждан асып туседі. Бұл – жүректе орын алатын дайындық. Төменде бірнеше ойымды келтірдім:

- Қалыңдық қүйеуін барлық жағынан риза қылуға үмтүлады.
- Қалдыңдық жүргегінде тазалық пен жалын сақтағысы келеді.
- Сөзбен айтып жеткізе алмаса да, жан-дүниесін түсінетін күйеу болғанын қалайды.
- Сырын ашқанда, қауіпсіз сезінуі керек.
- Қорқынышсыз ойындағысын білдіргісі келеді, азаттықты жақсы көреді.
- Құтпеген сыйларды жақсы көреді.

- Қүйеуімен сырларын бөліскенді ұнатады.
- Сүйіктісімен құліп ойнап бір-бірін қызып жетуді жақсы көреді.
- Қалыңдық біреуге немесе бір қауымдастыққа тиесілі болудың қуанышын біледі.
- Қалыңдықтың нәрленуге, қорғанысқа, бағыт алуға және жұмсақ түзетуге мұқтажы бар.
- Қалыңдықтың қүйеуіне деген лаулаған сүйіспеншілігі бар.

Бұл ұмтылыстар мен тілектер Құдайдың әр қызының жүргергінде терең егілген деп ойлаймын. Бұл қалауларға бізді әрекет еттірсін, себебі Құдайдың ең терең тілегі – сүйіспеншілігімен бізді жаратқан мақсатына қарай бағыттау. Иса, біздің қүйеу жігітіміз, «Сені сүйюге рұқсат бер» дейді.

Басқа ешкім бізді олай сүйе алмайды. Бұл ынтықтықтың қатты болғаны сонша, жердегі бірде-бір адам оны қанағаттандыра алмайды. Жердің махаббаты бізді тастап, көңілімізді қалдыруы мүмкін, себебі аңсайтынымыз басқа нәрсе. Көктегі Әміршініз ешқашан сізге зиян келтірмейді. Жүргіңіздегі ең терең, ең асыл ұмтылысты жаратқан – Құдай. Жүргіңіздің сағынышы – Құдай.

Керегініздің бәрін Жаратқан Ие қамтамасыз етті. Оның адалдығына неге оранып алмасқа? Тәңір Иенің ықыласы сіздің әшекейіңіз болсын. Оның құшағынан рақаттауып, шексіз шаттыққа бөлениңіз.

*Көктегі Әке, мені жаратқан мақсатыңа қарай
сүйіспеншілігімен бағытта. Қалыңдық секілді Сен
үшін әзірленемін. Мені жүргегіде терең сақтай
гөр. Маған дайындағаныңа аяқ басқанымда,
Құдайым, күлімсірегеніңді сезгім келеді.*

Кұаттымай

ӨЙТКЕҢІ ҚҰДАЙ ҚҮЙЕУ ЖІГІТ

СЕКІЛДІ МАҒАН ШАТТАНАДЫ.

Ақықаттағы
күш

СӨЗІ ДАНА

*Ұнамды сөз балдай тәтті,
Жаныңа жағымды, тәніңе шипалы.*

НАҚЫЛ СӨЗДЕР 16:24

Хохан елші досы Гайға былай жазған: «Сүйікті бауырым! Сенің рухани өміріңің сау болғанындай, саған барлық жағынан да Құдайдан игілік пен денсаулық тілеймін» (Жоханның 3-хаты 1:2).

Елші денсаулығымыздың рухани саулығымызға байлынысты екенін білсе керек. Екеуін ажырату мүмкін емес. Олар өте жақын тоғысқан. Сөз физикалық зақым келтіре алмасада, Киелі жазба былай дейді: «Мылжың өз тілімен семсердей шағар, Дана өз тілімен жанның жарасын сауықтырад» (Нақыл сөздер 12:18).

Үзілсіз, улы сөз пышақ сұғып алғандай ауыртады. Бірі иығымызды қағып, бірі ішімізге тиіп кетеді, бірі қолымызға із қалдырады, сосын дүшпанымыз қашып кетеді. Аң-таң болып, киімімізге тамшылаған қанға қарап қаламыз. Күшімізден айрылышып, бір сәт көзімізді жұмып, сөз қаншалықты зиянды бола алатынына таң қаламыз.

Сосын басқа бір дауыс естіміз. Өте нәзік, бәсек дауыс. Жарықтың алтын сәулесі жайнап, қараңғылық сейіледі. Өмір мен сауықтыру сөзі бізді жараларымызды емдейді

жояды. «Сені сүйемін. Сенімен біргемін. Сен – менікісің». Бұл сөздің нәзік жылуы өткір ауруды басады. Әр жағымды сөз қалпына келтіреді.

Сөздің жанымызға деген әсері осы. Сөз жарақаттайды да, емдейді де. Осыны біліп, сөзімізді басқаларды жаралау, шаншып алу үшін емес, азаттық әкелу үшін, сауықтыру үшін қолданайық.

Қарапайым жанашыр, жігер беруші сөз айтарлықтай айырмашылық жарата алады. Құдайдың Сөзін айтқанымызда өмір беретін ем әкелеміз. Құдайдың Өзі – Сауықтыруши, әрине Оның Сөзі ем әкелмек. Басқаларды жігерлендіру өте оңай және оларға тиетін пайда біз біле алатынымыздан асып түседі.

Таңдау сіздікі. Сөзіңіз шипа болады ма, жарақаттайды ма?

*Құдайым, сөздің құдіретін маған көрсете
гөр. Айтқан сөзім жолымда кезіккен
әрбір адамға ем мен жігер әкелсін.*

СӨЗІМДІ ШИПА, ДАНАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨМІР

ӘКЕЛУ ҮШІН ҚОЛДАНҒАНЫМДА

Kұаттымын

БӨЛІНБЕГЕН

*О, Жаратқан, ақ жолыңа бағыттай гөр мені,
Өзіңің шындығыңа сәйкес жүргім келеді,
Тек Сені ардақтауға нығайтышы жүрегімді.*

ЗАБУР 86:11

Kөп жыл бұрын Джон екеуіміз Израильге сапар шеккенде, экскурсия жетекшісінің римдіктер туралы айтқаны әлі есімдे. Ол римдіктер отаршылдық саясат жүргізгенімен, біршама мейірімді жаулаушылар болғанын айтты. Еврейлер римдік өмір салтын ұстанса жеткілікті, өздерінің діни нанымдарын сақтап қалуға құқылы еді. Еврейлердің киімдері, өмірлері мен әрекеттері римдіктердің сияқты болса болғаны. Жаулап алу стратегиялары ол заманнан бері онша өзгере қойған жоқ.

Қазіргі заман бізге былай дейді: «Өз діндерің болсын, бірақ біздің дінді де қабылданадар. Ақымақ болмаңдар, ақиқат бір емес, көп. Біз сияқты әрекет етсөндер, қалаған нәрселеріңе сене беріңдер!».

Бірақ, әрине, бұл жарамас. Құдай мәдениеттің ішінде еріп кетуді бүйірған емес. Құдаймен тығыз байланыста бір болдық. Яғни, Иса «Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды» дегенде, оған шын жүректен сендік (Жохан 14:6).

Қазіргі кездің трендтерінен гөрі Тәнір Иенің артынан еріп жүрміз. Оның ақиқаты өз жолымызды тастап, Құдайдың биігіне көтерілуге итереді. Құдайдың ой-санасы біздің түсінігімізден

басқаша. Бос сөз ымырашылдыққа тартады, қателерімізді ақтап, шынымен өзгеруге кедергі болады. Бұл дүние біздің үйіміз емес. Мұнда біз тек жат жүрттық келімсекпіз. Ол дегеніміз, мәдениетке сай болуды емес, Киелі Құдаймен қарым-қатынас арқылы іштей өзгеруді көздейміз.

Даналық пен кеңесті қажыған дүниенің тапқырлығынан емес, Құдайдың Сөзінен табамыз. Исаңың артынан еретін шәкірттері ретіндеге бір-біріміздің жігерлендіруге шақырылдық. Яғни, Құдайдың уәделерін қайталап, бір-біріміздің есіне салып отырсақ, одан күш аламыз. Дүние «Не істегің келсе, соны істе. Бәрінен бұрын өз қалауың болсын» дейді. Бірақ біз үлкен абыржы кезеңінде жер бетін басып жүрген аспан елшілеріміз. Өзіміз үшін өмір сүргеннен гөрі, Құдай үшін өмір сүреміз.

Тәңір Иенің Сөзі осы заманың даналығымен тоғыссын деп оны қарабайырлауға болмайды. Құдайдың Сөзі әрдайым өз алдына бір бөлек тұрды. Екі дүниеге де тиісті болып журу мүмкін емес. Ұмтылысымыз бен сезіміміз тек біреуіне тән бола алады. Бүгінгі аятта Дәүіт патша «Тек Сені ардақтауға нығайтшы жүрегімді» деп, бөлінбеген жүректің маңызын көрсетеді. Құдайға бөлінбей, назарыңыз шашырамай қызмет еткіңіз келеді, сондықтан осы кітапты оқып отырсыз деп ойлаймын. Құдай жүрегіміздің қалаулары қақтығыспасын, бізді шатастырмасын дейді. Жүрегіміз Өз қамқорлығында болсын дейді. Осы қауіпсіз жерден жанымыздың жаутарына қарсы құресе аламыз.

*Тәңір Ием, Сенің патшалығың менің мәдениетім
болсын. Маған бөлінбеген, тек Сені ардақтайтын,
тек Сені қастерлейтін жүрек бере гөр.*

ЖҮРЕГІМ БӨЛІНБЕГЕНДЕ

Күаттымын

ҚАБЫРҒАЛАР

Сол кезде Яңуда еліндеңі халық мына жырды әндептетін болады: «Біздің қала мықты, Құдайдың Өзі қабырғалар мен бекіністер іспетті Оны құтқарып, қауіпсіз етеді!»

ИШАЯ 26:1

Көне заманда қаланы қорғау үшін айналасына қабырға салынатын. Жаулар мен жабайы аңдарды дуал ішке кіргізбейтін. Қазір оны елестету қын, бірақ ол қалаларды зәулім қабырғамен төрт жағынан қоршайтын. Ол басқаларға белгі болатын: «Сендердің қауіп төндірмейтіндерінді білмейінше, кіргізбейміз». Қаланың түрғындары осы қорғанысқа сенімартатын. Дуал мен қақпашылар қаланы басып кіргісі келетіндерден сақтайды деп билетін. Бұл қабырғалар азаматтарды ауру-сырқаудан қорғады. Қабырғалар желге, жаңбырға және шөлді дауылға қарсы тосқауыл болды.

Енді қамалы құлаған қорғансыз қаланы елестетіп көріңіз. Қалаған кезде оған басып кіріп, тонап кетуге болады. Жаудышпан ойларына келгенін істейді, еркін кіріп-шығып жүре береді. Ондай жерде кім түрғысы келеді? Баспанасыз кім қалғысы келеді?

Рухымызды қорғамасақ, осыған ұқсас жерде қаламыз. Жүргегіміз қауіпсіз, бейбіт пананың орнына астан-кестені шықсан, тоналған қалаға айналады. Біреудің айтқан зиянды сөзінен, өтірігінен, өз құбылмалы көніл-күйімізден, мезеттік тұртқілерімізден зардап шегеміз. Үміттен қол үзіп қалған күй күнделікті нанымызға, қайғы мен өкініш үлесімізге айналады.

Олай болса, бізді қорғайтын қабырғаны қалай саламыз? Сөзімізге мұқият болудан бастайық. Ем беретін, адамды езудің орнына еңсесін көтеретін сөз айтайық. Құдайдың Сөзін үйреніп, оны некеңізге, жұмысыңызға, бала-шағаңызға, достарыңызға қатысты қалай пайдалануға болатынын біліңіз. Өміріңіздің осы салаларына қарғыс айтудың орнына, жарылқаңыз. Құдайдың Сөзіне жан-дүниенізді өзгертуге рұқсат беріңіз. Оның мол жемісін көретін боласыз.

Тұкенде ашуға бұлығып қатты сөз айтып қойған боларсыз. Оның жаратқан шиеленісінен немесе тұзағынан құтылу үшін, Құдайға әрекет етуге мүмкіндік беріңіз. Бұл өте маңызды. Бұл өзініздің айтқан сөзіңіз немесе басқалардың қабырғаңызға снаряд сияқты тиген сөзі болуы мүмкін. Өзімізге қарсы айтатын улы сөзіміздің күшімен абай болайық. «Ешкімнің менімен шаруасы жоқ. Сонында жалғыздан-жалғыз қаламын, ақыры бәрі мені тастап кетеді» немесе «Ұскынсызыбын, семізбін. Мені біреу неге ұнатсын?» сияқты сөзді айтпаңыз. Бұл сөз жарапайды әрі тұрғызған қабырғамызды жығады. Оның орнына Құдайдың Сөзінен құрылышы материалдарын ізденіз–Құдайдың үәделерінің арасынан өзініз жайлы ақиқаттарды тауып, жариялаңыз. Олар жүргегізді қорғайтын мықты қамал болсын.

*Қымбатты қөктегі Әке, өзім және өмірім туралы
шындықты Өз Сөзіңнен маған көрсете гөр.*

*Жүргегімнің айналасында ақиқаттың мықты
қабырғасын тұрғызуға көмектесуіңді сұраймын. Ол
қорғаныстың ішінде өніп-өсіп, гүлденгім келеді.*

ЖҮРЕГІМДІ ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІМЕН ҚОРҒАНДА.

Kұатташын

АЙНАЛЫП ЖҮРҮ

Сол сияқты, мәлім болмайтын ешбір сыр да жоқ, жарыққа шығып, жария болмайтын ешбір құпия да жоқ.

ЛҮҚА 8:17

Колорадоға көшкенімде үйге диван алайын деп дүкен аралауға шықтым. Біреуі өте ұнағаны есімде. «Дәл іздегенім табылды» деп ойладым. Жақсылап безендірілген жиңіз дүкенінде ол әп-әдемі көрінді. Бірақ, менің үйімде мұндай суреттер мен безендірулер жоқ қой. Менің диваным өзі жалғыз тұрып әдемі көріну керек. Диванды әдемі қабырғадан әріrek жылжытып, жалғыз өзіне қарағанымда, аса көңілімнен шыға қоймады. Диванның тек алдыңғы жағына қарасам, сатып алатын едім. Сосын үйге келгенде ғана арт жағын көріп, қателескенімді түсінетін едім.

Көбіміз күнәнің тек алдыңғы жағын көреміз. Оның сырттай қалай көрінетінін, ұстап көргенде қалай сезілетінін ұнатып қаламыз. Сосын, оны алғанда, арт жағын көріп, ұятқа қаламыз.

Жасырынып күнә жасағанымызда, бізді ұятқа қалдыратын Құдай емес, өзіміз. Бұл тығылып тұқым егіп, сосын ол көктеп шыққанда Құдайға ашуланумен тең. Мұмкін, «бүтінгі аяттың маған қатысы жоқ. Мен жасырсам, ешкім біле алмайтындей жасырамын» дейтін шығармыз. Алайда, Киелі жазба мәлім болмайтын ешбір сыр жоқ десе, шынымен солай.

Осыны ескере отырып, өз жүріс-тұрысымызды аңғарып отыруымыз керек. Ефестіктерге арналған хат оны ақыл-парасатпен өмір сұру дейді. «Ал түнекке нұр шашылса, ондағының бәрі анық көрінеді. Бар нәрсені әшкерелейтін — нұр... Сонымен парасатсыз емес, ақыл-парасатпен өмір сұруге ерекше ден қойындар» (Ефестікт. хат 5:13, 15).

Ақыл парасатпен өмір сұру дегеніміз — өміріміз біртұтас екенін, яғни өткендегі оқиға болашақта бізді қуып жететінін біліп саналы өмір сұру. Ағылшын тіліндегі сөз («live circumspectly» — аудармашының ескертпесі) айналу, «қоршау, сыртын сыйзу» дегенді білдіретін «circum» және «көрү, қарау» дегенді білдіретін «spec» сөздерінен құралған. Үй алар алдында бәрін өте мұқият қарап, тексеріп шығатынымыздай, құнделікті шешімдер мен танқауларымызды да саналы түрде, ден қойып жасауымыз керек. Әр шешімнің барлық бөлмелерін тексеріп, арты да алды да ойдағыдай екеніне сенімді болғанымыз жөн. Сонда даналықпен әрекет етіп, бізге күш беретін жақсы шешімдер қабылдайтын боламыз.

Тәңір Ием, Сен үшін барлығы азық, барлығы көрініп тұрғанын есіме сала гөр. Сенен еш нәрсені жасыра алмаймын. Ісімнің бәрінде ақыл-парасатпен әрекет етуді қалаймын. Істерімнің бәрі Сені мадақтасын.

Күттәшім

ӨЙТКЕНІ ТЕК БҰГІНДІ ОЙЛАП

ӨМІР СУРМЕЙМІН

ӨКІНІШТІ ТАСТАУ

Сол кезде қала қақпасының маңайында алапеспен ауырған төрт адам отырған еді. Олардың біреуі қалғандарына былай деп ұсыныс жасады: «Біз осында несіне өлгенше отыра береміз?»

ПАТШАЛЫҚТАР 4-Ж. 7:3

 ртелі-кеш өмірде «Болды, жетеді!» дейтін уақыт келеді. Алапес тәнді жей беретіндей, өкініш жүректі жей береді. Қуатты қыздар орнынан тұрып, кетіп қалатын сәтті біледі. Өкінішке толы өмір сүрмеу үшін, болашаққа көз тастап, мақсат қыып өмір сүріңіз. Бәріміз өмір жолын ойлап өтіп шығуымыз керек. Көздеген жеріміз болмаса, қаңғырып кетеміз. Жеткіңіз келетін жерге барудың басқа амалы жоқ. Бәлкім, қазір өзіңіз қаламаған жердесіз. Бәлкім, аспанды қара бұлт қаптаған өкініш әлемінде өмір сүріп жатырсыз. Сізге айттар сырым бар: өкініш сізді ол жерден шығармай қояды.

«Әттең, солай болса ше!» деп қайғырудың орнына «Қазірдің өзінде де мүмкін» дейтін уақыт келді. Өкінішпен бетпе-бет келіп, ол мәселені шешпесек, өміріміздің соңына дейін оның әсері жаңғырықтай естілетін болады.

Әр үрпақ келесі үрпаққа ақиқатты айтып, ескерту арқылы өз қателіктерін түзете алады. Бұл — мүмкіндік әрі міндет. Өкініштен зар жылап жатсақ, оны орындаі алмаймыз. Өкініштен

арылғанымызда үйренудің мирасын қалдырамыз. Бұл дегеніміз, келесі үрпақ біз құлаған орларға түспей, жоғарырақ тұрып, анығырақ көре алады. Өткен сәтсіздікке опық жеп, бейжай отыратын, бағдарсыз қаңғыратын кез емес. Алға қарай қадам басатын кез келді.

*Құдайым, өкініштің аштығында қалудан бас тартамын.
Басқалар да менің әрекетімнен күш алсын деп, орнынан
тұрып, алға жылжымын. «Әттеңің!» орнына «иә, қазір!»
дейтін боламын. Өткенімнің өкінішіне батудың орнына
Сенің болашағыма деген жоспарыңмен келісемін.*

Күаттымын

ӨЙТКЕҢІ ӨКІНІШІМДІ МАҚСАТПЕН ӨТЕЙМІН.

СҮЙІКТІ ӘЙЕЛ

«Өйткені өзіңді жаратқан Тәңір саған жар! Ол сені құмқарып алған Қамқоршың, Әлемнің Иесі және Исаилдің Киели Құдайы деп те аталаады. Бүкіл жер бетінің Құдайы деген атағы да бар. Сен қуылған, мұнды әйел секілдісің. Біреу жас кезінде үйленіп, тастап кеткен әйелге ұқсайсың. Жаратқан Ие сені қайтадан қасына шақырады!» — Құдайыңың Өзі мұны айтады.

ИШАЯ 54:5-6

Бұгінгі аятта әйелдерге арналған ерекше үәде бар. Құдай «Өзіңді жаратқан Тәңір сенің Әкең» дей алатын еді. Жоқ, Құдай Өзін біздің жарымыз дейді. Өзін мұнды әйелді қалпына келтіретін күйеу дейді. Құдай үәдесінен бас тартпайды: «Таулар қозғалып, төбелер шайқалар, бірақ Менің сүйіспеншілігім сенен айнымас, сенімен амандық пен тыныштық жайлы жасаған Келісімім де шайқалмас!» (10-аят). Өміріңіздегі шайқалу қандай күшті болса да, Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі өзгермейді. Ойыңызда бұл мәселе біржола шешілсін.

Аятың шектеулері жоқ! Ол сөз бойдақ, ажырасқан, бедеу немесе жесір – барлық әйелдерге қатысты. Ол іштей сынған, басқалардан кем, жеткіліксіз немесе тым алғыс сезінетін әйелдерді қамтиды. Ол үәде барлық жасаралықтарын қамтиды.

Бұл Құдайдың сүйіктілеріне, қымбаттыларына айтқан сөзі. Тәнір Ие әйелдерге тыныштық әкелетін сөз сөйлейді. Сондықтан, Құдайдың тыныштығын қабылдап, жүргегіздегі ашу, қобалжу, қорқыныштан арылыңыз.

Әйелдерге ерекше мүмкіндік берілген. Біздің жаратылыс халіміз қызмет ету мен бағуға бағытталған. Көктегі Әкеміздің көңілін қалдырудан қорқып, үнемі жақсы болуға тырысудан шаршаймыз. Не істесек те, жеткіліксіз деп мазамыз кетеді, нені құрбан етсек те, ол тым аз дей бастаймыз. Есіңізде болсын, Құдайдың сізге деген сүйіспеншілігі сіздің не жасағаныңызға емес, сіз үшін не жасалғанына негізделген. Құдайдың заңын толықтай орындалап шығуға ешқайсымыздың күші жетпейді. Құдайдың жүргегін жақын білуге үмтүлған әйелдер болғымыз келеді, бірақ Құдайдың қаңарынан, Оның бізді жалғыз тастауынан қорықсақ, көздегенімізге жете алмаймыз. Бұл абыржу мен ауырлық жаратады. Құдай ол жүктен қыздарын құтқарғысы келеді.

Құдайдың керемет мақсаты мен жоспарына сай әйел болып тудыңыз. Бұл үлкен қуанышқа себеп, өйткені Құдай сізді тамаша жаратты, әрі мәнгілік сүйеді.

*Тәнір Ием, мені қандай әйел қылып жаратсан,
ол бейне рухымда таңбадай басылсын. Сенің
шайқалмайтын сүйіспеншілігің және мен үшін жасаған
барлық істеріңді қабылдаймын. Мені Өзіңе, әйел
болмысымдағы тыныштыққа жақындана гәр.*

Күаттоғын

ӘЙТКЕҢІ МЕНІ ҚҰДІРЕТТИ
ҚҰДАЙДЫҢ ҚОЛЫ ЖАРАТТЫ.

ЕКІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ АЗАМАТ ЕМЕС

*«Мен сендерге Әке боламын, ал сендер рухани ұл-қыздарым
боласыңдар дейді Әлемнің Билеушісі — Жаратқан Ие»*

ҚОРЫНТЫҚТ. 2-ХАТ 6:18

Күдайға бет бұрып, сенім жолындағы саяхатымды бастағанымда, Құдайдың мені сүйетінін білдім. Оны шынымен түсіну маған өте қызын болды. Бұл тамаша рақымға жауап ретінде өзімді Құдайдың қамқорлығына тапсырдым. Әйел болғанымды бір қызындық немесе кедергі ретінде көрген емеспін.

Сосын әр түрлі қауымдар мен конференцияларға барып естігенім Құдайдың сүйіспеншілігін бүркей бастады. Құдайдың Патшалығына әлдебір төмен дәрежелі, басқалардан кем біреу болып кірген сияқтымын. Ешкім оны маған тікелей айтқан емес, соған қарамастан «Әйелдерге сенуге болмайды, олар әрең, құтқарылады» деген ой бәрінің білетін нәрсесі тәрізді болды.

Әлі колледжде оқып жүргенімде бірінші оғаш жайтқа тап болдым. Мәсіхші конференцияда тамаша мадақтаудан кейін бағушы сахнаға шығып, әйелін шақырды. Сұлу, сүйкімді әйелдің сахнаға қарай беттегенін көрдім. Мындаған қыздар мен әйелдер оны үлгі тұтатын. Бағушы әзілдей бастады. Барлық сөзі әйелін төмен қоятын, ренжітетін мазақ. Әйелі де бірнешеуіне қалжындал жауап берді. Қауым күлді, өзім ауыр сезіндім. Бағушының әзілі өткір пышақтай қадалды. Әйелінің сөзі ондай ащы емес-ті. Әйелі тоқтайтын шекті білсе, бағушыда шек жоқ сияқты.

«Әйелдер болмағанда, еркектер қайда болушы еді?» деді бағушы. Барлық қатты тиетін әзілден кейін бір ауыз мейірімді сөз күттім.

«Еркектер әлі Едем бағында өмір сұруші еді». Жиналғандар ду құліп жіберді. Құлқінің орнына мұң сезген жалғыз менмін бе? Үнемі үятқа қалдыратын дүниеден құтқарылып, басқа үятқа қалдыратын дүниеге келдім бе? Қызыарып, жылап жібердім.

Ертеңіне үағызға бармадым. Сылтауаратып, балалар қызметінде көмектесуге кеттім. Жылаған сәбілерді құшағыма алып, жұбатып жүріп, Құдайдың мені сүйеттініне сену оңайрық болды. Сәбілерді әлдилеп жүріп, Құдай мені дәл осылай жұбатқанын елестеттім. Іштей жылап түрдым және Құдайдың маған нәзік дауыспен сөйлегенін сездім. Мен – Құдайдың қызымын, Құдай – менің Әкем. Әлі көп нәрсені түсінбедім, бірақ Оның сүйіспеншілігіне еш күмән келтірмедім. Жынысына қарсы өткір сөз айтылғанда, әйелдер неге шыдай береді? Қорыққандарынан ба? Жоқ, себебі одан да терең деп ойлаймын. Ол сөз бір жағынан шын екеніне сенеді, сондықтан, қорлауға көне береді. Алайда, әйел болғанымыз бізді қорлауға тұраплыш қылмайды. Оған сен-беніз. Құдай әйелдерге әйел болғандары үшін ашуланбайды. Ол бізді төмен дәрежелі біреу қылышпаратпады. Тәңір Ие бізді пер-зенттеріндей сүйеді және Оның сүйіспеншілігі айнымас.

*Тәнірім, мені әйел қылышпаратқаның үшін
алғыс айтамын. Менің құндылығым және Сенің
сүйіспеншілігің жайлы ақиқатты ашып көрсете
гөр. Қыздарыңды жігерлендіріп, күш бере гөр.*

Kұаттымын

ӨЙТКЕНІ ҚҰДАЙДЫҢ ҚЫЗЫМЫН. ЕКІНШІ
КЕЗЕКТЕ КЕЛГЕН ОЙ ЕМЕСПІН. ОНЫҢ
БІРІНШІ МАХАББАТЫМЫН.

БАРЛЫҚ СҮЙІСПЕНШІЛІГІҢІЗ

Құдай өтірік айтатын пенде емес.

РУЛАРДЫ САНАУ 23:19

Kөптеген әйелдер осыған сеніп, алданады. Тұрмысқа шығып, армандаған күйеулерінен мәңгілік махабbat уәдесін алмайынша, олардың тағдыры тоқтап тұр деп ойлады. Біз Құдайдың арманы екенімізді үміттывық. Махаббатты құтудің қажеті жоқ; ол бізді тауып қойған. Иса бізді бірінші сүйді. Бізді біреу сүйеді ме, жоқ па деген мәселе біржола шешілсін.

Сонда да, ғасырлар бойы Хая анатың қыздары Адам атаның үлдарына жалбарынып келеді: «Барлық махаббатыңды маған бер. Мені қорға. Қауіпсіздік пен сенімділікке деген мұқтажымды сен қанағаттандыр». Адам атаның үлдары жарап бергенде, орындей алмайтын уәделерді береді, өйткені Хая анатың қыздары жүректеріндегі сөзбен айттып жеткізе алмас аңсарды ол уәде басады деп үміттенеді. Екі үмтұлыс та сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды, себебі әрбіріміздің терең қалауларын жалғыз Құдай қанағаттандыра алады.

Джон Элдридждің Wild at Heart атты тамаша кітабында ер адамдардың өмірдің қанағатын «ақ шашты сұлу қыздан» ізденде оны таба алмай, қынжылатындарын сипаттайды. Әйелдер ше? Біздің үмітіміз де қате жерден шықпайды ма? Тым көп қанағатты Адамнан ізdedік. Ол Адамның қолынан келмейді.

Адам ата Хая анаға күйеуден де үлкен тұлға болды. Кейбір мағынада, әкесі деуге де болады, себебі Хая ана еркектен туған жалғыз әйел еді. Жылан Хая аナンы алдап күнәға түсірді. Хая ана өзінің таңдауынан да, күйеүінің таңдауынан да қатты налыған болса керек. Шынында, бізге күші өздерінен гөрі үлкенірек қайнар көзден келетін ер адамдар қажет.

Бұл Адам атасың үлдарының кінәсі емес. Біз іздел жүрген жарылқауды олар бере алмайды. Біз оларға жанымыздың тізгінін ұстатып қойып, қорқытып алдық. Бізге шынымен керек жарылқау тек Құдайдан келеді. Құдайдың бізге жаңа есім беруіне рұқсат етейік, себебі біз енді қараңғыда тығызып жүрген Хая аナンың қыздары емеспіз, біз – Құдайдың қалыңдығымыз.

Ер адамдармен қарым-қатынасымызда сүйіспеншілік, серіктестік, өмір жолдастығын табуымыз мүмкін, бірақ одан ешқашан Құтқарушымызды таба алмаймыз. Тек Иса өтірік айта алмайды, өйткені Ол – ақиқаттың өзі. Оның Киеle Рухы алатын тынысымыздан да жақын. Иса Мәсіхпен тығыз байланыста болсақ, Ол біз құтқарады, қорғайды, әлпештейді, ауруларымыздан сауықтырып, біртұтас қылады. Мұның бәрі тек мінсіз сүйіспеншілікке ие Исаның қолынан келеді.

*Тәңірім, өтірік айта алмайтын ақиқат – Өзіңсің.
Тек Сен мені іштей және сырттай емдең, біртұтас
қыла аласың. Жанымды басқаратын күшті Сенен
басқа біреуге бергенім үшін кешіре гөр.*

ТҰТАСТЫҒЫМДЫ АДАМНАН ЕМЕС,
ҚҰДАЙДАН ТАПҚАНЫМДА

Күаттоғын

НҰРДА ТҰРУ

Ал егер Құдайға үқсанап нұрда тұрсақ, онда өзара байланыста боламыз және Оның рухани Ұлы Исаның төгілген қаны бізді барлық күнеларымыздан тазартады.

ЖОХАННЫҢ 1-ХАТЫ 1:7

«Құдайға үқсанап, нұрда тұру» дегеніміз не? Оған жауап беру үшін алдыңғы аятты оқығанымыз жөн: «Біз Мәсіхтен естіп, сендерге білдіріп отырған хабар мынау: Құдай — Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ» (Жоханның 1-хаты 1:5). Құдай нұрда тұрып қана қоймайды, Оның Өзі — Нұр. Нұр сыртқы жамылғыдан ақпайды, Құдайдың болмысынан шашырайды. Құдайдың ешбір жағында қараңғылық жоқ. Елестету былай тұрсын, мұны түсінудің өзі адамға қиын. Көзімізben көретін барлық нәрсенің көлеңкесі болады. Кез келген жарық көзі көлеңкө тастайды. Жохан елші сырттағы, айналадағы бір нұрды айтқан жоқ, өзімізден, ішімізден шығатын нұр жайлы жазды.

Жохан табиғи, физикалық жарыққа емес, рухымыздың нұрына мензеді (алайда, аспанда ол Мұсанықі сияқты көзге көрініп мүмкін). Түнек басқан қазіргі дүниеде жүрегімізді таза үстап нұрда тұра аламыз. Исаның қаны бізді күнәдан арылтқанда, өміріміздің қараңғы жерлері ғайып болады. Бұл Құдаймен және басқа мәсіхшілермен қарым-қатынасымызды қалпына келтіріп, сақтайды. Алайда, «Егер “күнәсізбі” десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны» (Жоханның 1-хаты 1:8).

Өзімізді кішкене болса да білсек, «мен күнәсізбін» демеші үші едік. Бірақ оны байқамай айтудың мүмкін. Әрекетімізді ақтауға тырысқанда, өзіміздікі дұрыс деп басқаға жала жапқанда, ісімізге сылтау тапқанда, шынында өзімізді күнәсіз қылып көрсетуге тырысамыз. Бір-бірімізben сөйлескенде «Кешірім сұраймын. Олай істегенім дұрыс емес... бірақ (сылтау жазыңыз)!» дегендей сөз естіліп жатады. Қебіміз мұны өте жақсы білеміз. Балалық шағымыздан бері осыған үқсас сөзді айтып келеміз. Бірақ ол кешірім сұрау емес. Ол айыпты өзімізден басқа біреуге жылжыту. Истегеніміз үшін жауапкершілік алмайынша, шынымен өкінген жоқпыз.

«Кешірім сұраймын, бірақ мені ашуландырған сенсің!» Бұл айып техникасында «Бізде таңдау жоқ еді» дейміз. 1-Жохан 1:8-де жазылғандай, менде күнә жоқ дегенімізде өз-өзімізді алдаймыз, әрі шындықтан алшақ қалғанымыз. Шындықты білу бір басқа, оған сай өмір сұру бір басқа.

Құдай қолы мен жүргеі таза жандарды көргісі келеді. Бұл кішіпейілділік, адалдық, шынайылық арқылы мүмкін.

*Тәнірім, маған нұрда тұруды көрсете ғер. Басқаларды
айыптауды, қараңғылықтан бастау алатын кез-
келген әрекетке силау іздеуді доғарғым келеді.*

Күаттожын

ӘЙТКЕҢІ НҰРДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ
БОЛҒАН ҚҰДАЙДЫҢ ӨЗІ МЕҢІ
АҚИҚАТ ЖОЛЫНА БАСТАЙДЫ

Қарғыл-
қатынастасы
куш

ЕШҚАШАН БАС ТАРТПАҒАН

*Ол бір-ақ сәт ашуланады,
Ал рақымы өмір бойы үласады.*

ЗАБУР 30:5

Біреуді ренжітіп қойғанда, не істейсіз? Өз үйренгенім – ол кісіден қашқақтап, сылтауратып, алыс жұрсем, қарым-қатынасымыз бұзылады. Басқа жағынан, жүргегімді ол кісіге қарай бұрып, кішіпейілділікпен кешірім сұрасам, қарым-қатынасымыздың қалпына келуіне мүмкіндік беремін. Бұл әрдайым дұрыс шешім. Қарсы жақтан мейірімді жауап келмесе де, осылай істеген жөн. Кейде адамдар сізді кешірмеуді таңдайды, бірақ мынаны білініз: Құдай әрдайым кешіреді. Оның сүйіспеншілігі мен кешірімі үнемі басым болады. Кейде Құдай бізден теріс бұрылған сияқты сезек те, Ол ешқашан сізден бас тартпайды.

Кейде Құдай маған риза болмайтынын білемін. Шындықты мойындан, тәубе еткенімде, Құдайдан кешірім сұрағанымда, жүргегім Оның нұры мен сүйіспеншілігіне толады. Айыпталуға лайық болсам да, Құдай мені рақымына батырады. Тезірек сенімімді қалпына келтіреді: «Сен менікісің. Сені сүйемін. Өзгергің келетініне сенемін. Сені кешірдім. Енді оны ұмытатын үақыт келді». Дәл қазір Құдай тұра осыны сізге айтқысы келеді.

Сіз – Тәңір Иенің перзентісіз. Ол әрекетіңізді, сөзіңізді,

жүріс-тұрысынызды қолдамауы мүмкін, бірақ ешқашан сізден бас тартпайды. Қектегі Әкеңіздің еркіне қарсы істесеніз, дереу Құдайдан қарама-қарсы бағытта емес, Құдайға қарай жүгіріңіз. Жаратқан Иеден алыстау немесе тығылу татуласуды ұзартып жібереді және «өмір бойы ұласатын рақымнан» ада қылады. Жүргегізді ашып, Құдайдың сүйіспеншілігін және үйренетін сабакты қабылдаңыз.

*Кектегі Әке, мені қатты жақсы көретініңен
қателігімді көрсетесің. Киеle кітап арқылы және*

*Киеle Рухың арқылы өмірімнің қай салаларын
рақымыңмен тазалағың келетінін көрсете гөр.*

Сенен емес, Саған қарай жүгіруді таңдаймын.

Күаттымойн

ӨЙТКЕҢІ ҚАТЕ БОЛҒАНЫМДА НЕ
ІСТЕУ КЕРЕКТІГІН БІЛЕМІН.

ҚАҚТЫҒЫСТАҒЫ ТЫНЫШТЫҚ

*Қолдарыңнан келгенше, барлық
адамдармен тату болыңдар.*

РИМДІКТЕРГЕ ХАТ 12:18

*Б*іреумен сөзге келіп қалғанда, қақтығысты шешу қын болуы мүмкін. Мәсіхшілермен келіспеушілік болғанда, ең болмаса біздің негізгі тұсінктеріміз бірдей, бір Киелі жазбаны оқып, бір Құдайға табынамыз. Бірақ сонда да кейде адамдардың татуласқылары келмейді. Онда не істейміз? Өмірімде бірнеше рет ондай жайт басымнан өтті. Бірде байқаусызда досымды ренжітіп алдым да, арамыз бұзылғанын сездім. Жүргіме терең үңгіліп, досыммен сөйлесейін дедім. Одан «Айтқан сөзім ауыр тиді ме немесе бір қате әрекетім жаныңа батты ма?» деп сұрадым. Байқамай ренжітіп алушым мүмкін деп мойындағым, оны олай қалдырығым келмейтінін айттым. Құрбым менен теріс іс жоқтығын білдірді. Сонда да, арамыздағы салқындық кетпей қойды. Құрбыма сыйлық алыш, тағы да кешірім сұрап кішігірім хат жаздым. Жауап келмеді. Тағы да бетпе-бет кездесейін дедім. Қайтадан ештеңе болмағанына сендірді, бірақ алшақтық қала берді. Ақыры, ортақ құрбымызға барып, қай жерден жаңылғанымды сұрадым. Ол да білмеді. Екеуіміз бірігіп бір нәрсені түсінерміз

деп барлығын бастан аяқ баяндап бердім. Мені тыңдал болып, ол «Лиза, одан кешірім сұрап па едің?» деп сұрады.

«Иә, әрине».

«Бірінші болып хабарластың ба?»

«Иә, бірнеше рет».

«Оның бәрін істеп, бірде-бір нәтиже көрмесен, жағдайды бос қоя бер».

Осы сөз маған бостандық берді. Римдіктерге 12:18-дегі «Қолдарыңнан келгенше, барлық адамдармен тату болындар» деген сөзге бағынды. Айып менен деп өте кінәлі сезіндім, бірақ қатем қай жерден кеткенін білмедім. Шындығында, ол құрбымының менімен дос болуды қаламағаны немесе өміріміз-дегі маусымның өзгергені әбден мүмкін. Құдай менімен немесе құрбыммен жұмыс жасағанда, ол қарым-қатынастар басталып, біттепінін көрдім.

Біздің жауапкершілігіміз – татулық үшін мінәжат ету және ол үрдістегі біздің роліміз не екенін Құдайдан сұрау. Ұрысып қалған кісімізге кішіпейілділік пен сүйіспеншілікпен барсақ та, ол кісі бізді қабылдамаса, әлі дайын болмауы мүмкін. Ол бізге ауыр тиоі мүмкін, бірақ Құдайдың Сөзіне бағынсаныз, женіліп қалғандардың қатарында емессіз.

*Құдайым, қарым-қатынаста татуластыруышы болуға
күш бере гөр. Басқалардың реакциясын басқара
алмайтынымды білуге даналық бере гөр. Қолымнан
келгенше бейбітшілік әкелуге көмектесе гөр.*

Күдайымын

ӨЙТКЕҢІ БАСҚАЛАРМЕН ЖӘНЕ

ҚҰДАЙМЕН ТАТУМЫН.

ҰМТЫЛЫСТАР МЕН БАҒЫТТАР

Уа, Құдайым, сақтай гәр Өзің мені, Баспана етемін жалғыз Сені! Жаратқанға былай деймін: «Сен Иемсін, Сенен бөлек жоқ ешбір иғілігім!»... Ықылас-ниетім әрдайым Иемде, Оң жағымда Ол маған жар боп келеді: Жағдайым шайқалмайды ешбір кезде. Содан жүргегім шаттықта толады, Мәз-мейрам болып тілімнен бал тамады, Саған сенгенімнен тәнім тыншиды.

ЗАБУР 16:1-2, 8-9.

Ұмтылыс шешімді бағыттайды. Ықылас-ниеттеріңіз ақыры өміріңіздің барлық саласына әсер етеді. Құдайды ықыласымыздың ортасына қойғымыз келсе, «Көзге көрінбейтін Құдайдан қалай көз алмаймын?» деген сұрақ туады.

Әлденені қалай істеуді білгіңіз келсе, оны жақсы істейтін біреумен сөйлесіңіз. Дауіт патша Құдайдың артынан еруді білді, Құдайға деген ыстық ықыласын сақтай алды. Ол Құдайға бұрын-соңды болмаған күшпен ұмтылды. Дәуіт патша Құдайдың сүйіспеншілігі мен адалдығына ешқашан күмән келтірген емес. Ол өмірін айнымас алғыспен сүрді.

Бүгінгі аятта Дауіттің ерекше сөзі жүргегіндегі дәріптеуін білдіреді. Құнделікті айтқан сөзіміз, мінәжатта, келіспеуде, кәдімгі әңгімеде болсын, жүргімізде не барын әрдайым анық етеді. Ол айтылған сөз, өз кезегінде жүргімізге әсерін тигізеді. Осы забур жырында Дауіт өте қуатты ақиқатты жазған:

1. Құдайды баспана ет... патшалардың өзі өздерін қорғай алмайды.
2. Құдаймен жеке қарым-қатынасың болсын... Оған Тәңір Ием де.
3. Өзінен басқа ештеңені олай қатты қаламайтыныңды айт.
4. Құдайды мәнгілік көз алдыңа қой.
5. Құдай бәрінен жоғары, бәрінен бұрын, бірінші орында болсын.
Жаратқан Иені өмірінмен қадірле.
6. Не істесен де, Құдайдың артынан ер.
7. Бар билік Құдайдың қолында, сондықтан Оған тағзым ет.
8. Бәрін басқаратын сен емессің, сондықтан өзінді еркін үстап, шаттан.
9. Осы ақиқаттарды біліп, Құдаймен байланыста тыныштық тап.

Біздің Құдаймен жасасқан келісіміміз бар. Ол келісім мен сүйіспеншіліктің сөзін айтқанымызда, арамыздағы байланыс күшінеді. Өміріміздегі құрған әр қарым-қатынасымызды сөз беренше, оған сай болатын әрекет арқылы нығайта аламыз. Сөз өміріміздің ең қадірлі жерлерін тазарта алады, сонымен қатар ең терең дүни-емізді жарақаттай алады.

Жүргегінізді Құдайға сезімтал болуға баптау үшін, достарыңызды таңдауда қалай абай болсаңыз, сөзіңізді де солай таңдаңыз. Сөзіңіз аз болса да нәрлі болсын. Сөзіңіз арқылы Құдайды ізденіз, сонда Дәүіт патша сияқты ықыласыңыз үлғаяды.

*Тәңір Ием, Сени танып білгім келеді. Адамдардың
арасындағы ең асыл, ең қымбат қарым-
қатынасты қалай күтіп, дамытқым келсе,
Сенімен болуға да тура солай үмттыламын.*

Құаттымойн

ӨЙТКЕҢІ СӨЗІМЕ ҚҰДІРЕТТІ КУШТІ
ҚҰДАЙДЫҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ СІҢГЕН.

ҚАУІПТІ ДЕ СЕНІМДІ

Қаналғандарға Жаратқан пана болады, Қын жағдайда зәулім қорған боп тұрады.

ЗАБУР 9:9

 ыныстық және физикалық зорлық-зомбылық дүниеге індetteй жайылды. Әкем басқалармен қарым-қатынасымыңың қандай болғанын қалайды?

Бізге өте жақын адамдарға келгенде, бұл аса маңызды сұрақ. Бұл отбасы, дос-жаран, мұғалім немесе дәрігер болуы мүмкін. Жігіт немесе күйеу сияқты жанымызға жақын адамдар болуы мүмкін. Мұны айтып кеткенім жөн. Қарым-қатынаста қорлық немесе зомбылық көріп жатсаныз, үнсіз қалуға болмайды. Басқаны кемсітетін, адамгершілік сақтай алмайтын кісілерден аулақ болыңыз, олармен қарым-қатынасты үзіңіз. Әкелер сүйікті қыздарын қорғайтындаі, көктегі Әкеңіз үшін же сіздің қауіпсіздігіңіз бірінші кезекте тұр.

Көктегі Әкеңіз қадір-қасиетіңіздің аяққа тапталғанын қала-майды. Керегіңіздің бәрі бар, жылы, қауіпсіз өмір сургенінізді қалайды. Басқалар немесе өзіңіздің нашар таңдаулатыңыз сізді қорқытпасын. Өзіңізді қорғауға көтерілгенде, Құдай сізді қолдайды. Ол «Енді, әлі осындасың, өзің сұрап тұрсың» немесе «Мұны өз басыңа өзің тілеп алдың» деп ешқашан айтпайды! Керісініше, «Шық, үйге кел, қауіпсіз жерге қаш!» дейді. Тиісті мекемелерге барып, қорлау туралы дауыс көтеруге құқығының бар.

Бұл романтикалық қарым-қатынасқа, достыққа, кәсіби серіктестікке де қатысты. Лұқа жазған Ізгі хабарда «Өкпелететіндер үшін Жаратқан Иеге мінәжат етіңдер!» (Лұқа 6:28) делінген, бірақ алыстан мінәжат етуге де болады, қашықтық оның күшін азайтпайды. Пауыл елші «Қолдарыңナン келгенше, барлық адамдармен тату болыңдар» (Римдіктерге хат 12:18) дейді. «Қолдарыңナン келгенше» сөзі жағдай тек бізге емес, басқа да байланысты екенін көрсетеді. Сізге зиян келтіргісі келетін адамдардан алыс тұруға қабілетіңіз де, құқығыңыз да бар. Өміріңізді, сізді толықтай басқарғысы келетін адаммен аралассаңыз және бетпе-бет қарсы тұруға шамаңыз болмаса, онымен кездеспеніз. Және де, жыныстық немесе физикалық қорлыққа ешқашан, ешбір жағдайда шыдамаңыз.

Өзіңіз және өзіңзге зиян келтірген адамның арасында қашықтық салу керек. Бұл сізді қорғап қана қоймай, ол адамға әрекетінің қателігін көрсетеді. Біреуді кешіріп, оған болашақта өміріңізге кіруге рұқсат бермесеніз болады. Кешірім жаныңыздың саулығын сақтайды. Оны Құдай жоғары бағалайды.

Сіз – Құдайдың сүйікті қызысыз. Құдайдың басқалар сізben қандай қарым-қатынаста болғанын қалайтынын білініз.

*Иса, өмірімдегі улы қарым-қатынасты үзуге даналық
пен күш бере гөр. Жанымда екеніңе сенемін.*

ҚОРЛАУШЫ, ЗИЯНДЫ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ШЕК ҚОЙҒАНЫМДА.

Күаттымын

ДОСТЫҚТА ДАНА

*Сүйіспеншілігін жасырып, жалтарғаннан гөрі
ренжіткенге ашық ескерту жасаған иғі. Досыңың
сөгуі шынайы, дұшпаныңың сүюі алдамыш.*

НАҚЫЛ СӨЗДЕР 27:5-6

Dостықтың өте күшті әсері бар. Шынайы дос ақиқатты айтады. Сөзі тәкаппарлығымызға қатты тисе де, ақырында бізді сауықтырады. Сенімді достар естігіміз келетін сөзді емес, бізге керек сөзді айтады. Басқа жағынан, «Араммен араласып жүрген жан айырылар адал салтынан» (1-Қорынт. 15:33). Айналаңызда үлгі тұтар адамдар болсын.

Қуатты әйелдер достарын қалай таңдайтынына қатысты бірнеше ойым бар:

Біріншіден, достарыңыз сізге қарсы емес, сізben жақтас болсын. Досыңыз шағыну мен басқаға ренішін білдірумен ғана болады ма? Онымен сөйлескеннен кейін шаршап, ашуланып шығасыз ба? Сіздің дамып, жетілуіңізді қалайтын дос табуға және өзіңіз де сондай дос болуға тырысыңыз.

Екіншіден, өсіп-өнуге итермелейтін, кім болғыңыз келсе, соған қарай үмтүлуға көмектесетін досыңыз болсын. «Темір темірді қайрайды, адам адамды қайрайды» дейді Киели кітап (Нақыл сөздер 27:17). Майда сөйлеп, майқтай беретін, сіз естігіңіз келетін сөзді ғана айтатын дос емес, ақиқатты сүйіспен-шілікте айтатын досыңыз болсын. Басқаға өзіңіз де сондай дос болыңыз. Келіспеушілік пайдалы және «достың сөгуі шынайы».

Шыдамды болыңыз. Сенімнің дамуы уақыт қажет етеді.

Достық уақыт қажет етеді. Шынайы жақындық тілін тыя алмай, сырын шашып салудан басқа. Кейде басқаға тым көп айтып сала-мыз. Кейде басқасы бізге тым көп айтып береді. Тым көп білу біреуді шынымен жақыннан танумен бірдей емес. Ойда жоқта пайда бола салатын және тура солай лезде ғайып болатын бір-талай достықты көрдім. Құнды нәрсенің барлығы сияқты, сау достық еңбек қажет етеді. Досымның өтірік не шынайы екені сөзге келіп қалғанымызда ғана көрінеді, оны түсіндім.

Әлеуметтік желілер дос табуға көмектеспейді. Тек таныс таптырады. Дос таңдағанда абай болыңыз. Мінәжат етіп, Көктегі Әкеңізден дұрыс дос табуға көмек сұранызы. Өміріңіздегі қазігі маусымға сай дос келсін. Құдай дос сияқты көрінген дүшпан және сізben бірге бір бағытта келе жатқан біреудің арасындағы айырмашылықты көрсете алады. Біреу сізді үнемі кемсітсе, мен-сінбесе, сатып кетсе, шеттетсе, онымен неге дос болып жүрсіз? Ниетіңізді тексеріңіз. Сау емес бір әрекетті қайталай беріп, ішінен шыға алмай жүрсіз бе? Танымал кісі болуға үмтүлғаныңыздан ба? Мінәжат етіңіз, Құдай Киелі Рухы арқылы сізге Өз еркін ашсын.

Әр түрлі, көптеген адамдармен мейрімді, достық қарым-қа-тынас құра аламыз. Алайда жаңыңызға жақын келетін адамдарға, уақыт пен көңіліңізді арнайтын адамдарға сүй-іспеншілікпен ақиқатты айтыңыз.

*Құдайым, бір қауымдастықтың бөлігі болып,
достық арқылы өсіп-жетілуімді қалайсың,
оны білемін. Кіммен уақыт өткізетінімді
даналықпен таңдауға көмектесе гөр.*

ӨЗІММЕН БІРГЕ ӨСЕТИН АДАМДАРМЕН
ДОС БОЛҒАНДА

Күаттымай

ӘДІЛЕТТІ ҚҰДАЙ

*Бірінші боп дауласқандікі жөн көрінер, Ал
қарсыласы келіп, сауал қойып тексерер.*

НАҚЫЛ СӨЗДЕР 18:17

Kөп адам жиналған жерде, бетпе-бет болсын, әлеуметтік желіде болсын, аяқ астынан қақтығыс түа алады. Қарсыластар табан тіресіп, өз дегендерінен қайтпайды. Басқа жақты да мұқият тыңдамайды, өйткені өздерінікі дұрыс екеніне сенеді.

Исраилдіктер Мысырда құлдықта жүргенде қақтығыс күшпен және қорқытумен шешілетінін көрді. Халық азат болғанда қақтығыс пен келіспеушілікті шешудің басқа түрлерін үйренуге тұра келді.

Мысырдағы құлдықтың орнына Құдайдың құзырындағы қорғаныс келді. Бұл дегеніміз, тас мұсін пұттар мен керен, мылқау, соқыр бейнелерден бастартып, тірі, киелі де қастерлі, адал, құдіретті, сүйіспеншілікке толы Құдайға бет бұратын уақыт келді. От пен сүйіспеншіліктің Құдайы Мысырлық жалған тәңірлер сияқты емес. Исраил сиынған Киелі Құдайға Рухса кенеліп, шындықпен мінәжат ету қажет. Құдайдың билігінің мақсаты – әділдік. «Рас, Жаратқан Ие мәңгі билік жүргізеді, Ол тағын әділдік үшін орнатты» (Забур 9:7).

Әділетсіздік көргенімізде, соңында әділ үкім шығарылатынына сенімді бола аламыз. Жан-дұниеміз әділдікті аңсайды. Шынымызды айтсақ, бәріміз қате шешім жасаған кез

болды. Кейде бір жағдайды естіп, шешім шығаралмын. Сосын екінші жақты тыңдал шығып, пікірімді толықтай өзгертемін. Адамдарға да қатысты солай болып жатады. Дәл осы себептен Пауыл елші былай дейді: «Сондықтан уақыты келмestен бұрын айыптауға асықпай, Иеміздің қайта оралуын күтіндер! Ол әзірше қараңғыға жасырылғанды әшкерелеп, жүргегіміздің ой-ниеттерін ашып көрсетеді. Сол кезде Құдай әрқайсымызға лайықты мақтауын береді» (Қорынтықт. 1-хат 4:5).

Келіспеушілік туғанда Құдайдың даналығын іздеп, ақыры үкім шығаратын жалғыз Құдай екенін білейік. Көңіліміз жай тапсын. Тәнір Иенің басшылығымен жүріп, реакцияларымыз адалдық пен рақымға негізделсе, біреудің жазасын тарттыруға, оны құшпен көндіруге немесе кек алуға керек қалмайды. Ол біздің жауапкершілігіміз емес. Біз мінәжат етіп, Құдайың істеріне, кеңесіне қарайық. Ақыры, әрдайым бізben болатын Құдай – Кеңесшіміз.

*Тәнір Ием, қысымды алып тастағаның
үшін рақмет. Қақтығыс кезінде Саған сеніп,
Сенің басшылығыңа ере аламын.*

КЕЛІСПЕУШІЛІК КЕЗІНДЕ ӘДІЛ
ҚҰДАЙҒА АРҚА СҮЙЕГЕНІМДЕ

Kұаттымн

ӨСЕК ӨТКІЗБЕС

*Ақылсыз көршісін келекелер, Ақылды аузына ие бол жүрер.
Өсек тасыған сырыңды ашар, Адал жан ісінді құпия сақтар.*

НАҚЫЛ СӨЗДЕР 11:12-13

Бұл бәріміздің басымыздан өткен шығар: бірнеше кісі сөйлесіп тұрғанда, біреуі өсек айта бастайды. Сіз айнала қарап, біреудің ол бос сөзі тоқтатуын күтесіз. Бірақ неғұрлым ұзақ тыңдай берсеңіз, өсекті тоқтату соғұрлым қыын болып барады. Өз-өзінізге «Жарайды, ештеңе етпес. Маған бұл әсер етпейді. Ересек адаммын ғой» дейсіз. Дегенмен, кейін өсектің басты кейіпкерін көргенде, оған ескідей қарай алмайсыз. Немесе оның атын естігенде, ол кісіні іштей айыптай бастайсыз. Өсектемеу қыын болуы мүмкін, бірақ өсекті тыңдаудың өзі бізге зиянын тигізеді (Нақыл сөздер 17:4). Бұл қыындықты күн сайын әлеуметтік желіде көріп отырмыз.

Өсекке ортақ болмығыз келмесе, оның не екенін түсініп алайық. Мерриам-Уэбстер сөздігіне сәйкес, өсекші дегеніміз басқалар туралы жеке, таң қаларлық мәліметті бөлісе беретін адам. Өсекші жағдайға қатысы жоқ адамдарға жеке деректерді жайып салады. Бір рет болса да, бәріміз де өсек айттық. Өсекші болса, оны ойланbastan істей береді. Өз білуімше, өсекшінің ниеті жаман болмауы да мүмкін. Мысалы, ол тек маңызды көрінгісі келді немесе басқалардан қолдау алғысы келді. Әрине, басқа біреудің өмірін бұлдіру сияқты қара ниеті де болуы ықтимал.

Өсек қарым-қатынасты улап, шындықты бүрмалайды. Өсек сенімді сатып кетеді. Сақталуға тиісті сыр, жайт немесе қақтығыс басқа біреудің пайдасы үшін қайталанады. Біреу мәртебе, тұрақтылық немесе басқаға әсер ету қабілетін алу үшін басқаны сатып кеткен болады. Өсек данқ, абырой, көніл көтеру үшін айтылуы мүмкін. Кейде өсекші жай ғана өзін жақсырақ сезіну мақсатымен өсек жаяды. Басқа жағдайда біреудің жазасын тарттыру үшін немесе оны «орнына қою үшін» өсек айтылады.

Ол біздің шаруамыз емес. Біреу туралы әлдене айтсақ, өзімізге шек қоя алатындаи Киелі Рух жүректерімізді нәзік те сезімтал қылсын. Дұшпан сөзіңізге сақ екеніңізді білсе, не оқып, естіп, көріп жатқаныңыздан сүріндіруге тырысады. Оған жол берменіз. Өсектен аулақ болу жүректі қорғаудың үлкен бөлігі. Бос сөз әңгімелерге қатыспауға бел бусаңыз, ондай жағдайлардан қалай шығу керектігін білу үшін Киелі Рухтан даналық сұраңыз. Кейде ең жақсысы – тұрып кетіп қалу. Аузыңыздан шыққан сөз сізді жолдан тайдырмасын. Сізге жақын адамдарды жамандауға да ешкімге рұқсат берменіз. Оның орнына, мінәжат етіп, сүйіспеншілікке толып, керек болса, тік сөйлесіңіз.

*Тәңір Ием, жүргегімді кірлемепе үшін, аузыма және
құлағыма қарауыл қоюыңды өтінемін. Жұмсақ мінезбен
дегенімде нық тұрып, өмірімнен керексізді алып
тастып, рухымдағы басқаруға жауап беруді үйрете гөр.*

ӨСЕКТІҢ ОРНЫНА ӨМІР СӨЗІН АЙТҚАНЫМДА

Күаттоғын

ЫНТЫМАҚТАС БОЛУ

*Өзара ынтымақтас болыңдар; өркөкірек емес, кішіпейіл болып, өздеріңді басқалардан ақылды санамаңдар!
Жамандықта жамандықпен қайтармаңдар! Іс-әрекеттеріңің жүрт алдында ізгі болуына тырысыңдар.*

РИМДІКТЕРГЕ ХАТ 12:16-17

Ынтымақтас болу немесе бейбіт, тыныш өмір сұру дегеніміз Мәсіхтің рухани денесіндегі басқа сенушілермен достықта жарасымды өмір сұруді білдіреді. Ынтымаққа шақыру қауым ішіндегі өмірге де, сыртындағы өмірге де қатысты. Мәсіхтің рухани денесі біртұтас, сондықтан айырмашылықтарды ысырып қойып, бірлік сақтау оңай. Осыны түсінгенде, Құдайға қызмет етіп жүрген адамдардың арасында күтпеген достарды табасыз. Бүгінгі аяттан көргеніміздей, өркөкіректік және кекшілдік басқалармен тату болуға кедергі салады. Мұның бір себебі – басқадан өш алуға құқығымызы бар деп әрекет етуімізде. Ол Киелі жазбаның сөзіне қайши келеді. Есіңізде болсын, Мәсіхтпен тығыз байланыста біз қызметші роліндеміз. Ненің дұрыс екенін біліп қана қоймай, оны өмірімізде паш етуіміз қажет.

Өркөкіректік пен тәқаппарлықты былай қойсақ, үрғанға бетіміздің сол жағын да тосамыз, көйлекті тартып алғысы келгенге шапанымызды да береміз, жүгін тасытып қойғанмен

бір емес, екі шақырым жүреміз. Басқалар үшін дұрыс нәрсені істеп, барлығымен тату болуға шақырылдық. Бұл көктегі Әкемізге деген балаша сенімді дамытуды білдіреді. Жалғыз Құдай жағдайдың барлық жағын, әңгіменің әр бетіндегі әр тармақты біледі. Ол адап Құдай, әрі өмірдің шынайы авторы.

Қазіргі заман – әп-сәтте дау-жанжал шыға келетін кез. Сонда да, адамдар мейірбандықты көргенде, жүректері әлжірейді. Күн сайын айналамдағы адамдарды байқаумен боламын. Жылы сөз айтамын, көмектесуге тырысамын немесе жай ғана сәлемдесемін. Тым көбіміз тез-тез өмір сүріп бара жатырмыз. Құлақта тыңдауыр тағып алып, адамның бетіне қарамаймыз. Қуатты болып, жылы жүзбен мейірім танытсаңыз ше? Нәсіларлық мәселелер мен қаржылық тәкаппарлықты өтіріктен жок деу ешкімге көмектеспейді. Белсенді болайық. Жүрегіңіздегі жасырын залал мен біржақты көзқарас ашылсын деп сиыныңыз. Оны тапсаңыз, тәүбе етіп, одан бас тартыңыз. Тәкаппарлық – бізді соқыр қылатын әбзел сияқты. Оған ермеңіз, оны ақтауға сылтау іздеменіз. Кішіпейілділікті шапан тәрізді киіп алыңыз.

*Көктегі Әке, өмірдегі өркөкіректік пен залалды
ашып көрсетуіңді өтінемін. Басқалармен
ынтымақтастықта, татулықта өмір сүргім келеді.*

БАСҚАЛАРМЕН ЙНТЫМАҚТАС БОЛҒАНЫМДА

Қуаттымай

ҚҰДАЙШЫЛ ҚАУЫМДАСТЫҚТА ӨСҮ

*«Егер Менің тапсырғандарымды
орындасанңдар, Маған доссыңдар».*

ЖОХАН 15:14

*И*саның достары сізге шынайы дос болады. Игі өмір сүретіндікten, ауыздарынан игі сөз шығады. «Егер Менің тапсырғандарымды орындасанңдар, Маған доссыңдар» (Жохан 15:14). Иса өте анықайтты. Исаға дос болғандар Оның бұйырғаның орындаиды және басқаларды солай істеуге жігерлендіреді. Исаны сүйетіндерін дәлелдеу үшін орындараймын, Исаны сүйгендікten істейді.

Шынайы достар жоғарылауыңызға демеу болады және Құдайға ұнамды өмір сүрге қарай тартады. Сізben бірге уақыт өткізгілері келеді әрі сіздің өсіп-жетілуіңізге қуанады. Сізben бірге жылайды да, құледі де. Өмірдің маусымдары сізді бөліп жіберуі мүмкін, бірақ жүректері байланысқан дос болғаныңыз үшін, қайтадан басқосқаныңызда, еш уақыт өтпегендей болады. Шынайы достар сіздің гүлденіп, ілерлеуіңізге қарсы болмайды. Сізді биік шыңдан көріне берсін дейді. Сіздің жетістіктеріңіз өздерінікі сияқты қуанады. Әйелдердің бір тайпадай бірлескені қандай керемет болар еді. Артымызда, жанымызда, алдымызда келе жатқан қуатты әйелдерді көрсек бақыт емес пе? Жас кезде де, қартайған кезде де, ол қолдауды сезетін боламыз.

«Біреу жалғыз адамды жеңсе де, екі адам оған қарсы тұра

алады. Үш қабат жіп оңай үзілмес» (Уағыздардауышы 4:12). Достар сізбен бірге және сіз үшін мінәжатта араша бола алады. Қүшіңіз біткенде, өз қүшін сізге береді. Достар Иса Мәсіхтің атымен бірге жиналғанда, ол өте қуатты нәрсе. Иса «екі-үш адам Менің атымнан жиналса, Мен де сол жерде араларында боламын» деп айтқан еді (Матай 18:20). Сенушілердің арасында бола алатын таптырмас достық үшін бұл үлкен жарылқа.

Достар Киелі жазбаны бірге зерттеп, бір-біріндегі Киелі Рухтың еңбегін қуана тамашалайды. Жігеріңіз таусылмасын. Құдай қызыдарының жүректерінде керемет, терең жұмыс жүргізіп жатыр.

Достар келіспеген кездер де болады, бұл бөлініп кететін кез емес. Бірге, бір қауымдастықта өсуге жарапдық, сондықтан бір-бірімізді қорғап, сүйіспеншілікпен кешіруге дайын болайық. Өсіп-дамудың жолында қателер, сәтсіздіктер болып жатады, ол занғы. Бір-бірімізге демеу болуға берілсек, ең жаманды емес, ең жақсысын қүтетін боламыз.

Өмірінде осындай қарым-қатынас жоқ болса, оны әдейі қалап шығуға мақсат қойыныз. Ортасында Құдай түрған қарым-қатынастың болғаны өте маңызды. Оны тауып, өсіру үшін сиынып, Құдайдың кенесін сұраңыз. Басында қорқынышты болуы мүмкін, себебі адамның көбісі ол жауапкершілікті алғысы келмейді. Тәуекелге бел байлап, қол созыңыз. Бірге мінәжат ету болсын, бірге оқу болсын, жай ғана кездесіп, әңгімелесу болсын, ол құрбыларыңызben үақыт өткізіңіз. Онсыз болмайды.

Иса Мәсіх, шынай дос болғым келеді әрі өмірімде шынайы достықтың болғанын қалаймын. Ол қарым-қатынасты қайда және қалаі құру керектігін көрсете ғер.

МӘСІХШІ ӘПКЕ-СІҢЛІЛЕРІММЕН БІРГЕ

Құаттымоян




MessengerX

Күн сайынғы шәкіртшілігіңізге арналған қосымша

Толықтай тегін!

МобиЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫҢЫЗҒА ЖҮКТЕП
АЛЫҢЫЗ Да, ПАЙДАЛАНА БЕРІҢІЗ!
Немесе Сайттағы веб-нұсқаны
қолданыңыз:



MessengerX.com

130+ тілде және мұнымен шектелмейміз




130-дан астам тілдегі материалдарды көріп,
жүктеп алыңыз.

Материалдарды достарыңызбен бөлісіңіз немесе
оқу тобын бастаңыз.

Жаңа материалдарды үнемі қосып отырамыз.

Көріңіз. Оқыңыз. Тыңдаңыз.

Ресурстардың кең көлемді кітапханасына курстар, электронды кітаптар, аудиокітаптар, қысқа метражды фильмдер енді, қалағаныңызды тыңдауыңызға, оқуыңызға немесе көруіңізге болады.



Ең маңызды салаларда ілгерілеу

Отбасы, салауатты қарым-қатынас, өмірлік мақсатыңыз, порнографиядан азаттық, сенімді жетілдіру, Құдайдың даусын естү, кәсіптең көшбасшылық және тағы басқа тақырыптарды терең зерттептің!

Өсіп-жетілу жолы

MessengerX -тің мақсаты – өмір жолындағы келесі


қадамыңызды жасауыңызға көмектесу. Біз сізге шәкіртшіліктің сара жолын ұсынамыз. Осы жолда адаспауыңыз үшін керек құралдарды дайындалап қойдық.



Қосымшаның тамаша функциялары көнілінізден шығары сөзсіз!

- Осы материалдарды басқалармен бөлісуге және оқу топтарын ұйымдастыруға көмектесетін қолайлы құралдар.
- Chromecast пен AirPlay-ды пайдаланып, бейнежазбаларды смарт теледидарыңыздан көре аласыз.
- Ілгерілеуінізді барлық құрылғыныңда сақтай аласыз. Өзініз ұнатқан материалдарды кітапханаңызға сақтап қойып, кез келген уақытта жылдам таба аласыз.
- Материалдарды құрылғыныңға жүктеп алып, оффлайн көре аласыз.
- Қолайлы іздеу мен фильтрді пайдаланып, керегінізді жылдам таба аласыз.
- Аудиокітаптардың, Киелі Кітаптың тарауларын, мадақтау әндерін автоматты түрде өз ретімен тыңдай аласыз!

MessengerX - 1-2-3 тәрізді оп-оңай!



- 1** MessengerX қосымшасын App Store немесе Google Play-ден жүктеп алыңыз
- 2** Қосымшаға тіркеліп, материалдарды өз тілінізде көріңіз
- 3** Өзіңіз ұнатқан материалдарды көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз, жүктеп алыңыз әрі басқалармен бөлісіңіз

Өзіңіз шәкірт болыңыз, басқаларды шәкірт етіңіз

MessengerX ұжымына қосылып, өзге тілдерге аударылған ресурстарды әлемнің әр түкпіріндегі адамдарға жеткізуге үлес қосыңыз.

Өйткені әрбір адам білім алуға лайық!



MessengerX.com

</> Барлық браузерлерде
қолжетімді

Шайқастағы
күш

ҚҰЛАҒЫ ТҮРІК, КӨЗІ АШЫҚ

Салауатты да сергек болыңдар! Сендердің қас жауларың, шайтан, ақырған арыстандай қауымды айнала шарлап, кімді жалмасам деп торуылдап жүр.

ПЕТИРДІҢ 1-ХАТЫ 5:8

Dұшпанымыз бізге қалғып кеткен, бейхабар күйімізде тап беру үшін аңдып жүр. Басқа аудармада «айық, сақ» сөздері қолданылған. Айықтың қарама-қарсысы мас. Мас адам айналасында не болып жатқанын білмейді. Оның сезімдері өшіріліп қойған секілді. Реакциялары баяу, сөзді түзу айта алмайы, өз ойларынан сүрініп жатады. Сақ, айық болу дегеніміз, қырағы болып, сақтанып жүру, ояу әрі мұқият болу.

Петірдің бірінші хатындағы аят шайтанды аң аулауға шыққан арыстанға үқсатады. Ол бізді тікелей мағынада жалмамайды, басқаша, астарлы, білінбейтін жолдармен жұтып қойғысы келеді. Ол бірден байқалмаса да, өте қауіпті. Шайтан қуанышмызды, тыныштығымызды, демалысымызды, күшімізді үрлағысы келеді, сондай-ақ денсаулығымызға, қарым-қатынасымызға, ойларымызға шабуыл жасайды. Ол бізді айыптаң ақырады, солайша абыржу мен шатасуды түдірлады. Менің ойымша, Құдай ақырған арыстанның қорқынышты бейнесін қолдағанда, шайтанның мақсатына қалай берілгенін сипаттығысы келді. Арыстан аңды қалай иіскеп білсе, шайтан да

реніш пен ашы сезімді бірден біледі.

Арыстан қанға қарай беттейді. Жаралардан ақсан қан жыртқыштарға тартымды. Біздің жараларымыз ше? Ашыған, жараланған жерлерімізді дұрыстап таңбай, киіммен жауып қоя беруге болмайды, әйтпесе қан тоқтамай аға береді. Сергек те салауатты болудың бір бөлігі – жараларымызды көктегі Әкемізге әкелу. Көктегі Әкеміз жарамызды емдейді. Жақсылап өндеп, таңады да, Киелі Рухының күшімен сауықтырады. Жаралар кішкентай, қауіп төндірмейтін сияқты көрінсе де, сақ болайық. Басында көріп қалып, ушықтырып жібермесек, түнде айық, ояу, көзі ашық, құлағы түрік қарауыл боламыз.

*Көктегі Әке, дүшпанның торуылына қарсы даналық
бере گөр. Емделу үшін жараларымды Саған әкелгім
келеді. Мені қорғай گөр, сауықтыра گөр, өз-
өзімді басқаруды әрі сақ болуды үрете گөр.*

СЕРГЕК ӘРІ КӨЗДЕН ТАСА

НӘРСЕЛЕРДІ КӨРГЕНИМДЕ

Күаттоюлан

ӘЙЕЛ МЕН ЕРКЕК АРАСЫНДАҒЫ ТАТУЛЫҚ

*«Әйел екеуіңді, сенің үрпағың мен оның үрпағын
өзара өштестеріп қоямын. Әйелдің үрпағы басыңды
мыйып, ал сен оның өкшесін шағатын боласың»*

ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ БАСТ. 3:15

ай жерге қарасақ та, әйелдер мен еркектер арасында соғыс жүріп жатқан көрінеді. Әлсіз, ашулы ерлер мен жаралы, ашулы әйелдер бір бірін айыпта, өз бастарына келген қыындықтарды басқасы түзетсін дейді. Бірақ жағдайды не әйелдер, не еркектер қалпына келтіре алмайды... Ол тек Құдайдың қолынан келеді. Әу баста жаратылғанымыздай, бір-бірімізben тату бола аламыз.

Хая ана Едем бағына жыланның өтірігіне алданғаннан бері, әйел мен жылан арасындағы шайқас әлі жүріп келе жатыр (Жар. баст. 3:15). Құдайдың қыздары, сендерді бұл жыланнан Адамдың ұлдары құтқара алмайды. Ол үшін көктен келген Әмірші қажет. Жыланның мақсаты басынан бастап анық: Хауаның қыздарынан абырой, күш, қадір-құрметті алып қойып, әлсіз ету. Әйел абыройынан айырылып, кемсітілсе, ер адам үятқа қалады, өйткені әйел күйеуінің ұлылығын бейнелейді (Қорынт. 1-хат 11:7).

Бұл арпалыстағы ақиқатты көрсөніздеймін: жылан күшінізді, абыройыңызды, киіміңізді ұрлауда! Оны көріп, ашулануыңыз керек. Себебі сонда ғана шынайы дүшпаныңызды жеңуге батыл боласыз әрі шынайы Патшаңызға толықтай берілетін боласыз. Сонда жалаңаштығыңызды Құдайдың жарық нұрымен жаба алатын боласыз. Біздің жауымыз күйеулеріміз немесе жалпы ерлер емес, жанымыздың дүшпаны шайтан. Жаман түсен оянып, арманның қалпына келуін сұрап сиынайық.

Жаныңыздың ішінде терең жатқан үнді айтамын. Сүйіспеншілік, жақындық, терең қарым-қатынасты іздейсіз. Оны бірде-бір адам бере алмайды. Жерде табылмайтын қауіпсіз пананы іздейсіз. Көктегі Әміршінің сүйіспеншілігін аңсап дауыс көтересіз. Сізге айттар сырым бар... Сенесіз бе, жоқ па, таңдау өзінізде. Құдай да сізді аңсайды. Ол терең қалауды жүргегінізге еккен – Құдай, әрі тек Өзі оны қанағаттандыра алады.

Ішкі шөлді басамыз деп, суды қате жерлерден іздесек, көңіліміз қалады. Біздің мәселеміз ер адамдар емес. Ер адамдар – мәселенің шешімі де емес. Көзімізді көкке тігейік, себебі жәрдем көк пен жерді жаратқан Құдай Иеден келеді (Забур 120:1-2). Сонда ғана шаттықтың көзін тауып, күш пен абыройымызды қалпына келтіреміз.

*Көктегі Әкем, қате жаумен шайқасқанда, қанағатты
қате жерден іздегенде, Саған қарауды ойыма сала
зәр. Құтқарушым, шаттықтың көзі Сенсің!*

ҚҰДАЙДЫҢ ҚЫЗДАРЫ МЕН ҰЛДАРЫНЫҢ
АРАСЫНДА ТАТУЛЫҚТЫ ҚОЛДАҒАНЫМДА

Kuatlyshym

КЕШІРМЕУДІҢ ШАЙҚАСЫ

Құдай Патшалығындағы жағдай мынаған үқсас: Бір патша қызметкерлерінен есеп алмақшы болады. Есеп ала бастағанда оның алдына он мың ат басындағы күміске борышты қызметкерін алып келеді. Қарызын тәлелейтін ештеңесі болмағандықтан, патша оның өзін, әйелін, бала-шағасы мен мал-мұлкін түгел сатып, содан түскен ақшамен қарызын өтегуеге бұйырады. Сонда қызметкер патшаның аяғына жығылып: «Тақсыр, маған сәл мұрсат бере көріңіз, мен бәрін де тәлелеймін!» деп жалынады. Қызметкеріне жаны ашиған патша оны босатып, бүкіл қарызын да кешіреді.

МАТАЙ 18:23-27

 Кешірім жанды сауықтырады. Ол бізді ащи сезімнен азат етіп, айыптан босатады. Сонымен қатар, рухани соғыста кешірім шешуші роль атқарады. Шынайы шайқасының сізге зақым келтіргенге қарсы емес, жаныңыздың мәңгі жауына қарсы. Кешіргенде, біз оның бір қаруын алып қоямыз, өйткені кешірмей өмір сүретіндер оның шабуылына осал болады.

Бүгінгі аят кешірім болмаған қараңғы жерді көрсетеді. Өзіңізді қызметкердің орнына қойып көріңіз. Тәлей алмайтын қарызбен патшаның алдына келгеніңізді елестетіп көріңіз. Зәреміз қалмайды. Бар үміттен қол үзіп қалып, патшаның аяғына бас үрасыз. «Әйтеуір қарызды төлеудің жолын

табамын, бәрін өтеймін!» дейсіз. Оған келісудің орнына Патша сізді аяп, төлей алмайтыныңызды білсе де, борышыныңызды кешіреді. Көтере алмайтын жүгіңіз алынды! Патшаның мейір-бандығына мың алғыс айтасыз.

Патшаны үлгі тұтып, ол істегендей істеудің орнына өзінізден қарыз алғандарды еске аласыз. Оларды тауып алып, ақшаңызды қайтаруын сұрайсыз. Олардың ауыр жағдайын білесіз – сіз қарызызды өтей алмағандай, оларда да қаражат жоқ (Матай 18:28-31). Матай жазған Ізгі хабарда Исаңың айтқан астарлы әңгімесінде қызметкер тура солай істеп, Патшаның қаңарына ілігеді. Патша «Әй, зұлым қызметші! Сен өтінгендіктен, мен қарызыңды түгелдей кешірдім ғой! Ендеше сен де дәл солай жолдасыңды кешіруге тиіс емес пе едің?!» дейді (Матай 18:32-33).

Астарлы әңгімеде Патша көктегі Әкемізді бейнелейді, біз – қызметкерміз, ал сенуші бауырластарымыз – басқа қызметкерлер. Жанымыздың жауы шайтан азаптаушы ролін қуана атқарады. Кешірмегенде, басқаларды қарғыс пен айыптаудың түрмесіне қамап қоямыз. Ал өзіміз азаптаушының қолына түсеміз. Бұл жер тозақ сияқты. Басқаларда кешірмей алмаған заттардан өздері азап шеккен адамдарды кездестірдік. Олай істегенімізде жаудың шаруасын істеп береміз. Бір-біріміздің кісенін шешетін уақыт келді.

Тәңір Ием, біреуді кешірмей, оны тұрмеге қамап қойсам, оны көрсете ғөр. Сен мені азат еткендей, мен де оларды кешіріп, азат етуді таңдаймын.

ПАТША МЕНІ КЕШІРГЕНДЕЙ, МЕН ДЕ
БАСҚАЛАРДЫ КЕШІРГЕНДЕ

Күаттымын

СІЗДІҢ ПАНАҢЫЗ

«Періштелеріне Ол Сен жайлы бүйрек береді: олар Сені қорғап күзетеді»

ЛҮҚА 4:10

*М*ені періштелер қорғайтынын жиі ұмытамын, ол дұрыс емес. Дәүіт патшаның салған бейнесін өте ұнатамын: «Мейірленіп, Құдай, рақым етші маған, Өйткені үмітімді артамын Саған, Пәле-жала өткенше бас сауғалайын, Қанатыңың аясын паналайын» (Забур 57:1).

Біздің қорғанысымыз – Құдай. Өзімді қорғау қабілетім өте шектеулі екенін баяғыдан білемін. Қорыққанда Құдайға жүгірейік. Сіз туралы өтірік жайылғанда, жала жабылғанда, өсек тарағанда телефоныңызды қоя тұрыңыз. Ноутбуқты өшіріп, Құдайдың қанатын паналаңыз. Мен әдетте бөлменің есігін жауып, музыка қосып, мадақтаймын. Не істеріңізді білмесеңіз, мадақтау мен табыну әрдайым дұрыс шешім. Өмірдің қыындықтары шамадан тыс басыңызға келіп жатса, жағдай не болса да, Құдайдың панасында қорғанысыңыз бар.

Дұшпан сізді өз өзіңізді қорғауға тартқысы келеді. Оған көнбенеціз. Бәрібір күшіңіз жетпейді. Дауыл басылғанша, Құдайдың құшағына барып тығылайық.

Құдайдың қанатының панасынан басқа қорғаныстың бәрі оған тіпті жақын келмейді. Қаňар мен кек алу пана сияқты көрінсе де, ол өтірік. Бұл жалған паналарды Құдайдың құзырына кіру үшін шетке ысырып қою керек. Құдаймен

салыстырғанда өзін-өзі қорғау мен өзіне сену әлсіз пана. Қашқақтау, дәрі-дәрімекті іше беру сияқты әдістер, әлдемдегі кеңестің бәрі, өз-өзіне көмек, «дәлелденген шешімдер» -- күннің жаңына майшырақ ұстағанмен тең.

Сондықтан, мазаңыз кетіп, жойқын дауылдың ішінде қалғандай сезінсеңіз, барлық жақтан жау қоршағандай болса, көңіліңіз көтерілсін. Жақын арада Құдайдың қолын көретін боласыз. Құдай тек періштелерге бұйрық беріп қана қоймай, Өзін де ашық көрсетеді. Жау айналаны бұзып жатқанда, Занұды қайталау 3:22-де Құдай былай үәде еткен: «Олардан еш қорықпандар, себебі сендер үшін Құдайларың Жаратқан Иенің Өзі шайқаспақ!».

Шайқас сіз үшін тым үлкен болса, Құдайға жақындаңыз.

*Тәңір Ием, қорғанысым Сенсің. Саған жақындаап,
Сени қастерлеймін. Менің күшім жетпегендеге, Сен
келіп менің атымнан қүресесің деп сенемін.*

Күаттоюан

ӨЙТКЕҢІ ҚҰДАЙДЫҢ ҚАНАТЫНЫҢ ПАНАСЫНДА
ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚОРҒАНЫС ТАБАМЫН.

ШАЙҚАС БАРЫСЫНДАМЫЗ

Біз адам баласына қарсы емес, қазіргі қара түнектің әкімдері мен күштілеріне әрі дүниені билеп-төстіеушілеріне: көзге көрінбейтін дүниедегі зұлым рухтарға қарсы күресудеміз.

ЕФЕСТИКТ. ХАТ 6:12

Dұшпанның мақсаты – бізді көрінбейтін түнек күшімен күресудің орнына, адамдарға қарсы күресіп жатқандай көрсету. Пауыл елші мұны бізді қорқыту үшін емес, шынында не болып жатқанын білдіру үшін жазған. Бөлек бір қараңғы әлем бар, онымен соғысуға өз күшіміз жетпейді. Пауыл сөзін былай жалғастырады: «Сондықтан Құдай берген “рухани қару-жарактың” бәрін асыныңдар! Сөйтіп зұлым күштер шабуыл жасаған күні қарсы тұрып, ақырына дейін күресіп, жеңіп шыға аласыңдар» (Ефестіктерге 6:13).

Құдай жеңіп шығуға қажеттің бәрін берді. Пауыл бірнеше рет қару-жаракты асыныңдар дегендіктен, қаруымызға бейжай қараудан сақтағысы келген деген ойдамын. Жартылай киініп, қарусыз шықсақ, жеңіп шығуға күшіміз болмайды. Қарсы тұру нені білдіреді? Жеңілуге көнбейтін ұстанымға ие болу. Пауыл былай жалғастырады: «Сонымен, шындықпен “белді бекем буып”, әділдікті “сауыт қылыш киіп”, табанды тұрыңдар! “Аяқкиімдеріңді де киіп”, татуласу туралы Ізгі

хабарды таратуға дайын болыңдар!».

Белімізді шындықпен байлап, жүргіміз бен маңызды мүшелерімізді Мәсіхтің әділдігіне орап, аяғымызды Ізгі хабады таратуға деген дайындықпен қаптап қарсы тұрамыз. Татулықтықты, бейбітшілікті аңсайтын әлемде өмір сұрудеміз. Шындық пен әділдікіз татулық мүмкін емес. Шынықтан бас тартып, үәжге келсек, қарсы тұра алмаймыз, шындығында кім екенімізден аз боламыз. Татулықты негіз қылып күрескенімізде күшіміз артады. Мәсіхпен тығыз байланыста татулық дауылды тыныштандырудың, жүректі сауықтырудың және жандарды қалпына келтірудің жолына айналады.

*Көктегі Әкем, Сенен келетін татулықты біліп
күрескім келеді. Оны маған үйрете гөр. Киелі Сөзіңді
оқығанымда шындықты жаныма байлауыңды сұраймын.
Сонда уәжге келмей, нық тұратын боламын.*

Күаттымай
ШЫНДЫҚ, ӘДІЛДІК ӘРІ ТАТУЛЫҚТА ЖҮРГЕНІМДЕ

ҚАЛҚАН МЕН ЖЕБЕ

*Бұларға қоса сенімдеріңді «қалқан қылышындар»,
онымен шайтанның барлық «отты
жебелерін» өшіріп тастай аласындар*

ЕФЕСТИКТ. ХАТ 6:16

Бізге дұшпанның атқан отты жебелерінен қорғайтын қалқан берілген. Пауыл оны сенім қалқаны дейді. Еврейлерге арналған хат 11:1-да «Сенім дегеніміз — үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданданбау, әлі де көрінбей тұрған үәденің орындалуына шуббасіз илану» делінген. Ол қалқанды көзben көре алмаймыз әрине, бірақ оны дамыта аламыз. Сенім Құдайдың Сөзін есту мен зерттеуден келеді. Сенімді күш өрісі ретінде елестетемін. Сеніміміз неғұрлым өссе, соғұрлым қалқанмен қорғалған боламыз. Сенім нені ала алатынымыздан басталып, әрдайым нені бере алатынымызға қарай ілгерілейді.

«Құтқарылғандықтарынды “дулыға етіп киіп” қорғанындар; Құдай сөзін “рухани семсер қылышп ұстанадар”!» (Ефестікт. хат 6:17). Құтқарылу – санамызды қорғайтын дулыға. Құдайға жаңадан бет бұрғанымда, жаман ой келіп санама жиі шабуыл жасайтын. Қорқыныштан тітіркеніп, бұл қайдан келді деп абырарап қалатынмын. Құтқарылғаннан кейін ол ойлар менікі

емес екенін білдім. Құтқарылу ой-санаға тыныштық әкеледі. Қинайтын, маза бермейтін уайым келгенде, қолға семсер ұстаймыз! Құдайдың Сөзі – рухани семсеріміз. Шайтан Исаны азғырғысы келгенде, Иса Киелі жазбаның сөзімен жауап берді. Біз де жанымыздың дүшпанына солай жауап берейік. Ол біздің тыныштығымызға шабуыл жасағанда, жауабымыз Ишая 26:3 болсын: «Әрдайым ойын Саған бағыттаған Әрі сенімін бір Өзіңе артқан Жанды сақтайсың Сен тыныш, аман».

*Көктегі Әкем, мені дүшпанның бас салуынан
қорғайтын сенім қалқаны, ой-санамдағы тыныштық
және Рухыңың семсері үшін мың алғыс.*

ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІН ОҚЫП, АЙТЫП, ОҒАН САЙ ӨМІР
СҮРГЕНІМДЕ СЕНІМІМДІ ДАМЫТАМАЫН, СОНДА

Kұаттымай

ШЫНАЙЫ КҮРЕС

*Біз осы күнәкар дүниеде өмір сұргенмен,
оның салты бойынша күреспейміз.*

ҚОРЫНТЫҚТ. 2-ХАТ 10:3

Шынаиы күресінде өмір сүреміз, бірақ жердегідей күрес жүргізбейміз. Мәселе күресіп-күреспеуімізде емес, қалай күресуімізде. Бұл айырмашылық күресті жүргізу ниетімізде, «Не үшін?» сұрағына жауабымыздан көрінеді. Әлденеге қарсыдан гөрі әрдайым әлдене үшін күресуге тиіспіз. Бұл дүниенің салтымен күресетіндер адамға қарсы соғысады, біз одан терең шындықты білеміз: адамдар біздің шынаиы жауларымыз емес. Кейде ол өтірік болып көрінеді. Бәріміз бізге ауыртпалық келтірген бір адамды атай аламыз. Алайда, Құдай Өз халқын жақсы көреді. Иса оларды құтқаруға келді, сондықтан оларға қарсы күреспеуіміз керек. Тұтқындармен күресуден гөрі тұтқындарды босату үшін күрес жүргіземіз. Адамға шабуыл жасаудың орнына, оны жібермей тұрған бекініске шабуыл жасаймыз. Оның себебі мынада: «Қолданып жүрген қаруларымыз осы дүниелік емес, оларда Құдайдың құдіреті бар. Солармен жау бекіністерін талқандаймыз» (Қорынтықт. 2-хат 10:4).

Бізге Құдайдың құдіретіне ие қарулар берілді. Олар мықты болғандықтан, біз де қолымыздан келгенше сақ болуымыз керек. Өз сөзіміз жарылқау да, қарғыс да бола алатынын ұмытпаңыз. Әрекетте одан да асқан күш бар. Дүниенің

қаруы өлтірсе, біздің қару өмір береді. Дүниелік қару іріткі салып, ұлттарды, халықтарды, қоғамдарды бөліп тастайды. Ал мінәжат қаруы бізді Құдайдың қол астында біріктіреді. Жердің қаруы жарақаттап, мүгедек қылады, ал біздің екі жүзді семсеріміз шындықты өтіріктен айырып, сауықтыру мен қалпына келтіруге жол ашады. Адам дүниелік қаруды қорқытып, сал қылу үшін жаратты, ал біздің қару-жарақ қорыққан тұтқынды азат етіп, оған күш пен жігер беру үшін аспанда соғып шығарылды. Сонда ғана ол Құдайдың өзіне тапсырғанын, Құдайдың оның өміріне деген жоспарын орынданап шыға алады. Бекініске шабуыл жасап, тұтқынды бостандыққа шығарамыз.

*Көктегі Әкеміз, күрес ішінде болғанымда не үшін
күресіп жатқанымды көрсете гөр. Киелі Рух, ұрыс
алаңында тұтқынды жарақаттау үшін емес,
бекіністі құлату үшін болғанымды еске сала гөр.*

БАСҚАЛАРДЫ АЗАТ ЕТУ ҮШІН КҮРЕСКЕҢІМДЕ

Күаттымын

НҰРДА ШАЙҚАСУ

Құдай — Нұр, Оның ішінде ешқандай түнек жоқ.

ЖОХАННЫҢ 1-ХАТЫ 1:5

 шуа кітабында Құдайдың халқы мен жауларының арасындағы қанқұйлы соғыс туралы оқиға жазылған. Құдай олардың жанында өздерімен қатар күресті. Соғыс барысында қолбасшы Ешua көбірек жарық керектігін түсінсе керек, өйткені ол «Күн Гибеон үстінде тоқтай тұрсын, ай да Аялон аңғары үстінде аялдай тұрсын», — деп мінажат етті. Сонда, Киелі кітапта жазылғандай, «халық жауларын жазалап болғанға дейін күн мен ай тоқтап тұрды... Сол кезде күн дәл төбеде тұра қалып, шамамен бір күн бойы батуға асықпады... Себебі шынымен Жаратқан Иенің Өзі Израил үшін соғысты» (Ешua 10:12-14).

Жеңіске жетпей тұрған бөлік – жарық болса керек. Құдай оны керемет түрде қамтамасыз етті. Күннің жарығында исраилдіктер жаулары мен жақтастарын анығырақ көрді. Алайда қараңғыда жау мен досты шатастырып, қатардан шығып қалу оңай. Тура солай, рухани соғыста күресу үшін бізге жарық керек! Құдай ол жарықты молынан қамтамасыз етеді. Құдай – аспандағы күніміз, бізді шатастыратын, састьратын, күшімізді тауысатын қараңғылықты Ол сейілтіп

жібереді. Дұшпанымыз қараңғыда өркендесе, біз Құдайдың сүйіспеншілігі мен ақиқатының жарығында женіскер боламыз әрі өсіп-гүлденеміз. «Міне, жер бетін қою қараңғылық жайлап, халықтарды қара түнек жауып алды. Бірақ сенің үстіңен Жаратқан Иенің нұры жарқырап, Оның нұрлы салтанаты көрінеді» (Ишая 60:2). Исраилдіктер сияқты біз де өзімізді қоршаған қараңғылыққа бағынбаймыз, өйткені үстімізден Тәңір Иенің Ұлы Иса Мәсіхтің нұры жарқырайды. Исраилдіктер күннің батуын тоқтату мүмкін емес деп ойлаған шығар, бірақ адамның қолынан келмейтін нәрсе Құдайдың қолынан келеді. Біздің Құдай мүмкін емес нәрселермен айналысады. «Жер мен жердегілерге қараңғы түскенін көріп отырсың, оны білемін. Сонда да, қорықпа. Сені қорғайтын нұр жабыны Менмін» дейді Құдай.

Шайқас үстінде айналаңыздағы қараңғылыққа қарамаңыз. Ішініздегі нұрды ұмытпаңыз. Құдай күні-тұні сізге Өзінің нұрын төгіп, түнекті сейілтуді жалғастырып келеді.

Тәңір Ием, ішімдегі Сенің нұрың маған қуат береді.

Шайқас біткенше үстіме Өз нұрыңды жарқыратада гәр!

ҚҰДАЙ – МЕНИҢ НҰРЫМ,
СОНДЫҚТАН КҮРЕСКЕНІМДЕ

Қуаттымын

БЕРІК ТҰРУ

*Тек сол жерге барып, берік тұрыңдар! Сонда
Жаратқан Иенің өздерінді құтқаруын көресіңдер.*

ШЕЖИРЕЛЕР 2-ЖАЗБА 20:17

*О*сы өмір саяхатында бәрін тастағың келетін сэттер болады. Кейде тоқтап, жата кеткің келетін кез болады. Сүрініп, жеңіліп қалатындар мен жеңіскерлердің арасындағы айырмашылық – құласа да, тұрып кету. Жай ғана жаудан ұзағырақ жасау арқылы көптеген шайқастар жеңіледі. Бәріміз соққы алып, құлап қалатын кез болады. Оны тоқтата алмаймыз, дегенмен тұру не тұрмау өзімізге байланысты. Сенімді сақтауға бел байлаңыз. Бойыңызда күш қалмаса да, сеніңіз. Сезім тек шектеу қояды, себебі өз көзімізбен көрмейінше, қолымыздан не келетінінен бейхабармыз. Берік тұрсақ, Жаратқаның құтқаруын көреміз. Иә, қыын болады. Шайқассыз жеңіс болушы ма еді? Шайқастан қашып жүрсіз бе? Оның кесірінен бір рухани саланы жауға беріп қойдыңыз ба? Құдай сізді сапқа шақырады. Сізге үәде берген Құдай – адап. Құдай – құдіретті құшты, әрі сіздің де құшті болуыңызды қалайды. Құшін сіз арқылы паш ету үшін, Құдай сізге Өзінің құшін ашып көрсетпек. Шаршағанда, бәрін тастағыңыз келгенде, Шежірелер 2-жазба 20:17-де не жазылғанын оқыңыз:

Осы жолы шайқасатын сендер емессіңдер. Тек сол жерге барып, берік тұрыңдар! Сонда Жаратқан Иенің өздерінді

құтқаруын көресіңдер, уа, Яңуда мен Иерусалим халқы!
Үрейленіп қорықпанадар! Ертең оларға қарсы шығындар!
Жаратқан Ие сендермен бірге жүріп жар болады.

Құдай біз үшін құреседі. Кейде өзімізге тапсырылғанды құннен құнгे тоқтамай істей бергеннен-ақ жеңуге болады. Сүюді, құрбандығымызды әкелуді, қызмет етуді, үйренуді жалғастыра берсек жеңеміз. Басқа шайқастарда әнмен жеңеміз. Құдайдың Сөзін ән қылышпайтқанымызда, Рухтың семсерін сермейміз. Құдайдың үәделерін айтышпайтқанымызда, мінәжатты ән қылышпайтқанымызда. Кейбір шайқастар үнсіздік пен Құдайға толығымен бағыну арқылы жеңіледі. Құдайдың Өзі де ізгі, істері де ізгі екенін білсек, күлімсіреп, қорықпастан алға басатын боламыз. Құдайдың қүшіне негізделіп өмір сүргенімізде, басымызға не келсе де, қүш-жігеріміз қалмаса да, айбатты қарсыласқа тап болсақ да, бәрімен бетпе-бет келіп, аман қаламыз. Киелі жазба былай дейді: «Қорықпа, Мен саған жар боламын, Абыржыма, Мен сенің Құдайыңмын! Саған құят беріп көмектесемін, Жеңімпаз қолыммен сүйемелдеймін» (Ишая 41:10).

*Құдіретті, құшті Құдай, мені құтқарғаныңда Сенің
адалдығыңда нық тұрамын. Жеңіске жетпейінше
құн сайын табанды, қайсар болуды таңдаймын.*

ТӘҢІР НЕМ МЕН ҮШІН КҮРЕСЕТИНІН
БІЛІП, БЕРІК ТҰРҒАНЫМДА

Құаттымын

Рақомидасы
куш

І ӨТКЕНІҢІЗ – БОЛАШАҒЫҢЫЗ ЕМЕС

[Иса] басын көтеріп, әйелден: — Әлгі айыптаушыларың қайда кетті? Саған ешкім үкім шығарған жоқ па? — деп сұрады. Ол: — Ешқайсысы да, Мырза, — деп жауап берді. Ал Иса: — Мен де саған үкім шығармаймын. Бара бер, бұдан былай күнә жасаушы болма! — деді.

ЖОХАН 8:10-11

Ешқайсымыз күнәсіз емеспіз. Кейде басқалар құптасын деп адамдардың, діннің, дүниенің шарттарын қабылдаймыз. Бірақ одан әрдайым көніліміз қалатын болады. Ақырында күнә мен дін сізді сатып кетеді. Жохан жазған Ізгі хабар 8-тарауда Иса абырой, күш және қадірді көпшілікке мазақ болған аты жазылмаған әйелге берді. Иса көзге көрінетінмен тоқтамай, оның қазіргі халін тұрақты қүйі ретінде мойындаудан бас тартты. Басқаша айтқанда, Иса әйелге былай деді: «Өткен оқиғалар – сенің болашағың емес! Бара бер, бұдан былай күнә жасама. Өткенің күнә, болашағың Құдайға ұнамды өмір. Өткенің құлдық, ал болашағың азаттық. Өткенің ұят, болашағың абырой. Өткенің жалаңаштық, болашағың нұрды шапандай жамылу».

Иса әйелді кешіргеннен әлдеқайда көпті істеді. Оны азат қылды. Кешірім бар жерде азаттық басталады. Құнәнің құлдығынан азат болғанымызда, рақым бізді алға тартады, сонда құнәнің қақпанына қайта түспейміз. Алдымен Иса бізге мейірімін жаудырып, рақымымен күш береді. «Құнә сендерге билігін жүргізбеуі керек, себебі сендер енді Таурат заңына емес, Құдайдың рақымына бағынасындар» (Римдіктерге хат 6:14).

Мейірім өткенде істегенімізге қатысты. Рақым әрі қарай Исаңың біз үшін жасағанын қадірлейтіндей өмір суруге көмектеседі. Құдайдың мейірімі мен рақымы құнәкар өмірімізді артта қалдырып, Құдайдың болашағы мен үмітіне қадам басуға күш береді.

Бізге рақым берілді. Баяғы құлдықтың күші сынды. Кісеннің күшінен гөрі азат етушіміз Исаңың сөзіне көбірек сенетін кез келді. Исаңың сізді өзінікі етіп белгілегені кісеннен әлдеқайда мықты. Сенуге дәтініз барсын, өткеннің көлеңкесін артқа тастаңыз!

*Көктегі Әке, мені кешіргенің үшін, маған болашақ
бергенің үшін мың алғыс. Түнектің өтірігінен
гөрі Сенің нұрға толы сөзіңе сенемін.*

ӨТКЕНІМ БОЛАШАҒЫМ

БОЛМАҒАНДЫҚТАН.

Күаттоомын

КЕШІРІЛГЕН

Қайта, бір-біріңе мейірімді де жанашыр болыңдар; Мәсіхтің арқасында өздеріңді Құдай кешіргендей, сендер де өзара кешірімді болыңдар!

ЕФЕСТИКТ. ХАТ 4:32

*М*әсіхші болғанымда, талай рет істемеуге тиіс нәрселерді істедім. Жұбайым Джон менімен бірге құтқарылу мінәжатымен сиынғанда, «Тәңір Ием, күнәларымды мойындаймын» деген сөзді айтқызды.

Сасып қалдым. «Күнәларымның бәрі есімде жоқ қой!». Ұмытып қалғанымнан құтқарыла алмайтынымды ойлап қорқтым.

«Әр бірін айтып керегі жоқ. Күнә істегеніңді мойындасаң жеткілікті» деді Джон. Құдай күнәларымды менен жақсы біледі-ау деп менің де көнілім тыншыды. Күнәкар екенімді, мейірімге мұқтаж екенімді білдім. Маған кешірім қажет болды және оны Құдайдың рақымымен қабылдадым.

Сенуші болғанымнан кейін көп ұзамай, басқа мәсіхшілерді, яғни жанымдағы қызметкерлерді кешірмеген халде екенімді түсіндім. Олар менен кешірім сұрауға міндетті сияқты сезіндім. Бұл ойлар мені іштей жей берді. Осы уақытта белсенді рухани шабуылдарды да көрдім. Мені біреу көзделеп, әдейі қыындық туғызған сияқты болды. Ол солай да еді. Мәсіхші болсам да, шайтанның айлаларына алданған кездерім болды. Көп мінәжат етіп, өзіме қарсының барлығына тыйым салып, өзіме

керектің бәріне рұқсат еттім. Одан нәтиже шықпады. Өз қолыммен істеп шыққан арқанға байланып қалдым. Ақыры, шындыққа көзім жеткенде, өзіме істелген нәрселер маңызды емес екенін білдім. Менікі дұрыс, олардықі қате екені ештеңе емес. Құдай мені кешіргендей, мен де кешіруге тиіспін. Осы ғана маңызды.

Қанша алданғаныма таң қаламын. Өзімдікі сонша дұрыс екенін ойлап едім, шындығында қателескен болып шықтым. Осыны түсініп, еркін кешіретін болдым. Мейірім бұлағында мені тазартсын деп Исаға жалындым. Құдай мені естіп, сұрағанымды берді. Бір ғана айтарым бар. Құл болып та, азат болып та өмір сүріп көрдім. Азат болу мың есе артық. Қанша кешіруге тура келсе де, қанша рет кішіпейілдікті жаңадан үйренуге тура келсе де, азаттық артық.

*Көктегі Әке, өмірімнің қай салаларына өтірік
пен кешірімсіздік еніп кеткенін көрсете гөр.*

ӨЗІМДІ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРДЫ

КЕШІРГЕНДІКТЕН

Құаттымын

РАҚЫМДЫ

*Даналығы адамға сабыр сыйлар,
Қатені кешіру оған құрмет болар.*

НАҚЫЛ СӨЗДЕР 19:11

 «Атені кешіру құрмет» дейді Сүлеймен патша. Жазықты кешіріп, қайта еске алмау мәсіхшінің абыроіы, қадірі, басқалардан ерекше ететін қасиеті. Мәсіх сияқты әрекет етудің бір мысалы осы.

Зәбір, жарақат, қоққан-лоққыларды Әділ төреші көктегі Әкеміздің қолына тапсырсақ қана кешіре аламыз. Балаларым ұрысып қалса, жиі әділдікке шақырады. «Ол үйді жинамады» немесе «Компьютердің алдында тым ұзақ отырды». Не айтарларын басқасы естісін, қалағандарында болсын, әділдік орнасын дейді. Джон екеуіміз араласып, қолымыздан келгенше төрешілік етеміз. Алайда үлдарымыз жиі біздің шешіміміз әділ емес деп санайды. Сонда жағдайды өз қолдарына алып, бәрін ушықтырып жібереді. Бірге отырып, мәселені шешуді айтып отырған жоқпын, оны әрдайым қолдаймыз. Балаларым бір-бірінен кек ала бастайды. «Ағаңды неге үрдыш?». «Өйткені ол...». Ондайды өзіңіз де естіген боларсыз. Төбелесудің орнына бізге келіп сөйлесіңдер десек, «Өткен жолы ештеңе істемедіңдер ғой» дейді. Оның мағынасы: өткен жолы сендердің істегендерінді ұнатпадым, сондықтан осы жолы бәрін өзім шешемін.

Джон екеуіміз ата-ана ретінде қателескенімізді

мойындауға әрдайым дайынбыз. Құдайдың қателеспейтініне шүкір! Ол әділ, мінсіз Төреші. Оның шешімдері уақыт, әрекет жағынан біздікі сияқты болмауы мүмкін, бірақ Құдайдықі – мінсіз, ал біздікінің кемшіліктері жетіп жатыр. Біреудің қатесін кешіргенде, ата-анасына сенетін балалар сияқтымыз: «Әке, бұл мәселені Сенің қолыңа тапсырамын. Ол менен үлкен. Маған ауыр келеді. Өш алудан бас тартамын. Оның орнына, мәселені Сенің алдыңа әкеліп, кешіремін». Текті кісінің ісі осындаі. Құдайдың Ұлын осылай жерде үлгі тұтамыз. Иса шәкірттеріне былай деген: «Ол тіпті күніне жеті рет саған қарсы күнә жасап, жеті рет келіп, “өкініп, теріс жолдан қайттым” десе, кешірім ет!» (Лұқа 17:4).

Болашақта басқалар қателесетін болады. Оларды кешіруге дайын болайық. Кешіру дегеніміз қатеден жоғары қараяу. Қате жасалған деңгейде қалмай, одан жоғары шығу. Үкім шығарғың келсе де, рақым мен мейірім таныту.

*Тәнір Ием, мені басқаларға рақымды етеп гөр.
Қателерге келіп тіреле бергім келмейді. Не істесем
де, одан Сенің рақымың мен мейірімің көрінсін.*

ҚҰДАЙ МАҒАН РАҚЫМ ЕТКЕНДЕЙ, МЕН
ДЕ БАСҚАЛАРҒА РАҚЫМ ЕТКЕНДЕ

Күаттымай

АЙЫП ЕМЕС, ӨСҮ

*Енді Isa Мәсіхпен тығыз байланыстағы
адамдарға Құдай жазалау үкімін шығармайды.*

РИМДІКТЕРГЕ 8:1

 өз-өзімізге неге сонша қаталмыз? Оны істеп не бітіргіміз келеді? Күнде үйиқтар алдында күні бойы жасаған қателерімнің бәрін ойша тізіп шығатынмын. Өз өзімнен күткенімді істей алмаған соң, ол бұзылғандықты ақтаймын деп өз өзімді азапқа салатынмын. Күннің соңында өзіңзге көніліңіз толмауы мүмкін. «Өзімді жазаласам, өзгеремін, басқа адам боламын» деуіңіз ықтимал. Бірақ ол шындық емес. Бұл амалыңыз пайдалыдан гөрі зиянды.

Өз қателерімізді мойындау, «басқаша істеуім керек еді» деу жаман нәрсе емес. Киелі Рух қате сөзіміз бен әрекетімізді ойымызға салсын. Бірақ бұл кінәлі сезіну үшін емес, өсіп-жетілу үшін керек. Күн сайын күннің сәтсіздіктерін еске алып, өзіме ұрысатынмын. Қателерімнің жүгін әбден сезініп, оның астында езіле жаздағанымда ғана сиынып, Құдайдан кешірім сұрайтынмын. Бірақ ол сәтке келгенде, кінәнің даусы бәрінен қатты естілетін. Мейірім мен үшін жеткілікті екеніне сену қыынға түсетін.

Мысалы, күні бойы балаларымды нұқып, ұрыса берген

болсам, «Неге сондай сабырсызың?» деп өзіме қатты наразы болатынмын.

Сабырлы болудың жолдарын іздеудің орнына, өзімді «қолыңнан түк келмейді» деп кемсітетінмін. Бұл тек келесі жолы да сәтсіздікке итеретін.

Өзіңнен жиіркену, өзіңе ашулану кінәға айналып келе беретін қауіпті жолды салады.

Кінәнің біз үшін тым ауыр жүк екенін түсінген Иса оны біз үшін көтерді. Кемшіліктеріміз Құдай Сөзінің жарығына әкелейік. Онда біз айыптау мен кінәнің орнына кеңес пен жаңа түсінік табамыз. Жарықтың түскен жерінде бізді сауықтыра алатын нәрсе пайда болады. Кінә – қараңғылық, ал мейірім – жарық. Бұрыстарымызды қайталай беруден гөрі оларды дұрыс ете алатын жауаптарды қайталайық.

Қымбатты қектегі Әкем, өзімді кемсітіп, ойша ұрып-соққаным үшін кешірім сұраймын. Сөзінің жарығы жүргегіме ақиқатпен бірге енсін. Өз-өзімді соттаудан бас тартып, Сенің мейіріміңді қабылдауды көмектесе гөр.

КІНӘНІҢ ОРНЫНА ӨСІП-ЖЕТИЛУДІ ТАҢДАҒАНДЫҚТАН

Күаттымойн

ЖҮРЕК БАҒЫ

*Абай болыңдар, ешқайсың Құдайдың рақымынан
құр қалып жүрмендер! Әйтпесе улы жеміс
беретін тамырды қазып алып тастамаса,
оның қайтадан көктеп, қаулап өсіп кететіні
сияқты, мұндай адамдарың өздерінің жаман
көзқарастарына көптеген басқаларды да
еліктіріп, арамдалап, зор зиян тигізетін болады.*

ЕВРЕЙЛЕРГЕ ХАТ 12:15

*К*ішкентай кезімде арамшөп теру менің жұмысым болатын. Әрдайым оны тезірек бітіруге асығып, ойыныма оралғым келетін. Асыққаннан кейде арамшөптің тек жапырағы мен сабағын жұлып, тамыры топырақта қалғанын көрмей қалатынмын. Тамырымен жұлып шығару үшін қолымды топыраққа сұққым келмейтін. «Сабағы мен жапырағы болмаса, арамшөп өздігінен солып қалады, ал анам жердің астында не қалғанын қайдан білсін?» дейтінмін өзіме. Кедір-бұдырдың үстінен топырақ сеуіп, тырмауышпен тегістей салатынмын. Бірнеше аптадан кейін арамшөп ескі жерінде қайтадан қаулап шығатын. Мен алып тастаған шөптен кіші болса да, тамыры қалыңдау, күштірек болатын. Енді арамшөптің айналасын да қазу керек. Басында оңай тапсырма болған нәрсе жалықтыратын күреске айналды.

Жүргегіміздің бағында датура солай істеп жатқан жоқпыш ба?
Шайтан үмітсіздіктің, бұрыс ойлардың, ашудың түқымдарын

сейіп, ол арамшөптің тамыры бізге нәр беретін Құдайдың Сөзін тұншықтырып жібергенін көруді армандайды.

Пайдалы өсімдікке қарағанда арамшөп тез әрі оңай өседі. Арамшөп жабайы өсімдік, еркін ұшып-қонып, әр түрлі топыраққа бейімделе береді. Жеміс-көкөністің өмір беретін тұқымдарын арнағы егіп, күтіп-бағу керек. Топырақтың шарты, жанындағы шөп зиян тигізуі мүмкін. Ашы сезімнің тамыры ең беймезгіл кезде шығады. Ең ыңғайсыз уақытта жағдайды ушықтырады. Ыңғайсыз болса да, оны елемеу дұрыс емес, өйткені ештеңе істемесе, ол өмірге қауіп төндірмек. Жүргегіздің топырағын назарсыз қалдырмаңыз. Жоғарыда ғана көрінетін сабак пен жапырақтарды ғана жұлып, тамырды қалдырмаңыз. Тамырды жұлып шығармаса, ол тек күшнейеді. Тым жиі бәрін басқарып отырмыз деп өзімізді алдаймыз. Оның орнына Киелі Рухқа ішімізде терең жұмыс істеуіне рұқсат берейік.

Сондықтан, абай бағбан болайық. Жүргегімізде өкпе, реніш, жек көрушілік, ашудың ізін байқасақ (ол әр маусым тамыр жаюға тырысады), Қожайын Бағбанымыздан көмек сұрайық. Ол арамшөптің тамыр жүйесін ашық көрсетіп, оны жоюға жәрдем етсін. Құдайдың Сөзі жүргегіміздің топырағына терең енсе, тамаша өнім жинайтын боламыз.

*Көктегі Әке, жанымды жақсылап бағуға көмектесе
гөр. Аңылыштың тамырларын ашыққа шығаруға
қорқпайтын болғым келеді. Ол көктеп шыға бастаса
маған ескерте гөр. Жүргегімдегі барлық бұрыс нарсені
қопарып шығарып тастауға маған күш бере гөр.*

ЖҮРЕГІМДІ БАҚ СИЯҚТЫ ӨСІРІП,

ОҒАН ҚАМҚОР БОЛҒАНЫМДА

Күаттымай

ҮКІМ ШЫҒАРУ

«Құдай өздеріңе үкім шығармас үшін сендер басқаларға үкім айтпаңдар! Себебі басқаларға қандай үкім айтсаңдар, өздеріңе де сондай үкім шығарылады. Сендер өзгелерге қолданған өшлием өздерің үшін де қолданылмақ».

МАТАЙ 7:1-2

Kөбіміз барлық нәрсенің түсінікті болғанын қалаймыз. Ол үшін барлығын ойымыздағы кішкентай қорапшаларға бөліп орналастырып қоямыз. Бірдене немесе біреу қорапшаға сыймаса, жиі үкім шығара бастаймыз. Бірақ ол үкім әлгі әрекет не кісі туралы емес, шындығында бізге қатысты. Сенуші болғалы бірнеше жыл өткенде бір жағдай орын алды. Оны көп түн бойы ойлап шықтым. Бір қорапшаға сиғыза алмай қойдым.

Қауымда бір сенуші ерлі-зайыптылар бар еді. Бұл жұп Құдайдың Өзі оларды қалай қосқанын ашық айтатын. Олармен бірге көп үақыт өткіздік, әрі екеуі де Құдайды және Құдайдың халқын қатты жақсы көретіндерін білетінмбіз. Бір кезде аяқ астынан бір сыйбыс тарады. Көп ұзамай достарымыз қын ажырасу үрдісін бастады. Ешқайсысы неке адалдығын бұзған жоқ. Жай ғана бір біріне жар ретінде үйлесімді болмаған көрінеді. Бұл мені жаман халге салды. Өз некемде қындықтарға тап болған кезім. Құдай Джон екеуімізді Өзі қосты ғой деп сенімде нық тұруға тырыстым. Алайда көз алдында Құдай қосқан жұптың қарым-қатынасы бұзылып жатты.

Бұл жайт өз некемде Құдай көмекке келеді деген сенімді әлсіретіп жіберді. Ол жұптан бір кемшілік тапқым келді.

Оларды «жарыстан шығарсам», қорапшаларымның біріне сиғыза аламын. Жақсы танитын бір кеңесшіге барып ішкі арпалысымды ақтарайын дедім. Кездесуде ұзын, Киелі кітапқа негізделген жауп күттім. Оның орнына ол күрсініп, «Шынымен шиеленіскең жайт екен. Оған үкім шығару менің міндетім емес, қандай тамаша» деді. Дереу жайттың жүгі иығымнан түскенін сездім. Кеңесшінің қарапайым сөзі мені ауыр салмақтан арылтты. Оның дүрыс. Шайтан мені басқаларға үкім шығаруға итерді. Оның кесірінен мен Құдайдың адалдығына күмән келтіре бастанпын. Басқалардың некесін өлшем бірлігі қылышп, өз некемді сонымен өлшедім. Құдай олар үшін бір нәрсе істемепті деген қорытындыға келдім де, Құдайды өзім шектеп қойдым. Қорқынышты негізге ала отырып, үкім шығардым.

Көп жағдайда өзіміз жарақат алып қалмау үшін, басқалардан сын естімеу үшін үкім шығарамыз. Шындығында әрбіріміз кінәліміз. Киелі кітапта бүгінгі аятымыздан кейін былай жазылған: «Неге бауырыңың көзіндегі жаңқаны көре тұра, өз көзіндегі бөренені байқамайсың?» (3-аят). Анық көру үшін, өзімізге және басқаларға шынымен көмектесе алу үшін үкім шығарудың бөренесін шығару керек. Басқаларды қорапшаларға сиғыза алмағанымызда, өз жүргегімізге үңіліп, үкім шығару біздің міндетіміз емес екеніне қуанайық.

*Көктегі Әкем, басқаларға үкім шығарғанымда, тұра
сол өлшем маған қатысты қолданатынын есіме
сала гөр. Мейірім тұқымдарын себуге көмектесе
гөр, себебі өзім мейірімге мұқтажбын.*

ҮКІМ ШЫҒАРУДЫҢ ҚОРАПШАСЫНАН

ЕРКІН ӘМІР СҮРГЕНДІКТЕН

Күаттоғын

ИЕ БОЛУ ЖӘНЕ ЖІБЕРУ

*Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді
де әділетті болғандықтан оларды кешіріп,
бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады.*

ЖОХАННЫҢ 1-ХАТЫ 1:9

Бүгінгі аятта үлкен үәдені көремін. Күнәларымызды мойындағанда, Құдай кешіріп қана қоймай, бізді таңдауымыздың салдарынан да тазартады. Сылтау ізденеге басқаға жала жапқымыз келеді? Бір білетінім, қатенде мойындалап, оның салдарына ие болсан, қате саған үстемдік ете алмайды. Жала жауып, айыптаудың керегі қалмады, өйткені Иса айыбымымызды өз мойнына алды. Бізге тек күнәні мойындалап, ілгері жылжу қалды.

Біріншіден, мойындау туралы сөз қозғайық. Жас кезімде Филип Уилсон есімді бір комедиялық әртіс бар еді. Ол Джеральдиннің атты кейіпкерді ойнайтын. Джеральдиннің барлық жағдайда айтатын бір сылтауы бар – «Оны маған шайтан істеткізді!». Сылтау табуға шебер болсақ та, шынында шайтан ешкімді құштеп істегіңі келмейтін нәрсені істеуге мәжбүрлей алмайды. Меніңше, айыптау мен сылтау айтудың бірден байқалмайтын түрі бар, ол «Басқа амалым қалмады» немесе «Өзімді тежей алмадым» деу. Олай айтқанымызда, күш-қуат беретін Мәсіхпен бірге болсақ, бәріне де төзе аламыз дейтін Құдайдың сөзіне қарама-қарсы келеміз. Яғни, «Басқаша істей алмадым» дегенімізде асылында күнә әлі бізге билік жүргізетінін, біз оны жеңе алмайтынның мәңзейміз. Оны аузымызбен айтпасақ та, ол өмір салтымыздан анық көрінеді. Теріс жолдан қайтып,

тәүбе ету дегеніміз былай: «Оны істедім, мойындаімын. Енді, Тәнірім, Саған бет бұрамын. Мені тазарта гер».

Қателерімізге ие болып, оларды мойындағаннан кейін одан да қыын қадам жасауымыз керек: жіберу. Өзіңізді еркін қоя беруіңіз керек. Бұл өте маңызды, себебі эмоционалдық, физикалық және рухани денсаулығының осыған байланысты. Құдай кешіріп, ұмытқан нәрсеге бола өзіңізді іштей ұрып-соғудан ештеңе шықпайды. Шығыс батыстан тым қашық болғаны сияқты, Ол заңсыз істерімізді бізден зор қашықтатса (Забур 103:12), оларды айта беруден не пайды?

Бізді тәубеге жетелейтін – Құдайдың игілігі мен мейірімі. Бұл өзіміз білетіннің бәріне қарама-қарсы. Біз бәрінің ақысын төлегіміз келеді. Сонда ғана кінәнің жүгінен айырылғандай боламыз. Кішкентай кезімде үлкендер маған үнемі «Өзгергеніңде ғана өкінгеніңе сенемін» дейтін. Бірақ біз мейірімге лайық болмағанда Құдай мейірімін берді. Сол мейіріммен ғана өзгере аламыз. Біз әлденеге лайық болмасақ та, ол бізге берілсе, мейірім дегеніміз осы. Көбіміз үшін мұны түсіну қыынға соғады. Біз ережеге үйреніп, «көзге көз, тіске тіс» дегенге үйреніп қалдық. Заң, дұшпанымыз және санамыздағы айыптаушы әрдайым үкім шығаруға дайын. Ал Киелі Рух мейірім дарытады. Құрбым, ол мейірімді қабылдаңыз. Құдайдың сізді күнәдан арылту жолын қабылдаңыз.

*Тәнір Ием, мені күнәдан азат еткің келеді, оны
білемін. Мен оған қарсылық көрсетsem, оны
ағып көрсетe гөр. Қай тұста қатеме ие болып,
жіберуім керектігін көрсетуіңді сұраймын.*

ҚАТЕЛЕРІМДІ МОЙЫНДАП, ЛАЙЫҚ БОЛМАСАМ
ДА, МЕЙІРІМДІ ҚАБЫЛДАҒАНЫМДА

Күаттымын

ІС ЖҰЗІНДЕ ОРЫНДАУҒА ҚАБІЛЕТТІ

Бауырын жек көретін әркім — кісі өлтіруші! Ал мынаны білесіңдер: кісі өлтірушінің мәңгілік өмірі жоқ.

ЖОХАННЫҢ 1-ХАТЫ 3:15

лемде тым көп жеккөрушілік бар. Бүгінгі аятты шындағ қарастыруымыз керек. Бауырын жек көретін адам... кім? Өлтіру жек көруден басталады. Аят «әркім» дейді, ол дегеніміз кез-келген адам. «Бауырынан немесе жарынан жамандық көрген біреуді қоспағанда» деген толықтыру жоқ. Ережеге жатпайтын ешкім жоқ. Әркім, кез-келген, барлығы деген сез бар болса, Киелі жазба әрбірімізге қатысты. Бізді ережеден босататын шарт жоқ.

Енді жақсы жаңалыққа келейік: бұл біз үшін күш жинауға әрі рақымда өсіп-жетілуге деген тамаша мүмкіндік. Біз Құдайдың Сөзіне бағынған сайын, Құдай оны іске асыруға қажеттің бәрін қамтамасыз етеді. Өзінің сөзін іс жүзінде орындаш шығуға бізді қабілетті етеді. Аятта бауырын жек көрген әркім кісі өлтіруші делінген. Оны айналып өтудің амалы жоқ, бұл қатал ереже. Мен кісі өлтіруші атанғым келмейді. Сонда да сенуші бола тұра жүргімнің қараңғы түкпірінде жек көрушілікке тап болған кездерім болды. Осыған бола мен заң бұзушы немесе тіпті кісі өлтіруші болдым ба? Тәубе етіп, теріс жолдан қайтсам, қараңғылыққа еркіндік бермесем, жоқ, болмаймын.

Күнәларымыздың үстінен жабын болатын, бізге күш беретін Құдайдың рақымын татып көрдік. Құдай кешірмейтін тым жиіркенішті, тым қараңғы күнә жоқ. Құдай тәубе еткен кісі өлтірушілерді кешіреді.

Өмірге жердің әділет жүйесі тарапынан емес, Құдайдың патшалығы тарапынан қараймыз. Біз жай ғана жердің азаматтары емеспіз, себебі Киелі жазба былай дейді: «Сендер енді не бөтен, не келімсек сияқты емес, Құдайдың халқы болып келген яңуди сенушілерімен бірдей, сол халықтың азаматысыңдар, тіпті “Құдайдың отбасысының мүшелерісіңдер”!» (Ефестікт. хат 2:19).

Бізді басқаратын – жердің заңы мен соты емес, көктің биік жолы. Біз жердің заңы мен сотының алдында жауап бермейміз, Құдайдың патшалығының алдында жауап береміз. Көкті тасқа қашалған сыртқы ережелер мен заңдар басқармайды. Жүрегімізге жазылған құпия кодекс бізді іштей өзгертерді. Өлі, өмірден ада ережелер өлі, тастай қатты жүректерге арналған. Азат ететін Ізгі хабар тірі, сезімтал жүректерге арналған. Сол себептен жердің сотына сәйкес, кісі өлтіруші шынымен біреуді өлтіру керек, ал Құдайдың патшалығында біреуді жек көру кісі өлтірумен тең. Жүрегіміздегі жасырын жек көрушілікті анық көретін, өлтірудің рухымен бетпе-бет келетін уақыт келді.

*Көктегі Әке, жүрегімдегі жек көрушілікті маған
көрсете ғэр. Кісі өлтіру үшін қалай тәубе етуши
болсам, жек көрушіліктен де солай бас тартамын.
Мен басқаларды кешіргендей, Сен де мені кешіре ғэр.*

ҚҰДАЙДЫҢ ҒАЖАЙЫП КУШІНЕ, МЕЙІРІМІНЕ
ЖӘНЕ РАҚЫМЫНА ТӘУЕЛДІ БОЛҒАНЫМДА

Күаттымын

АЙЫПТАУ ЖОҚ

Иса: — Мен де саған үкім шығармаймын. Бара бер, бұдан былай күнә жасаушы болма! — деді.

ЖОХАН 8:11

Мәңір Иеміз кінәсі айқын әйелдерге айтқаны осы. Өкінішке орай, шайтанның әйелдерге қарсы ең жойқын шабуылдары сырттай дін болып көрінеді. Жохан 8-тарауда заңының қатыгездігі және Құдайдың мейірімі мен сүйіспеншілігінің сұлулығыны анық көреміз. Онда сипатталған әңгімеге бірге саяхат жасайық. Мүмкін, таныс жайттарды басқаша көретін боламыз.

Енді таң атып бара жатқанда, көпшілік жас ұстаз Исаны тыңдауға жиналып жатыр. Иса бір басқа. Ол сөйлегенде, Құдай Әкенің сөзі естіледі. Күннің алғашқы шуағымен шәкірттерімен бірге Иса келеді. Жиналғандармен амандасқан соң, Ол тәлім беруге жайғасады. Жұрт ден қойып тыңдайды. Әр сөзіне мұқият құлақ түреді. Бір кезде алыстан шу басталады.

Исаның сөзін бөліп, бір топ адам жақындаған келеді. Олардың ашулы дауыстары мен ауыр жүрістерінен сұық ызғар сезіледі. Топ біреумен арпалысып жатқандай. Бұл ұсті-басы үйпа-түйпа бір әйелді алып келе жатқан заң ұстаздары. Әйел денесін жапқысы келіп, ескі киіміне оранып әүре. Бейшараны үятқа қалдырығылары келіп, таң атпай төсектен сүреп шығарғандары анық. Дегенмен, онымен төсекті бөліскең ер адам ешқайды көрінбейді.

Заң ұстаздары Исаға былай тіл қатты. «Ұстаз, мына әйел неке адалдығын бұзған қылмысы үстінде ұсталды! Тауrat заңында Мұса бізге мұндайларды тас лақтырып өлтіруді

бұйырған. Сіз бұған не айтасыз?» (Жохан 8:4-5).

Мұндай әйелге Иса не демек? Басында, Иса әйелге қарамайды да, ашулы адамдарға жауап бермейді де. Тек еңкейіп, құмға бірдене жазып отырады. Содан соң, тек айыптаушылармен сейлеседі. «Құнә жасамаған біреу болса, бірінші тас лақтырысын» дейді. Бірінен соң бірі жиналғандар үйлеріне тараиды. Тек Иса, кінәлі әйел және басынан келгендер ғана қалады. Иса ешқашан құнә жасамаса да, Ол әйелге тас лақтырудан бас тартты. Әйелді айыптаудың орнына оны құтқаруға келген мінсіз төреші тек Өзі.

Айыптаушылардың бәрі кетіп қалғанша Иса үнсіз қалады.

Сосын, бәрі тарап кеткенде, басын көтеріп, әйелден:

— Әлгі айыптаушыларың қайда кетті? Саған ешкім үкім шығарған жоқ па? — деп сұрады. Ол:

— Ешқайсысы да, Мырза, — деп жауап берді. Ал Иса:

— Мен де саған үкім шығармаймын. Бара бер, бұдан былай құнә жасаушы болма! — деді (Жохан 8:10-11).

Әйел тік тұрып, Исаның көзінен кешірім, сүйіспеншілік, тіпті ауырсынуды көреді. Енді ол өлім мен қараңғылықтың қызы емес, өмір мен жарықтың перзенті.

Шайтан ұттымызды сыртқа шығарып, бізді айыптағысы келгенде, тұра солай Исаның көзіне қарап, Оның бізді айыпта-майтынына көз жеткізе аламыз. Оның мейірімі бізді қорғайды, ал рақымы «Бара бер, бұдан былай құнә жасама» дейді.

*Тәнір Ием, өзімізді қорғай алмағанымызда
бізді қорғағаның үшін мың алғыс. Айыптаудың
орнына бізді құтқарғаның үшін рақмет.*

АЙЫПТАУШЫНЫҢ АЛДЫНДА ҚҰТҚАРУШЫМА
МЕНИ ҚОРҒАП ШЫГУФА МУМКІНДІК БЕРГЕНІМДЕ
ЖӘНЕ ҰЯТТАН ЖОҒАРЫ КӨТЕРИЛГЕНІМДЕ

Kұаттымойн

Өзін-өзі
басқарудағы
куш

МҰҚИЯТ ТЫҢДАУ

Тілің сөйлеуге тез болмасын! Құдай алдында бір нәрсені айтуда тым асықпа! Құдай көкте, ал сен жердесің, сондықтан да сөзшең болма!

УАҒЫЗДАУШЫ 5:1

Kиелі жазбада сөзіміздің күші және аузымызға ие болу туралы көп рет айттылған. Сонымен қатар, тыңдаудың күшіне де назар аударғанымыз жөн. Тыңдау тәртіп, уақыт және шыдамдылықты талап етеді. Бұл дегеніміз, не айттылғанын тереңірек түсіну үшін, сұрақ қою. Кіммен сөйлессек те, ол кісінің «Мені естіді, сөзімді түсінді» деп сезгені маңызды.

Ол үшін басқалардың не ойлап тұрғанын болжауды қоямыз. Кейде адамдар таң қалдырады. «Сізге кез болған әркімнен бір нәрсе үйренуге болады» деген сөзді естіген шығарсыз. Тұрақты үйрене бергенімізде, өсіп-жетілеміз. Сейлеу үшін тыңдамаңыз, үйрену үшін тыңдаңыз. Басқасы сейлеп жатқанда ойша не айтатыныңызды ойластыруды қойыңыз (ерлі-зайыптылар үрысып жатқанда тұра солай болады). Біреудің жүргегінде не барын ести білуде үлкенabyroй бар. Тыңдамағаныңыз әрдайым білінеді. Эр түрлі елдерге көп барамын. Ұшақта Құдай Өзінің сүйіспеншілігі мен нұрын бөлісуге мүмкіндік береді. Әңгіме әрдайым тыңдаудан басталады. Басқаның не айтқысы келгенін тыңдасаңыз, ол да сіздің не айтқыңыз келгенін тыңдайды. Мен адамның мұқтаждықтарын, қындықтарын, ойларын тыңдаймын. Сосын Киелі Рухтың сіз арқылы сөйлеуін сұраңыз.

Басқаларды жақсылап тыңдау өзінізде де бір нәрсені оята алады. Бұрыннан билетінімізді айтуға асығып, жаңа нәрсені үйренуден құр қалмайық.

Нақыл сөздерде былай жазылған: «Сөзуар құтыла алмас күнәдан, Ақылды жан өз аузына ие болған. Әділдің тілі — таңдаулы күміс, Зұлымның ниеті — түкке түрғысыз» (10:19–20). Таңдаулы күміс отта тазарады. Құдайдың Сөзіне от сияқты біздің сөзімізді тазартуға рұқсат берсек, керексіз қоспалар мен абайсыз сөздер әңгімелерімізден ғайып болады. Жақыптың хаты сөйлеуге шабан болындар дейді. Сөйлегеннен бұрын біраз кідіріп барып сөйлегенім жағдайды көп рет құтқарып қалған еді. Негұрлым көп тыңдасам, соғұрлым асықпай, баяу сөйлеуім керек.

Құдаймен сөйлескенімізде де аз сөйлегеніміз абзал. Біз жердің пенделеріміз, Ол — жер мен көктің Әмірі. Құдайды қастерлеудің айырылmas бөлігі — қашан сөйлеп, қашан үнсіз қалып, тыңдауымызды білу. Құдаймен арамызда жайсыз үнсіздіктің болуы мүмкін емес. Тоқтаңыз. Құдайды, Құдайдың сізге кезіктіретін адамдарын тыңдаңыз. Сонда қуатты болып өсесіз.

*Тәңір Ием, адамдардың шынымен не деп жатқандарын
ести алуыма және Сенің жетекшілігіңмен
жауп беруіме көмектесе гөр. Әр күн жүргегіме
Сенің даусыңды тыңдауды үйрете гөр.*

ҚҰДАЙДЫ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРДЫ
МҰҚИЯТ ТЫҢДАҒАНЫМДА

Күаттоюмон

ТӘБЕТКЕ ИЕ БОЛУ

Кейбіреулерің: «Не істесем де еріктімін», — дейсіңдер. Алаїда бәрі бірдей тиімді емес. «Не істесем де еріктімін». Дегенмен өзімді құл ететін еш нарсенің билігінде болмауым керек.

ҚОРЫНТЫҚТ. 1-ХАТ 6:12

Шынымды айтайын: қара шоколад мен кофеге әуеспін. Кейде қатты қара шоколад жегім келеді. Дәмін еш татпасам, ол қалау болар ма еді деп ойлаймын кейде. Кофе ше? Бір күні таңтертең үйқым ашылсын деп басқа амал таппай ява кофеме Брайер балмұздағын қосып, үстіне даршын сеүіп ішпесем, қазір мокка латтелерді іше беретін ба едім?

Жоқ, әрине! Неден құр қалғанымды да білмейтін едім. Осы тамаша дәмді нәрселерге тәбетім болмайтын еді. Осыдан бұрын кофе дегеніміз қара түсті қою, ашы сұйықтық деп білетінмін және оны жек көретінмін. Шоколад сүтті немесе ақ болса, оны да жемейтінмін.

Негізі, бұл түк те қыын емес! Кейде шоколад жегім келсе, жеймін. Таңтертең дәмін келтіріп сүйікті кофемді ішемін. Қалауларыммен күреспеймін. Олар маған қожайын емес, жайлышым үшін істейтін өзімнің кішігірім әдеттерім. Бірекі апта қара шоколадсыз-ақ өмір сүре аламын, одан ешкім зиян көрмейді. Ашушаң да болмаймын. Бірақ оны жегенімде рақаттанып қаламын. Кофеге келсек, тұманнан баяу шығудың орнына дереу оянғым келсе, кофемді ішемін.

Алайда, шоколад пен кофені шегін білмей ішіп жей берсем ше? Басқа денсаулыққа пайдалы тамақтың орнына тек сол екеуін тауыссам ше? Шоколадтың беретін жағымды сезімі мен кофеден келетін сергектік басқаның бәрінен маңызды десем ше? Онда жасыл салаттар еш тартымды болмаушы еді, ейткені салат шоколадтың беретін сезімін бере алмайды. Бәлкім басқа сусын мен тағамның барлығы мезі қылатын, іш пыстыратын болып көрінуші еді. Өмірден қашып, екі апта бойы тек шоколад жеп, кофе ішсем ше? Ең болмаса қысқа мерзім бойы бақытты, арық және сергек болуым мүмкін. Сосын тепе-тендік бұзылып, тәбетіме ие болуыма тура келетін еді.

Айтқым келетіні, қалауымыз бен тәбетімізді дамытатын өзіміз. Тамақ, жыныстық қатынас, ойын-сауық, әлеуметтік желілер, басқа да нәрселер болсын, оған деген тәбетімізге ие болмасақ, оған тәуелді болып қаламыз. Ол тәуелділік шынайы өмірдің орнын басып алуы да мүмкін. Тепе-тендікті жоғалтамыз. Сондықтан, тәбетіміз бізді басқармасын, күшті болайық, өз-өзімізді басқара алатын болайық. Тәбетімізге берген маңызға қарай оның бізге деген әсерін ұлғайта аламыз немесе азайта аламыз. Ол күш бізде бар.

*Көктегі Әке, тәбеттерім, әуестіктерім тепе-тендікти
бұзмауы үшін оларды қалай басқару керектігін көрсете
гөр. Бір нәрсеге тым көп назар бөліп, өмірімнен
тым көп орын беріп жатсам, оны байқауға даналық
бере гөр. Ештеңеге де құл болғым келмейді.*

ӨМІРІМНІҢ ТІЗГІНІН ӘУЕСТІКТЕРІМЕ ҰСТАТЫП
ҚОЮДЫҢ ОРНЫНА ТЕПЕ-ТЕҢДІК ҚҰРЫП,
ТӘБЕТИМЕ ИЕ БОЛАМЫН, СОНДЫҚТАН

Күаттоюлан

АШУЛАНУҒА БОЛАДЫ

Ашуланыңдар, бірақ күнә жасамаңдар

ЕФЕСТІКТ. ХАТ 4:26

(АҒЫЛШЫНШАДАН АУДАРМА)

Ефестіктерге 4:26-ның бірінші бөлігі өте қарапайым: «ашуланыңдар». Оны түк бітірмей істей аламын. Құдай бізге ашулануға болатынын айтады, себебі көңілдің бұзылғаны қалыпты жағдай. Ашу дегеніміз қуаныш, қайғы, сенім және қорқыныш сияқты адамның қалыпты эмоциясы. Құдайдың Өзі де ашуланады, шынын айтсақ, ол жиі болып жатады. Көне Өсиетте Құдайдың Исарайлге және басқа халықтарға қарсы ашуына бірнеше жүз сілтеме бар.

Эмоция жоқ құсатып, оны басып тастаса, үақыт өте ол орынсыз түрде сыртқа шығады. Қайта эмоцияны тежеусіз білдірсек, артынан күнә келуі әбден ықтимал. Құдайдың Өзі адамның ашуын занғы деп табады. Сонда да көбіміз оны түсінбейміз. Ашу деген заттарды лақтырып, жақындарымызға айқайлау ма? Біреу сатып кетті деп кек сақтау ма? Жоқ, бұл ашудың теріс көрінісі. Ашу мен күнә бір-біріне өте жақын.

The American Heritage Dictionary ашуға былай анықтама берген: «күшті, әдетте үақытша наразылық, әр түрлі жолмен көрініс табуы мүмкін». Бір жағдайға бола немесе біреудің әрекетіне бола күшті наразылық сезуге болады. Жақтырмау,

ұнатпау, ызалануға болады. Бұл бәріміз сезетін нәрселер. Құнде болып жатады. Қиын келетіні – «Құнә жасамаңдар» деген бөлігі. Кішкентай бала мен ересек адамнан бірдей нәрселерді құту қате болар еді. Есейе келе, адамның өзін-өзі басқару қабілеті де артады. Қөніліміздің бұзылғанында жаман нәрсе жоқ, алайда қөніліміз бұзылды деп басқаларды жазалау дұрыс емес. Мәсіхшілер ретінде біз тек өз атымыздан әрекет етпейміз. Құдайдың өкілдеріміз десек те болады. Ол дегеніміз, бір қадам шегініп, біздің реакцияларымыз басқаларға қалай әсер ететінін ойлауымыз керек. Қандай жайттарға тап болатынымызды басқару мүмкін емес, алайда жайттарға қатысты не істейтініміз бізге тәуелді.

Тәнір Ием, эмоцияларымды дұрыс басқаруға көмектесе гөр. Сенің перзентіңе лайық болғандай, оны ержеткен санамен, рақыммен істегім келеді. Ашу мен құнәнің арасындағы жіңішке айырмашылықты көрсете гөр. Құнәға тым жақын кеткенімде, Рухыңмен мені жетелей гөр.

АШУЫММЕН НЕ ИСТЕУДІ ӨЗІМ

ТАҢДАЙМЫН, СОНДЫҚТАН

Күаттымоян

СӨЗГЕ АБАЙ БОЛУ

*Бәріміз де көп қате жібереміз. Ал кім сөзінде
қате жібермесе, сол — денесін тұтастай
менгере алатын жетілген адам.*

ЖАҚЫПТЫҢ ХАТЫ 3:2

*М*ілді жүгендеудің маңызы туралы Жақыптың хаты әрі қарай былай дейді (3 және 4-аят):

*Мініс атын өз еркімізге көндіру үшін жайғана ауыздық салып,
букіл денесін бағындырып, бағыттаймыз. Немесе мысалға
теніз кемесін алайық. Ол қаншама үлкен болса да, күшті
желмен ыққанда өте кішкентай тұтқасымен басқарылып,
оны үстап түрған кісінің қалаған бағытына жүреді.*

Аузымыздан шыққан сөз өмірмізді жақсы не жаманға қарай бағыттайды. Сөз бізді бағыттап қана қоймай, қиратудың құралы бола алады. Жақып әрі қарай айтылған сөзді үлкен өрт туғыза алатын үшқындарға теңейді. Ешқайсымыз үйді жағып жібергіміз келмейді! Басқа жағынан, Римдіктерге арналған хатта сөздің ақтаушы күші, бізді қараңғылық патшалығынан жарық патшалығына апаратын күші туралы жазылған. Римдіктерге 10:9–10-да келесідей үәде бар:

Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасан, жүргегінде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне сенсөң, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүргегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады.

Қыындық туғызатын зат ол қыындықтан құтқара алады да: «Тілде өмір мен өлімнің билігі болар, Сөзге үйір соның жемісін татар» (Нақыл сөздер 18:21). Құдай өмірді сөзбен жаратқаны есінізде ме? Біз көктегі Әкемізге үқсаймыз. Бұл деген, сөзімізбен жарылқаймыз ба, әлде қарғыс айтамыз ба, таңдау бізде.

Меніңше, бұл үздіксіз үйренуге деген мүмкіндік. Өлім мен қиратуға емес, өмірге апаратын түрде сөйлейік. Өмір ауыздың артынан ереді, сондықтан барғыңыз келетін жерге қарай сөзінізге абай болыңыз.

*Тәңір Ием, ауымды бақылауынды сұраймын.
Сөздерім мені дұрыс жаққа апаратын руль сияқты
болсын. Қирататын, жоятын сөз емес, ақиқат
пен нұр әкелетін сөзді айтқым келеді.*

СӨЗІМДІ БАСҚАРҒАНДЫҚТАН

Күаттоғын

АҚТАЙТЫН ӨКІНІШ

*Құдайдың еркімен болған қайғы-қасірет адамның
Оған бет бұрып, құтқарылуына түрткі болады.
Ол кейін соған өкінбейді де. Ал құнәкар дүниелік
қайғы-қасіреттің нәтижесі — рухани өлім.*

ҚОРЫНТЫҚТ. 2-ХАТ 7:10

Бәріміз өкінеміз, бірақ өкініш өмірімізді басқармасын. Зиянды өкінішті Пауыл «құнәкар дүниелік қайғы-қасірет» деп атайды. Ол дегеніміз не? Танымалдық, ақша, мал-мұлік, қарым-қатынас немесе осы дүниеге тиісті басқа нәрселерді жоғалтудан пайда болатын мұң. Бұл қайғы әрекетіміз басқаларға тигізе алатын зиянды елеместен, әлгі заттардың жоғалуына қамығады. Ондай өкініш өздігінен немесе діни әрекеттер арқылы өзгеріс әкелуге тырысады. Бірақ ол әдіс жүректің терең ниетіне жетпейді.

Құдайы қайғы мәселенің салдарын ғана ойлап қоймай, адаммен немесе Құдаймен қарым-қатынасымыздағы кез-келген зақынды шешүге тырысады. Жойып-қиратудан гөрі, ол түрғызып, қалайды. Құдайы қайғы не болса да, оның шынымен не екенин көруге көмектеседі. Дәуіт патша Забур 51:1-де осындай қайғыны басынан кешірді: «Шексіз сүйіспеншілігіңе бола, О, Құдай, маған рақым етे гөр, Мейіріміңің молдығына бола Қылмыстарымды өшіріп тастай гөр». Дәуіт патша Құдайдың шексіз сүйіспеншілігіне жүгініп, Құдайға қарсы құнә жасағанын мойындейды. Патшаның сөзінде өзін ақтағысы келетін бірде-бір сөз жоқ. Ол «басқаның кесірінен тура жолдан тайдым» деп ешкімді кінеламайды. Дәуіт патша өзінің қатесіне ие болып, құнәсін ашық мойындейды.

Қатемізді мойындағанда, ол бізге иелік ете алмайды. Бәрімізге де тежеусіз мейірім қажет. Кішіпейіл болғанымызда, Құдай бізді жоғары көтеріп шығарып алады.

Дәүіт патша өзін тазартта алмайтынын білгендіктен, Құдайға бет бүрді. Тек Құдай күнәмізді кешіруге ғана емес, сонымен бірге қараңғылық пен кірді қуып жіберуге құдіретті. Дәүіт патша күнәнің жүректі сыздатып, батылдығымыздан айыратынын білді. Әрі қарай Забур жырында былай делінген: «Мени құтқарғаныңа қуантып тағы, Сыйлай гөр азғырылмайтын берік рухты. Қылмыскерлерге ақ жолынды үйретейін, Күнәкарлар сонда Саған бүрмақ беттерін» (51:12–13).

Осы аяттар забурдағы ең сүйікті аяттарым шығар. Онда қуаныштың қалпына келуі және өкініш пен мұңзы жоқ жаңа бастау үәде етілген. Құдай біздің ұсқынсыздықты алып, оны сұлулыққа айналдыра алады. Сонда сәтсіздіктеріміз басқаларға Құдайдың адал мейірімі мен сүйіспеншілігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Қектегі Әкеміз өкінішке толы әрбір қараңғы жерді Өзінің адалдығы мен ақиқатын еске салатын жарық көзіне айналдырысын деп мінәжат етемін. Осылайша Ол біздің құтқарылуымызда женіс салтанатына бөленеді. Сізді азат еткен сүйіспеншілік пен ақиқатты басқаларға үйрете отырып, сұлулық пен бостандықтың тірі үлгісі болғаныңызды қатты қалаймын. Құдайдың еркімен болған қайғы-қасіреттің жарқыраған нәтижесі осы.

Тәнір Ием, қайғыларым күнәкар дүниелік емес, Сенің еркінмен болсын. Бір нәрсеге өкінгенімде, таубе етіп оны Саған әкелетін боламын. Мені сауықтыратыныңа сенемін. Біздің былық әдемі заттарға айналдырғаның үшін рақмет.

Күттімін

СЕБЕБІ КҮНӘЛАРЫМДЫ ҚҰДАЙҒА АПАРАМЫН.

КИЕЛІ ЖАЗБАҒА ТАМЫР ЖАЙҒАН

Осы Таурамат заңы кітабында жазылғандардың бәрін сақтап, орындаі алуың үшін оларды аузыңнан тастамай, күні-түні оқып, солар туралы ойланатын бол! Сонда ғана өркендер табысты боласың.

ЕШУА 1:8

Штеңе Киелі кітап сияқты бізге күш берे алмайды. Сондықтан күнделікті Құдайдың Сөзіне бас сауғалау ете маңызды. Киелі жазбаны оқып, Оны іске асырғанда, ескі қалпыңызда қалмайсыз. Жүргегіңіз жұмысарып, көктегі Әкеңіздің еркіне сезімтал болады. Бұл сізді Құдайдың жетекшілігіне ашық та дайын қылады. Киелі кітапты оқып зерттеу басқа барлық рухани әрекетке күш пен өмір береді.

Құдайдың патшалығындағы барлық басқа нәрсе сияқты, қанша аят білгеніміз емес, қанша аятты өмірде қолданып жүргеніміз маңызды. Сөз осылайша жеміс береді.

Сонымен, қай жерден бастаймыз?

Киелі кітап оқу жоспарлары толып жатыр. Бастайтын жер ете көп. Киелі кітапты басынан аяқ оқып шығатын жоспар бастасаңыз да, қызық тақырыпты зерттейтін бір тәлімді оқысаңыз да, қазіргі мәселеңізге қатысты аяттарды іздесеңіз де, Құдайдың Сөзін күн сайын оқуға үақыт бөлініз. Алдыңызға көтере алмайтындау тым үлкен мақсат қоймаңыз. Бірақ Киелі

кітапты күнде ашып оқыңыз. Көп ұзамай бұл әдет өміріңіздегі зәкірге айналады.

Қолыңызға қалам мен дәптер алып, Киелі Рухтан Киелі жазба арқылы сізге сөйлеуін сұраңыз. Таңдаған үзіндіні ой елегінен өткізіп, тағы бір адым жасаңыз – дәптерге оқығаныңызды қалай іске асыруға болатынын жазыңыз. Ақиқатты өміріңізге қалай бейімдейсіз? Жүргіңіздің топырағына түскен бұл тұқымды күтү үшін келесі жиырма төрт сағатта немесе бірнеше аптада не істемексіз? Ілгері жылжығаныңызды бақылап отырудың жолдары бар ма?

Тәртіпті ойласақ, істегіміз келмейтін нәрсені немесе тіпті жазаны ойлаймыз. Бірақ Киелі кітапта уақыт денсаулыққа пайдалы нәрселер жеусияқты. Ондағы тәртіптыныштандырады, жандандырады, сергітеді. Ол Құдайдың сізге айташағын іздейтін киелі орын. Құдайдың Сөзіне өміріңіздің барлық саласын жандандыруға рұқсат беретін орын. Бұғін бес минут болса да, күннің жартысы болса да, Киелі жазбаны зерттей бастаңыз. Ол зерттеу сізді сауықтырады, сізге күш береді.

Әке, маған Сөзіңді бергенің үшін рақмет. Сөзіңнен күн сайын өмір іздеуге деген шөлім болғанын қалаймын.

ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІН ЖҮРЕГІМЕ ЕГІП, ОНЫ МІНӘЖАТ,
МАҚСАТ ЖӘНЕ КҮТИММЕН СУАРҒАНЫМДА

Kұаттымын

ЕГУ МЕН ОРУ

«Адам не ексе, соны орады» дейді. Өзінің ескі күнәкар болмысын қанағаттандыруши сол болмысқа тән өлімді орады. Ал Құдайдың Рухына қызмет етуші осы Рухқа тән мәңгілік өмірді орады.

ФАЛАТТЫҚТ. ХАТ 6:7-8

 Гу мен орудың заңы осы. Дұрыс нәрселерді еккенімізде, елестете алмаған керемет нәтижелерді орамыз. Киелі жазба қуатты, нәрлендіруші өнім береді.

Көп жыл бұрын мен Киелі кітаптың аяттарын тұқым қылыш ектім де, әділдік жемісін күттім. Сүйікті үзінділерімнің бірі Жақыптың хатында: «Ал енді, сүйікті бауырластарым, мынаны ескеріңдер: «Әркім тыңдауға жүйрік, ал сөйлеуге шабан, ашулануға баяу болсын!»».

Шынында мен мұның қарама-қарсысын істеп жүрдім. Тежеусіз сөйлеп, тыңдауға асықпайтынмын. Тез ашуланатынмын. Жақыптың айтқандарынан бірде-бірін орындаітынмын.

Осы салада Құдайдан көмек сұрадым. Дәүіт патшаны сиынғандай сиындым; «Уа, Жаратқан Ие, тіліме күзет қоя гәр, Аузымың ашылуын бақылай гәр» (Забур 140:3).

Күзет қате сөз айтылмай, зиян келтірмейі үшін қойылады. Мынаны үйрендім – Киелі Рух керек кезде жүргегімдегі Киелі жазба аяттарын алып, есіме салып отырды.

Ғылымға сүйенсек, әдеттен арылу үшін жиырма бір күн керек екен. Әдеттер өте мықты. Әдет дегеніміз ойланbastan жасай беретін әрекеттер. Ашу-ыза әдетке айналған кезең болды.

Жиырма бір күн бойы бірде-бір ашуланбауды елестетудің өзі қыны еді. Жиырма бір жыл десеніз де, бәрі бір. Ашу болмысыма терең сіңген болатын.

Сонымен, жаман әдеттен қалай құтыламыз? Оны қалай қалыптастырысақ, тура солай жоямым. Алдымен бір жағдайдан бастап, бес минут, бір сағат, бір күнге қарай кеңейте береміз. Ашудың қайталана беретін циклін бұзы үшін сол тәсілді қолданьым. Төсектен тұрмай жатып мінәжат ететінмін «Құдайым, бүгін Саған мұқтажбын. Тіліме аяусыз, қатаң қузет қоя гөр. Саған қарсы немесе адамға қарсы күнә жасағым келмейді. Сөйлеуге шабан, тыңдауға жүйрік, ашулануға баяу болуға көмектесе гөр». Киелі кітаптың осы аяттары маған күнделікті ескертуге айналды. Осылай күнде сиынып, күш жинадым.

Өтірік айтып, мұның, бәрі онай болды демей-ақ қояйын. Түк те онай болған жоқ. Бірақ, Құдаймен бірге барлығы мүмкін дегім келеді. Жиырма жылдан астам ашудың басқаруынан азат болып өмір сүріп келемін. Киелі жазбадан екі қысқа аятты жүрегіме, өміріме еккенімде осындағы тамаша нәтиже алдым.

Бүгін жүрегіңзге не еккіңіз келеді? Қандай жеміс алғының келеді? Киелі кітапты тұқым ізденеп оқыңыз. Оны егіңіз. Құдай оны көбейтетін болады.

*Құдайым, жаныма Киелі кітаптың қай үзінділерін
егуге тиіс екенімді көрсете гөр. Олардың еккенімде,
сеніммен оларды жүзеге асырғанымда, Сен
жемісті қамтамасыз ететініңе сенемін.*

Құаттошын

СЕБЕБІ ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІН ЖҮРЕГІМЕ ТҰҚЫМ
ҚЫЛЫП ЕГЕМІН ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРАМЫН.

ДЕМАЛУДЫҢ КҮШІ

Құдай жүргізген жарату жұмысының бәрін жетінші күні аяқтап, сол күні еңбек етпей демалды.

ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ БАСТ. 2:2

*Ш*аббат мәселесі қозғалғанда, көбіміз кінәлі сезінеміз. Әйелдер ретінде үнемі назарымызды қажет ететін талаптардан өте сирек еркін боламыз. Жуылуды күтіп тұрған киім үйіліп жатыр. Күтіп тұрған бір тізім шаруа бар. Отбасыларымыз белсенді болғанымызға мұқтаж. Отбасын тاماқтандырып, киіндіріп, қауымға барудың өзі бірталай еңбек. Төртінші өсиетке бейжай қарағымыз келмейді, оны білемін («Демалыс күнін Тәңір Иеге бағыштауды есінде сақтайтын бол!», Мысырдан шығу 20:8). Демалуға уақыт жоқ. Сайып келгенде, бұл сенім мәселесі. Тоқтасақ, демалсақ, Құдай бізде қамқор бола алмайды деп корқамыз.

Шынында, демалыс түсінігі (Шаббат) денсаулық пен қалпына келуге деген шақыру. Көбінесе жексенбі мен үшін демалыс күні емес, сондықтан Шаббатты сақтаудың басқа әдістерін үйренедім. Исаның Өзі шәкірттерін қызметтеннен үзіліс алуға шақырды: «Маған еріп оңаша бір жерге барып, біраз тынығып демалыңдар!» (Марқа 6:31). Шаршап-шалдыққан күйде қызмет етуден пайда жоқ. Өз тәжірибемнен білемін, шаршап тұрсам, жақсы шешім қабылдай алмаймын. Жұмысқа батып кеткенімде «Иә» дейтін нәрселерге «Жоқ» деймін, «Жоқ» дейтін нәрселерге «Иә» деймін. Сонын сол нашар

таңдаулармен өмір сүру мені одан сайын қажытады.

Құдайдың демалуға деген шақыруын неге қабылдамасқа? Өзінізге рұқсат беріңіз. Бір күн таңдалап, жарты күн болсын, бірнеше сағат болсын (жексенбі болғаны міндettі емес), дененіз бен жаныңызды демалдырыңыз. Арнайы мақсат қойып, телефоныңызды өшіріп, ноутбуқты жауып, адамдарға алдың-ала байланыстан тыс болатыныңызды айтып қойыңыз. Бұл балаларыңызбен күлетін, құрбыларыңызбен және күйеүізбен рақаттанып уақыт өткізетін кез. Күнібұрын тамақ әзірлеп қойыңыз немесе сырттан тамақ ішініз. Шаруалардың тізімін ойша қайталай беруді тоқтата тұрыңыз. Кір жуатын бөлменің есігін жауып қойыңыз. Жұмыстан үйізге әкелген тапсырмалардың бәрін шетке ысырып қойыңыз. Оның бәрі басқа күні істеледі. Құдайдың берген демалыс күнін жақсылап қолданыңыз. Осы уақытты жүргегізді қорғап, нәрлендіріп, күзетуге арнаңыз. Сонда Құдайдың тапсырғанын жаңарған күйде істей аласыз.

Жұмыста болғаныңызда ұқыпты, қолыңыздан келгенше жақсы жұмыс істеңіз. Демалыс кезінде жақсылап демалыңыз! Құдайдың демалуға деген шақыруын тазарту, жаңаруға мүмкіндік ретінде қабылдаңыз.

Тәнір Ием, көп жұмыс істегеннен жанып кеткім келмейді.

Шынайы Шаббат демалысын білуім үшін жұмыс пен демалыс арасындағы тепе-теңдікті маған көрсете гөр.

БӘРІ ҚҰДАЙДЫҢ ҚОЛЫНДА ЕКЕНИНЕ
СЕНІП, ДЕМАЛҒАНЫМДА

Күаттымын

ҚҰДАЙДЫҢ ӨКІЛІ

Ал сендер өздеріңді қара түнектен тамаша нұрына шақырған Құдайдың қасиеттілігі мен ұлы істерін мадақтап жариялауға таңдалған нәсілсіңдер. Патшаның діни қызметкерлері, Оған бағышталған қасиетті ұлт — Құдайдың меншікті халқы болдыңдар! Бір кезде біртұмас халық емес едіңдер, ал қазір Құдайдың халқысыңдар. Бір кезде Оның қайырымдылығын білмеген едіңдер, ал қазір қайырымына бөлөндіңдер.

ПЕТИРДІҢ 1-ХАТЫ 2:9-10

Олимпиада жүлде иегерлері медальмен марапатталады. Елінің туын жамылып, жеңіскер отанының атын шығарады. Марапаттаудың ортасында алтын медаль ұтып алған американдық спортшы Канаданың өкілі болғым келеді десе ше? Оған рұқсат беріледі ме? Жоқ, әрине! Ол АҚШ-тың елшісі, Канаданық емес. Ол АҚШ-тың халқы мен мәдениетінің өкілі.

Біздің жағдайда да солай. Біз көктің елшілері мен өкілдеріміз. Адамдар бізді көріп, кімге тиесілі екенімізді, қай патшалықты бейнелейтінімізді түсінеді. Пауыл елші бізді «Мәсіхтің өкілдері» дейді (Қорынт. 2-хат 5:20). Петір елші Құдайдың халқын «таңдалған нәсіл, діни қызметкерлер» дейді. Бізге үлкен мәртебе берілген – Құдайдың өкілдеріміз әрі Құдайдың патшалық отбасының мүшелері, діни қызметкерлерміз. Басқа патшалыққа ауысуға себеп жоқ! Көктегі Әкеміздің емес, басқа патшалықтың өкілі болуға кім келіседі? Петір сөзін былай жалғастырады:

Бір кезде біртұтас халық емес едіңдер, ал қазір Құдайдың ҳалқысыңдар. Бір кезде Оның қайырымдылығын білмеген едіңдер, ал қазір қайырымына бөлөндіңдер. Сүйекті бауырластарым, (осы күнәкар дүниеде) жат жерлік адамсыңдар, сондықтан сендерге ескертемін: өз жандарына үдайы қарсы шығатын арам құмарлықтардан бас тартыңдар! Құдайға мойынсұнбайтын халықтар арасында адап өмір сүріңдер! Олар сендерді жамандық жасаушылар деп айыптайды. Алайда Құдай бізді құтқаруға келген күні олар өз көздерімен көріп жүрген иgi істеріңе бола Оны мадақтайтын болады.

Петірдің 1-хаты 2:10-12

Бір кезде Құдайға жат едік, енді Құдайдыкіміз. Бір кезде Құдайдың қаһарына ілігіп едік, қазір Оның қайырымын білеміз. Басқаша айтқанда, бір кезде осы әлемде және әлемге шығарылған үкімнің астында едік, қазір осы әлемге жатпаймыз. Құдайдың патшалығына тиесіліміз. Сондықтан бұрын жердің азamatтары едік, қазір бөтен, шетелден келген адам сияқтымыз. Діни қызметкерлер ретінде біз Құдайдың өкілдеріміз әрі жердегі елшілеріміз.

Бүгін, таңдау жасағаныңызда әрекет еткеніңізде, жауап бергеніңізде, қай мінбеде тұрғаныңызды есте сақтаңыз. Халықтар арасында адап өмір сүрейік, сонда басқалар бізбен бірге Құдайға табынып, керемет мадақтау әнұранын айтатын болады.

Тәңір Ием, Сенің өкілің болуды мақтан тұтамын. Өмірім мен істерім Сенің игілігің мен рақымыңды бейнелесін.

Күаттамон

СЕБЕБІ ДАҢҚ, ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛІК, ҚҰДАЙДЫҢ
РАҚЫМЫНА ТОЛЫ ПАТШАЛЫҚТЫҢ ӨКІЛІМІН

*Азаттықтағы
куш*

КҮНӘДАН АЗАТ ЕТИЛГЕН

Иса оларға былай деп жауап берді: — Сендерге өтте маңызды шындықты айтамын: кім күнә жасаса, сол — күнәнің құлы. Ал құлы емес, ұлы ғана қожайынның үйінде мәңгі қалады, себебі ұлы ретінде оның еркі бар. Сонымен егер Құдайдың рухани Ұлы сендерді азаттықта жеткізсе, шынымен азат боласындар.

ЖОХАН 8:34-36

Жл бізді азат етсе, шынымен азатпыз. «Шынымен» сөзінің мағынасы не? Шүбәсіз, даусыз, әлбетте, күмәнсіз. Адамдар азаттығызызға күмән келтіруі мүмкін. Өткеніңіз ұтты қолданып, сізді қателеріңіздің торына қайтарғысы келуі мүмкін. Алайда, Құдайдың айтқанын тыңдасақ, өміріңіздегі күнә мен ұят бітті. Адамдар сізге тас лақтыруы мүмкін, бірақ Исаңың сөзі күнәдан азат етіп жаңғырады: «Мен де саған үкім шығармаймын. Бара бер, бұдан былай күнә жасаушы болма!» (Жохан 8:11).

Тәубе еткен сәтте алға жылжып, күнә, ұят, басқалардың айыптауын, өзіміздің кінәлі ұжданымызды артта қалдырған жөн. Қараңғылықтан Құдайдың нұрына қарай аяқ басқанымызда күнә жасамай өмір сүрге күш аламыз. Құдай сізге үкім шығарылмайды, кешірілдіңіз десе, сол ақиқатта өмір сүрге еркінсіз. Бұл мәселеде сезімге сенуге болмайды,

өйткені сезім алдайды. Құдайдың алдында ешқашан әділ екенімізді сезбейміз, себебі өз бетімізше, Құдайдың көмегінсіз бізде әділдік жоқ. Құдайдың алдында ақталуымыз істерімізге немесе мінез-құлқымызға бола емес, тек Мәсіхтің арқасында. Бұл өткен сәтсіздіктер мен қателерімізден алыстап, алға жылжуға құш береді. «Естеріне бұрынғыны алмаңдар, Бұдан былай баяғыны ойламаңдар!» (Ишайя 43:18).

Енді бүгінгі күніміздің кешегі қателерге қатысы жоқ. Әр күн жаңааратын мейіріммен тазарттылған біз жаңа өмірге қадам басуға еркінбіз.

Көктегі Әке, мейіріміңді қабылдаймын. Өзіме-өзім үкім шығарып жүрген әрбір салада мейіріміңнің женісіне рұқсат беремін. Өз-өзімді жеккөрушілік және кінәны тастаймын. Көтеріліп, күнә жасаушы болмаймын.

Kұаттымын

СЕБЕБІ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ТӨРЕШІ МЕНІ
КІНӘ МЕН ҰЯТТАН АЗАТ ЕТТИ.

ЖАҢА ЖҮРЕК

«Өздеріңе жаңа жүрек сыйлап, бойларыңа жаңа рух дарытамын. Көкіректеріңен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын»

ЕЗЕКИЕЛ 36:26

*М*әсіхшілер ретінде біз әрдайым жұмсақ жүрек немесе Киелі кітапта жазылғандай «сезімтал жүрек» сақтағымыз келеді. Бұл жанашырлық, сүйіспеншілік және Құдайдың жетелеуіне деген сезімталдықта үнемі өсіп отыратын жүрек. Жүрегімізге жазылған сүйіспеншіліктің жасырын кодексі арқылы Құдайдың патшалығы бізді басқарады. Тасқа жазылған өлі, жансыз ережелер өлі, қатты жүректер үшін. Азаттықтың заңы, яғни Ізгі хабар, тас жүректерге емес, сезімтал жүректерге арналған.

Дегенмен, ескерткенім жөн, тас жүректерге қарағанда, сезімтал жүректер көбірек сүйеді әрі көбірек сыздайды. Оған рұқсат берсек, жаралар жүрегімізді қатты қыла алады. Абай болмасақ, сосын ол ақырындал Құдайдың бергенін ығыстырып шығарады. Ауырлықты сезу, азып-тозу осының бір белгісі. Қайғылы жүрекпен басқаларды кешіру қыынға түседі. Ашы реніш, өкпе бар болса, онымен өмір сүрудің өзі ауыр.

Жақсы жаңалық та бар. Ең қатты жүректің өзі Құдайдың Сөзінің ақиқатымен азат бола алады. Мәсіхші болғаннан кейін де жүрегімде жеккөрүшілік бар еді. Оның жүрегімде қала беруіне рұқсат бермедім. Жүрегіңіз қорғау мен күзетті

қажет етеді, сондықтан шешілмеген мәселелерден, ыза, жеккөрушілік, қызғаныш немесе бізді шырман ала алатын басқа күнәлардан аулақ болуға тырысының. Жүректі қорғаудың бір жолы, оны үнемі ақиқаттың әсеріне ұшырату. Ол еңбек, кішіпейілділік, адалдықты қажет етеді. Дегенмен, сіздің жүргегіңіз күресуге тұрарлық.

Қазірдің өзінде бәлкім санаңызда ойлардың соғысы болып жатыр. Бір жақ сізді ренжіткен адамдардың есімдерін ойға салып, оларды кешіруге итермелейді. Басқа жақ оларға деген жеккөрушілік немесе реніш заңды нәрсе дейді. Бірінші дауысқа көніңіз. Қатты жүрек сізді қорғайды деп ойламаңыз. Қорғамайды.

Әке, жүргегімдегі қаттылықты мойындаімын.

Сөзіңің тасы сыртқы қабықты жарсын.

Сезімтал жүрек сыртқа шықсын.

Күаттымай

СЕБЕБІ ЖҮРЕГІМ ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІН ЕСТИТІНДЕЙ,

ОНЫ ТАЗА ДА СЕЗІМТАЛ САҚТАЙМЫН

КҮНӘНІ МОЙЫНДАУДЫҢ КҮШІ

*Сондықтан сауығып кету үшін, жасаған күнәларыңды
бір-біріңе айттып мойында, бір-бірің үшін сиыныңдар!
Әділ адамдардың Құдайға сиынуларының күші орасан зор.*

ЖАҚЫПТЫҢ ХАТЫ 5:16

Kүнәні мойындау ең қын рухани сала шығар. Ол не үшін керек? Көктегі Әкеміздің алдында күнәмізді мойындаған сэтте кешірілеміз, ол анық. Бірақ Жақыптың хаты мұны бір адым ілгері алады. «Сауығып кету үшін, күнәларыңды бір-біріңнің алдында мойында, сиыныңдар» дейді. Бұған үш себеп бар деп ойлаймын.

Біріншіден, Құдайдың патшалығы табиғи, адами қағидаларға бағынбайды. Иса парызышылдарға «Әйелге құмарта қараған әркім жүргегінде сол әйелмен неке адалдығын бұзады» дегені есінізде ме? Жүректегі орын алған нәрселер Құдайдың патшалығында ең үлкен маңызға ие. Жүргіміз – жаман не жақсы тұқымдарды өсіп шығаратын құнарлы топырақ. Парызышылдардың жағдайдында, күнә шынымен физикалық түрде орын алмаса да, жүректерінде жасалды.

Екіншіден, кішіпейіл жүрекпен күнәларымызды мойында, басқа сенушілермен сиынған кезде, сауығу жолына түсеміз. Күнәні ашық, қауіпсіз ортаға әкелгенімізде, жүргіміздің қараңғы қуыстарына сауығу ағады. Мойындау күнә мен үят

алаңдарына жарық шашады. Осы нұрда мінәжат емдеу мен қалпына келтіруді бастайды.

Үшіншіден, мойындау бізді жауапкершіліктің келесі сатысына шығарады. Мойындау бізді басқаға есеп беруге мәжбүр қыладады. «Досынның сөгі шынайы» дейді Киелі кітап (Нақыл сөздер 27:6). Құнәні мойындағанымда жанашырлық іздемеймін. Ауыр тисе де шындықты айтатын дос қажет. Бірге мінәжат еткеннен кейін үттүң ауыр жүгінен айырылғандай сезінемін.

Алайда, әдетмәселесі әлідебар. Иса Матай 16:4-те айтқандай, «Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып Менің жолыммен жүрсін!». Айқышты арқалаудің, яғни Құдайға толығымен тәуелді болғанымызды растаудың бір әдісі – құнәні мойындау. «Өз еркіміз бойынша өмір сүруді қоямыз», өз-өзімізді «жөндеуден», қайталана беретін құнәні өз күшімізben жеңуден бас тартамыз. Сенім жолында көп нәрсені өзіміз жалғыз істей алмаймыз. Құнәні мойындау осыны көрсететін тәртіп. Құдайдың көмегімен, рухани отбасымыздың көмегімен, сауыға бастаймыз.

Әке, құнәні мойындаумен келетін сауығуды көрсете гәр.

*Мені дұрыс адамдарға жетелеуіңді, мені адал, батыл,
айқышымды арқалай алатындаи ашық қылуыңды өтінемін.*

Саған ергім келеді, бірақ ол өз қолымнан келмейді.

ЕСЕПТІЛІК САҚТАП, ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ

АЛЫП АЙҚЫШЫМДЫ АРҚАЛАҒАНДА

Күаттымнан

КҮНӘДАН АЗАТ

Ол бізді Оған ұнамсыз қылыштар мен күнәкар дүниелік құмарлықтардан бас тартып, қазіргі заманда байыпты, әділ және Құдайға ұнамды өмір сүруге бағыттайды.

Себебі біз керемет үмітіміздің іске асуын күтудеміз: ұлы Құдайымыз әрі Құтқарушымыз Иса Мәсіх зор салтанатпен көрінетін болады. Ол бізді бүкіл жамандық атаулыдан азат етіп, тазартып, Өзінің меншікті, иғі істерге ынталы халқы ету үшін жаңын қызып, құрбан болды.

ТИТКЕ ХАТ 2:12-14

Бұл тамаша хабар! Күнә бізге енді өмір ете алмайды. Бұрын күнәға қанша рет «иә» дегеніміз маңызды емес. Күнәнің болашағымызда орны жоқ. Күнә бізді арбағысы келгенде, үяттың торына түсіргісі келгенде, бас тартып, оған жоқ деуге құқылымыз! Оның күшін Иса жойды, өзінің мейірімін бізге үзатты, әрі Құдайдың рақымымен өмір сүруге күш берді. Үкімге лайық болсақ та, Мәсіхпен тығыз байланыста болғаның арқасында жазаға кесілмедік, өйткені Иса күнәмізді Өз мойнына алды. Кешірімге ие болдық, өлімнен өтіп, жаңа өмір үшін тұдық. Құдайдың сүйікті қыздары, жаннның дүшпаны сізді осыны білмесін дейді. Сізді үяттың ішінде қамап қойғысы келеді, күнәға тағы да сүріндіргісі келеді. Сізде күнәні бағындыратын күш бар екенін білгеніңізді қаламайды. Әрине,

тек өз күшімізге сенсек, тырысып, сәтсіздікке ұшыраймыз, бірақ жалғыз күресіп жатқан жоқпыз. Мәсіхпен тығыз байланыстамыз, әрі қаруымыз өте мықты!

Иса, күнәнің күшін жойғаның үшін рақмет. Дұшпанның өтірігінен бас тартамын. Одан теріс қарап, Саған бет бұрамын. Сенің өлімің мен қайта тірілуің маған осы күресте жеңіп шығуға керектің барлығын берді.

Күттәмеш

ӨЙТКЕҢІ МӘСІХ МАҒАН КҮНӘНІ
ЖЕҢЕТІН КҮШ БЕРДІ

ЖАНҒА БАТЫП КЕТКЕНДЕ

Ол барлық көз жастарын сүртіп тастанап жұбатады.

*Енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңреу мен ауру
болмайды. Себебі бұрынғы әлем құрып, жоқ болды.*

АЯН 21:4

Ханыңызға не батса, не ауыр тисе, оны жіберуіңізге жігер бергім келеді. «Жүректі ауыртқан нәрсені қалай ұмытуға болады?» деуіңіз мүмкін. Мен басыңыздан өткенді түсінбеймін, қанша зардап шеккеніңізді білмеймін дерсіз. Ол дұрыс. Мен білмеймін, бірақ өміріңізде не болғанын жақсы білетін Біреу бар. Адамның жанын жаралайтын нәрселерді тізіп жазсақ, кітап жетпейді. Кейбіріңіз сенімді адамдардан қорлау, әлімжеттік көргеніңізді білемін. Кейбіріңіз бөтен адамның тарапынан зорландыңыз. Мүмкін әрдайым жаныңызда болуға үәде еткен адам сізді тастанап кеткен шығар. Бәлкім балаңыз аурудан немесе басқаның қылмысынан қайтыс болған шығар. Сүйген кісіңіз сізді қатты ренжіткен болуы мүмкін. Ата-анаңыз сізден бас тартқан шығар, өзіңізді жетерлікте жақсы сезінбеген шығарсыз. Терісінің түсі үшін мазақ, келемеждеу көрген адамдар өте көп. Мүгедектігі үшін келеке болған адамдар да бар. Өкінішке орай, көбіміз жақын достан сатқындық көрдік.

Осы трагедиялардың әрбірі және айттылмай қалған тағы да көбі жанды терең жаралай алады. Ең осал, қорғансыз

кезімізде шайтан жаралы жанға реніш пен кек алу туралы ойларды тұқым секілді себеді. Жарақатты ойлай беріп, ауруды ұмытпауымызға түрткі болады. Кеудемізде ауыр тас сияқты болсын, біз оны ешқашан жібермесін дейді. Өткен жарақатты ұмытпасақ, болашақта одан қорғалғанымызға сендіргісі келеді. Бірақ ол өтірік.

Жанымызға ауыр тиген әрбір іс пен сөзді Isaғa, жалғыз түсінетін Мәсіхке әкелуде сауықтыру бар. Ишай кітабында былай жазылған: «Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы бізге амандық пен тыныштық әкелді. Оның жарапарының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық» (Ишай 53:5).

Жараны жібермей ұстап отыру оны тек тереңдете береді. Көзіңізді жұмып, Isaғa жүрегіңізді създатқан әрбір ауруды бергеніңізді елестетініз. Басыңыздан өткенді Isa жақсы біледі. «Ол түк те емес» деп өткеніңізді құнсыздандырып жібермейді. Жарақаттарыңызды жіберіңіз. Оларды Isa алып, сізді ақтасын.

Иса, сауықтырушым Сенсің. Жаныма батқан әрбір ауыр нәрсені Saғan сеніп тапсыра аламын. Кейбір нәрселерді арқалау менің қолымнан келмейді. Оларды әрі қарай өзіммен бірге тасып жүруден бас тартамын. (дертке айналған нәрселерді атаңыз) жіберемін, ол Сенің қарамағында болсын. Өз даңқың үшін оны қалпына келтіре гөр.

Kұаттымойн

ӨЙТКЕНІ АУРУДЫ

САУЫҚТЫРУШЫМА БЕРЕМІН

АЗАТТЫҚТА БЕРІК

Мәсіх бізді еркін өмір сүрсін деп азат етті. Енді табанды болып, құлдықтың қамытын қайта кимендер!

ФАЛАТТЫҚТ. ХАТ 5:1

*A*зат болған сэтте шынымен, мәңгілік азат болғанымызға сену қызынға түседі. Қоғам және діни шырмау бізді құлдыққа қайтару үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Құлдықтың қамытын мойнымызға асқылары келеді. Бізге бұрын үстемдік еткен күнәнің шынжырына қайтарғысы келеді. Бұрынғы кінә мен ұятты қайтадан бізге ауыр жүк қылғылары келеді. Азаттыққа қол жеткізу бір сэтте әрі ұзақ үақыт бойы орын алады. Өмірімізді Исаға арнағанымызда Ол бізді бостандыққа шығарады. Азаттыққа енді біз ие болдық. Сосын, үақыт өте, бұрын қожайынымыз болған күнәға қарсы «табанды болу» арқылы біз ол бостандықты іс жүзінде қолданамыз. Тек өз құшімізбен мінсіз болуға тырыссақ – көтере алмайтын қамытты кигеніміз.

Сондықтан бостандықта берік тұрыңыз! Сізді күнәға тартқысы келетін, женіліс депрессиясына салатын кінә мен ұятқа қарсы тұрыңыз. Бұрын сезген ұяттың көлеңкесіне қарсы тұрыңыз. Бұрынғы, күнәға беріле беретін ескі мінез-құлдықтан бас тартуға құқылышыз. Мүмкін, кінә мен ұяттың кесірінен

бұрын «жоқ» деу қыынға түскен шығар. Енді өткеннен құтқарылдыңыз, азат, жарқын болашағыңыз бар!

Азаттық және Мәсіхтің керемет үмітінің арқасында Құтқарушымыз бер Тәңіріміздің қайта оралуынан қорқуға себеп жоқ, өйткені ол бізді күнәдан құтқарып, Өзінікі етті. Бұрын, зұлымдық жасауға асығатын едік... Енді жақсы істер жасауға асығамыз! Шынымен жаңадан туғанымызда, табиғи қалауларымыз өзгереді. Ол бізді кешіріп, «Бара бер, бұдан былай күнә жасаушы болма» деген сөзімен болмысымызды өзгертеңді. Бұл кешірім алу үшін қойылған талап емес. Құдай онсыз да кешірді. Ол сенім мен жақсырақ өмір үшін беретін даусымыз.

Исаның сөзін басқаша былай да айтуға болады: Сен айыптамаймын. Сені кешіріп, үкім мен күнәнің жазалауынан бостандық беремін. Енді барып, тағы да күнә жасама. Сен азатсың! (Жохан 8:11). Бізге берілген мейірімге ешқашан лайық бола алмайтын едік. Тура солай Құдайдың рақымының Құдайға ұнамды өмір сүре алмайтын едік, күнәдан бас тарта алмайтын едік, дүниенің құмарлықтарына жоқ дей алмайтын едік. Күнә енді өмірімізге үстемдігін жүргізе алмайды, өйткені «Мәсіх бізді еркін өмір сұрсін деп азат етті».

Тәңір Ием, Мені кешіріп, ақтағаның үшін рақмет. Мені қайта құл қылғысы келетін заттардан теріс қараяуға көмектес гөр. Еркіндігімді дұрыс пайдалануды үйрете гөр.

Күттәмис

СЕБЕБІ МӘСІХ МЕНІ АЗАТ ЕТТИ. ОСЫ ЕРКІНДІКТІҢ
ДӘЛЕЛІ КҮННЕҢ КҮНГЕ ӨМІРІМДЕ АРТУДА

ЕРІКТІ

*Ендеши, бауырластар, біздер «күннің»
емес, «ерікті әйелдің» үрпағымыз!*

ФАЛАТТАҚЫҚТ. ХАТ 4:31

Бала кезімде әкеммен сирек сөйлесетінмін. Кейде ғана ол менің қатты мінезімді мақтайтын. Мені еркелетіп «жолбарыс», «тентек» дейтін. Көйлектер мен қыздар киетін әдемі заттар бұл бейнеге жараспайтын. Ерке, нәзік қызы болудан қатты қашатынмын.

Жоғарғы сыныпқа көшкенде бірде жексенбі күні фильм көріп отырып, өзіме ұнаған әйелдің бейнесін таптым. Ол үйде тыныш отырып кесте тігетін әйел емес еді. Оның өмірі шытырманға толы қызық өмір. Ол әйел Джеймс Бонд фильмінің кейіпкері. Шалбар киген, пистолет алып жүретін, үлдармен жүгіріп жүретін қыздың бейнесі жүргіме жақын еді. Ол қыздар өздерін ер адамдармен тең ұстайды. Ешкім оларды анау-мынауға жұмсай алмайды. Олар өздерін қорғайтын еркекті күтіп отырмайды. Өздері-ақ өздерін құтқарады.

Бірақ Бонд фильмінде қызы болудың бір қынын жағы бар. Есімде болса, әр фильмде осы әйелдердің бірі өледі. Соңында Джеймс тірі қалған бірімен тәсекке жататын, бірақ екінші рет оларды ешкім бірге көрмейтін. Джеймс келесі қызық оқиғаға аттанатын, ал әйел артта қалатын. Біреуін сүйіп болғанда, Джеймс үшін дайын отырған үнемі басқа бір сұлу қызы бар. Олар шынымен Бондқа байланған әйелдер десек те болады. Олардың құндылығын білмейтін жүйе оларды құл етті.

Мінезі қатты, мықты, сексуалдық жағынан өздеріне сенімді әйелдер бір қарағанда батыл көрінеді, білемін. Бірақ олай емес. Барлық «Бонд-әйелдер» белгілі бір деңгейде қорқады. Жағдайды басқара алмаса, әсіресе қорқады (не үшін пистолет алып жүреді дейсіз?). Олардың көбісі әкелерінен алғылары келген қорғаныс мен сүйіспеншілікті ала алмады, сондықтан өмірді өз қолдарына алды. Басқаларына жақындары қамқор болса да, сүйсе де, қоғам оларды Құдайдың орнына өздеріне сенуге итерді. Бірақ, ақыры ол әйелдердің барлығы сыртта қалып, ішінде не болып жатқанын көргілері келеді. Әйел жыныстық жағынан тартымды көрінсе де, ол оньц азат екенін білдірмейді.

Қоғамның беретін мүмкіндіктерінің арқасында, біз азат әйелді емес, күнді, малай қызды жақсырақ түсінеміз. Алайда біз осы екеуінің арасында, талып қала беретін әлсіз әйел немесе басқаларды басып тастайтын азғырушыны таңдауға міндетті емеспіз. Құдайдың қанша қызы бар болса, әйелдердің таңдай алатын сонша өмір салттары бар. Сіз бөтен біреудің жасаған стереотипіне байланып отыруға міндетті емессіз, ол өтірікке сенбеніз. Біз Патшаның әулетінен шыққан Құдайдың қымбатты қыздарымыз. Сенімсіз нәрселерге арқа сүьеудің керегі жоқ. Құдайдың перзенттері ретінде кім болғымыз келсе, сол болуға еріктіміз. Бізді толықтай, қайталанбас түрде жақсы көретін Құдай бар.

*Көктегі Әке, мені кім қылыш жаратсан, соған сай
өмір сүргім келеді. Одан аз нәрселерге көнгенімде,
менің шынымен кім екенімді есіме сала гөр.*

Күаттоюан

СЕБЕБІ ӘЙЕЛ БОЛМЫСЫ ЖАЙЛЫ ОЙДАН
ШЫҒАРЫЛҒАН ТҮСІНІКПЕН ШЕКТЕЛМЕЙМІН.
МЕН – ТІРІ ҚҰДАЙДЫҢ ҚЫЗЫМЫН

ЖАҢАДАН ЖАРАТЫЛҒАН

Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!

ҚОРЫНТЫҚТ. 2-ХАТ 5:17

Иса біздің Құтқарушымыз бен Тәнір Иеміз болғанда, күнә үшін берілетін мәңгілік жаза бізден шығыс батыстан алыс болғанындей алыстаталады (Забур 102:12). Күнә бұдан былай рухымызды құлдықта ұстай алмайды. Азатсыз. Сонда да, азаттық пен кешірім құнәнің табиғи, өмірлік салдарын жоймайды. Қылмыс жасап, түрмеге қамалу жазасын алдым делік. Содан кейін құтқарылсам, рухым азат, бірақ тәнім әлі де түрмеге бара жатыр. Иә, Иса мені кешірді. Енді өмірдің шындығымен бетпе-бет келгенде, Құдайдың даналығын іздеуім керек.

Олай болса, «кешіріліп, жаңа жаратылыс болудың» мағынасы не? Ескі өмір өтіп, жаңасы пайда болды. Бұл ақиқатты Құдай өмірімізде іске асыруда. Кешірілдік, әрі құнәларымызды мойындаған сәтте, күнәдан тазардық. Сол мезетте, Исаның рақымын бастан кешіргенде, рухани жаңадан жаратылдық. Бірақ, өткенде жасаған таңдауларым маған әлі де әсер етеді. Бұдан былай кінәлі емеспін, маған мәңгілік үкім

шығарылмайды, бірақ кейбір салдар қала береді.

Ойды әрі қарай жалғастырып, дамыту үшін, бірге былай елестетейік. Бойдақ жас қыз кезімде аяғым ауыр болды дейік. Әрине, ол дереу көзді ашатын сабақ болатын еді. Содан кейін, Құдайға бет бұрып, мәсіхші болдым. Құрсағымдағы бала ғайып болады ма? Жоқ, әрине. Баланың бар болғаны күнәларымның кешірілгеніне күмән туғызбайды. Тура солай, Құдайдың мені кешіргені баланы ғажайып түрде алып тастамайды. Баланың өзі күнә емес. Мен жасаған таңдаулардың нәтижесі – күнә. Бала неке тысындағы қарым-қатынастан туылса да, оны Құдайдың сыйлығы сияқты сүйіп өсіру керек.

Біздің қателерімізді, сәтсіздіктерімізді, күнәларымызды Құдай өтейді. Не жоғалып, бұзылса, оны қалпына келтіргісі келеді. Кереметтер біз күткеннен басқаша болуы мүмкін. Сынықтардан әдемі нәрселер жасауға болады. Құдайдың қолынан келмейтін ештеңе жоқ. Бірақ жүрек жараланғанда, ол Құдайдың ең маңызды шаруасына айналады. Ол тастай қатты сынған жүректі алып, оның орнына сезімтал, жұмсақ жүрек береді. Құдай біз жаңадан жаратыламыз десек, оған сенуге болады.

*Тәңір Ием, маған мәңгілік кешірім мен табиғи
салдардың арасындағы айырмашылықты көрсете
гөр. Мені бұтін қылатыныңа сенемін.*

ҚҰДАЙ ӨМІРІМДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТИРЕ

АЛАТЫНЫНА СЕНГЕНІМДЕ

Kұаттым он

ҚҰДАЙДЫҚІ БОЛУ ҮШІН АЗАТ ЕТІЛГЕН

*Мен сендерге Қанахан елін сыйлас, өз Құдайларың
булу үшін сендерді Мысыр елінен алып
шыққан Құдайларың Жаратқан Иемін.*

ЛЕУІЛІКТЕР 25:38

«**Б**үгін қайтыс болсаңыз, қайда баратыныңызға сенімдісіз бе?» деген сұрақты көп естіген шығарсыз. Бұл сұрақтың мақсаты тыңдалап отырғандарды «Кекке баратынымды шынымен білемін бе?» деп ойландыру. Адам білмесе, мінәжат етіп, болашақ мәңгілік өмірлерін бекітуге мүмкіндік алады. Алайда мәңгілік өлімнен кейінгі бір жерден әлдеқайда артық. Келесі аяttан Құдайдың өз халқын Мысырдан құтқарудағы терең қалауы мен мақсатын көреміз: «Сендер Менің мысырлықтарға не істегенімді, әрі өздеріңді балапандарын қанаттарымен тасыған қыран іспетті осы жерге аман-есен алып келгенімді көрдіңдер» (Мысырдан шығу 19:4).

Бұл үзіндіден салтанат пен күш көремін. Көктің құдіретті күшті Құдайы жерге келіп, перзенттерін төрт жұз жылға созылған құлдықтан құтқарып алады. Құтқару барысында Ол жердегі ең мықты ел, Мысырдың тас талқанын шығарады. Исраилдік құлдар мысырлықтардың алтыны мен күмісін алып кетеді.

Құдай ол азаттықты Исраилге ғана бермеген. Сізге де бергісі келеді.

Өз халқына құштар, қасиетті Құдай жүрегіңізді жаулап алғысы келеді! Құдай сіздің Өзіне қарайтыныңызды күтіп отыр. Киеle жазба Тәнір Иенің бізге қалдырған махаббат сөздеріне толы. Құдай сіздің ол сөздерді оқып, сүйіспеншілігіне жауап бергеніңізді күтуде. Құдай сізді қараңғылықта қамалып отырған әлемнен құтқарып, Өз Сөзінің нұрындағы өмірге апарғысы келеді. Сізді опасыз көңілдестерден алып, өзінің адад, мәңгілік құшағына алуға ұмтылады. Сізді қинаушылардан еркін қылып, қатыгез құлдықтан алып шығып, Өзінің сүйіспеншілігі мен мейірімін көрсетуді аңсайды.

Құтқару тек үәде етілген жермен шектелмейді. Құтқарудың мағынасы ол үәдені берген Құтқарушыда. Оның басты мақсаты – сізді Өзіне әкелу. Көне Өсиеттің үәделері тек болашақта келе жатқан нәрселердің көлеңкесі ғана еді. Құдайдың құтқарудағы түпкі мақсаты – Өз перзенттерімен қарым-қатынасты қалпына келтіру. Сүйікті құрбым, құтқарылу дегеніміз өмір сақтандырудан әлдеқайда артық!

Осы әлемнің қатыгездігінен құтылып, Құдайдың биік шынына жеткісі келмейтін адам бар ма? Ақыры, бұл әлем біздің отанымыз емес, сондықтан ол аңсауды сақтап отырған дұрыс. Құлдық пен үкімнен құтылғанымыздан қуанайық, бірақ құтқарылу онымен бітпейді. Құдайдықі болуға қадам басайық.

*Көктегі Әке, мені азат еттің, енді ештеңе Сенікі
булуға кедергі емес. Сол үшін мың алғыс. Сені жақыннан
танаңып білуге деген үәденің соңынан қалмаймын.*

Құаттымоян

ӘЙТКЕҢІ ҚҰДАЙДЫКІ БОЛУ ҮШІН ҚҰТҚАРЫЛДЫМ

Күспіліктері

куш

ОСЫ ДҮНИЕЛІК ЕМЕСПІЗ

Осы дүниелік емессіңдер, керісінше, Мен сендерді күнәкар дүниенің ішінен таңдал, айырып алдыым.

ЖОХАН 15:19

Dүние бізге иелік етпейді. Ол Исаның сөзінен анық. Бұл біздің жүріс-тұрысымыздан, мінез-құлқымыздан қалай көрініс табады? Осы дүние, атап айтқанда, оның мәдениеті бізді өзіне үқас түрде өмір сүрсін дейді. Бірақ біз ендігәрі ол мәдениетке жатпаймыз – біздің адамдармен және Құдаймен қарым-қатынасымыз бар. Киелі кітап жек көретіндерді сүюге, қатыгездікке мейіріммен жауап беруге өситет етеді. Ол үйреншікті қалпымыздан басқаша, солай емес пе? Бұл айырмашылық біздің моральдық ұстанымға да жайылады. Ефестіктерге арналған хатта былай жазылған: «Араларыңда неке адалдығын бұзы, әр қылыштың азғындық пен ашқөздіктің тіпті аттары да атальмасын. Құдайға бағышталған адамдарға бұлардан аулақ жүру лайық» (5:3).

Мұнда екіұштылық жоқ. Өте анық айтылған. Неге сонша қатал дейсіз ғой? Меніңше, азғындықтың аты аталса, ол басқаларды шатастыра алады. Құдайдықі болғандықтан, сөзіміз бен ісімізде Құдайды дәріптеїік. Бұл дегеніміз, не айтсақ та, не істесек те, одан Құдайдың өмірімізге деген әсері көрінсін. Мәсіхпен тығыз байланыста біз кешірліп қана қоймай,

киелі болдық. Бұрын қараңғылық болсақ, қазір нұрмымыз.

Ефестіктерге хатта әрі қарай былай жазылған: «Сендерге әдепсіздік жасау, ақымақ сөз бер түрпайы қалжың айту емес, шүкірлік ету жарасымды» (Ефестікт. хат 5:4). Аты да аталмасын деген мінездерге Пауыл елші әділетсіздік, ақымақтық, түрпайылықты қосады. Ұлардың ешқайсысы Құдайға ұнамды өмірге жатпайды. Ондай әрекеттер тек ізденіп жүргендерді жаңылыстырады.

Түрпайы қалжыңың орнына шүкірлік етуге жатық болайық. Солайша Құдайдың ықыласы мен мейіріміне ризашылық сақтап отырамыз. Көбіміз өміріміздегі Құдайдың рақымын айтып, ұзақ әңгіме айта аламыз. Дөрекі сөз айтып, қыңқылдан, наразы бола берудің орнына көктегі Әкемізді үлгі тұтып, өмірімізді жарылқап отырайық. Ешкімнің өтірік сөзіне алданбаңдар делінген. Бос, мағынасыз сөз бізді ымыраға итереді — «Бәрі жақсы болады... Ештеңе етпейді... Бәрі соны істеп жатырғой...». Сөз бос бола алса, толы да бола алады. Өмірдің сөзі бізді жақсырақ нәрселерге шақырады. Құдіретті күшті Құдайдың қыздары ретінде біз өзгелерден басқамыз. Иә, дүниеде өмір сүріп жатырмыз, бірақ осы дүниелік емеспіз (Жохан 17:15-16).

*Құдайым, осы дүниенің қалай жұмыс істейіні мен Сенің
қалай әрекет ететініңің арасындағы айырмашылықты
көрсете гөр. Менің сөзім мен ісім Сені мадақтасын.
Өмірімде Саған ұнамсыз нәрсенің аты да аталмасын.*

Күттімін

СЕБЕБІ ДҮНИЕНІҢ ЕМЕС, ҚҰДАЙДЫҢ
ТАЛАБЫНА САЙ ӘРЕКЕТ ЕТЕМИН

БАҒЫНУДЫ ҮЙРЕНУ

*Жаратқан Иені қастерлейтін, Оның жолдарымен
жүретін Әрбір адам қандай бақытты!*

ЗАБУР 128:1

Ересектер ретінде кейбір заттарға назар аудармауды үйренендік. Балалар болса, оларды көзге басып тұрып жиі көрсететінін байқадым. Екінші ұлым Остин кішкентай кезінде бір жайт болып еді. Ол біз Құдайға бағынуда қиналғанда, біздің реакциямызды көрсетеді.

Остин небәрі екі-ақ жасында болғанда, достары біздің үйге ойнауға келді. Кететін уақыт болғанда, балалардың әрқайсысына кәмпитет берейін дедім. Достарына таратсын деп, Остиннің қолына кәмпитет толтырып қойдым. Балалар табалдырықтан аттағанда, ұлым оларға кәмпитет берді. Соңғы екі кәмпитет қалғанда, Остин жұдырығын тас түйіп алды. Бір қызы бала қалған еді. «Остин, тағы көп кәмпитет бар, досыңа екі кәмпитетті бер» дедім.

Тілімді алуудың орнына ұлым басын шайқап, жүгіріп шықты да, пошта жәшігінің тұғырынына барып жабысып алды. Дегенінен қайтайын дейтін түрі жоқ.

Асығып, асуýден кәмпитет алып шықтым да, кішкентай қызыға бердім. Қонақтарымызben қоштасқаннан кейін, ұлымды пошта жәшігінен алып әлек болдым.

Үйге кіргенімізде, жағдай ушығып кетті. Ұлымның тер-тер қолынан бір-біріне жабысып қалған кәмпитетті алып тастанап, Остинге «Тынышталғанша өзіңнің бөлменде отыр» дедім.

Ол қырыссып, «Бармаймын!» деп аяғын қатты-қатты басып

асүйден шығып кетті. «Иә, барасың» деп мен сабыр сақтап тұрмын. Осылай бірнеше рет қайталаңған соң, Остиннің даусы алыстай бергенін байқадым. Қарасам, жайлап бөлмесіне бара жатыр екен! Он бес минуттай өткен соң, ұлымның ашулы даусын естідім: «Мен үйиқтамаймын!».

Сосын тым-тырыс бола қалды. Кейін, абайлап барып қарасам, тәп-тәтті үйиқтап қалыпты.

Белгілі бір денгейде Остин өзінің қателескенін түсінген. Өзіне не қажет екенін де білген. Сондықтан барып өзі үйиқтап қалған. Неге мені тыңдамады? Маған неге сонша қарсыластық білдірді? Әр біріміз Құдайға бағынуға неге сонша қарсы тұрамыз? Шаршаудан басқаны айтсақ, ұлым мені неге тыңдамаса, біз де сол себептен Құдайды тыңдамаймыз. Қолындағы қемпитеттің бітейін деп тұрғанын көріп, ұлым өзіне қарсы жамандық жасалғандай сезінді.

Шынымды айтсам, ұлымнан өзімді танимын. Дәрменсіздік, көнілдің қалғаны, ашу аралас тұра сол сезімді мен де сездім. Оны сөзбен қалай айтып жеткізерімді білмеймін. Осы себептен ұлым сияқты тәуелсіздігімді көрсеткім келіп, «Құдай, наразылық көрсетсем ғана Саған бағынамын. Өзім дайын болғанда ғана бағынамын» дегенім болды.

Есейе келе, өзімшіл түрде реакция беруді тоқтатамыз. Тәбелесуге дайын болып, жұдьрықты түйіп алуды доғарамыз. Оның орнына Құдайдың біз үшін ненің артық екенін білетініне сенеміз. Уақыт созып, босқа қырсыққаннан гөрі, дереу дұрыс нәрсені істегендे керексіз шаршамаймыз.

Тәңір Ием, Саған бағынғым келмегенде, ағат әрекет етудің орнына бірінші кезекте Саған келуді үйрете гөр.

ҚАРСЫЛАСПАЙ ҚҰДАЙҒА БАҒЫНҒАНЫМДА

Күаттымын

КИЕЛІ ЕТІЛГЕН

*Қайта, өздеріңді шақырған Құдайдың қасиетті
болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде
Оған бағышталған қасиетті болыңдар! Тауратта
Оның былай дегені бар ғой: «Мен киелімін, сондықтан
сендер де Өзіме бағышталып киелі болыңдар!»*

ПЕТИРДІҢ 1-ХАТЫ 1:15-16

Kұдай киелі... сондықтан біз де Оған еліктеп қасиетті өмір сүреміз. Киелілік — біздің жақсы болуға үмтүлышп, оған жете алмай қалғанымыздың хикаясы емес. Киелілік дегеніміз — біздің Құдайға тиесілі екеніміздің белгісі. Киелілік қызметкердің жұмысын сипаттаудан асып түседі. Ол Киелі Құдайдың алдына келетін әркімге арналған бүйрық. Киелі болуымыз қажет, өйткені Құдай – киелі. Жаратқан Ие «Киелі сияқты әрекет етіңдер немесе сырттай киелі көрініңдер» демеген. Бізді киелі болуға шақырған. Болу дегеніміз, оны болмысымыздың, өмірлік күшіміздің бір бөлігі қылу. Бізді Құдайдың Рухы, Киелі Рухы толтырып, жетелейді.

Киелілік жеке қатынастарымызға да, көпшілік алдындағы жүргіс-тұрысымызыға да әсер етуі керек. Киелі әрекет етіп, киелі болмауымыз да мүмкін. Сырттай киелі көрініп, киелі болмауымыз да мүмкін. Әлдене болу дегеніміз бүкіл тіршілігіміздің осыған байланысты болуы.

Киелі болу дегеніміз не? Киелі жазба келесідей түсінік береді: «Құдай бізді Өзінің алдында қасиетті де мінсіз

халқы болып жүрсін деп, әлемді жаратпастан бұрын Мәсіхтің құрбандығына бола сүйіспеншілікпен таңдаған еді» (Ефестікт. хат 1:4).

Бірінші рет тыныс алғанымыздан бұрын таңдалдық. Құдай жерді жаратпас бұрын, бізді ойлаған еді. Мәсіхпен байланыста Құдай сізді таңдап алды. Киелі, кінәсіз болуды тағдырыңызға жазды. Иса киелі, кіршікіз таза болғандықтан, біз де Оның мәртебесін мұра етіп алдық.

Мәсіх болмаса, біз Құдайдың құдіреті мен үәделеріне бөтенбіз. Алайда айқышта киелі үйдегі шымылдық қақ айырылды. Бізге айып тағып, үкім белгілейтіннің бәрі айқышқа шегеленіп, күшін жойды (Қолостықт. хат 2:14). Солайша біз Құдаймен бір болдық.

Киелі болу дегеніміз — бөлек тұру. Рухта да, жанда да, тәндеге де. Қарапайым сөзбен, киелі дегеніміз Құдайдықі.

*Әке, Мәсіхтің құрбандығы арқылы мені киелі
еткениң үшін мың алғыс. Сен киелісің. Не істесем де,
барлығы мені Сенің киелілігіңе жақындастысын.*

Күттәмеш

ӘЙТКЕНІ КИЕЛІМІН ӘРІ ҚҰДАЙДЫҚІМІН

ОТТА ТАЗАРТЫЛҒАН

Оның орнына сендерді тазарту үшін азап отынан өткіздім. Сонда да балқытылған күмістей саф таза болып шықпадыңдар.

ИШАЯ 48:10

Kүміс пен алтын өте жоғары температурада балқытылып тазарады. Осы күйінде кір-қоқыстың барлығы бетке қалқып шығып, анық көрінеді. Металлург ол қожды сүзіп алады да, металды сұзытып, қатты күйне қайтарады. Метал қоспалар мен ластағыш заттың бәрінен арылғанша бұл үрдіс қайталана береді.

Құдай бізді нағыз пешке салып отқа жақпайды, әрине. Бізді тазарту үшін Оның басқа әдістері бар. Жаратқан азап отын қолданады. Азапқа ауыртпалық, тауқымет, қындық, шаршau, сынақ сияқты сөздер мағыналас. Азапты ешкім ұнатпайды. Осыны есте сақтағанымыз жөн, өйткені мәселе азаптың келуі-келмеуінде емес, қашан келуінде.

Судан өткен кезіңде саған жар боламын, өзендерден өткенде батып кетпейсің. Отты жарып өтсөн, күйіп қалмай-сың, тіпті жалыны да шарпымайды. Ишая 43:2

Өмірдің азаптары тура топан су мен өрт сияқты сезіледі. Бұл сынақтардан қашып құтылатындаидай ешқайсымыздың рүқсаты жоқ. Дегенмен, олардың тек шектеулі уақытқа ғана

болатынын білеміз. Қындыққа бізді басып кетуге рұқсат бермегенімізде, ол сынақтан өткен боламыз. Көктегі Әкеміз не істеп жатқанын біледі. Тазарту үрдісінен кейін бұрыннан қуатты, құшті болып шығамыз.

Сайып келгенде, Құдай біздің жағдайымызды ойлады. Жайлыштырымызды емес, қазір қандай күйде екенімізді. Бұл дегеніміз, шынайы халімізді ашып көрсету үшін өмірдің жайсыз болуына рұқсат береді. Көп жағдайда бұл тазарту үрдісі өзіміздің мінәжаттарымыздан бастау алады. «Өмірімнен Саған ұнамсыз нәрсенің бәрін алып тасташы» немесе «рухани өсіп-жетілүіме кедергі болғанның бәрін алып тасташы» деп сиынғанымызда, керемет нәрселер басталады. Отты сынақтар арқылы біздің мықты жақтарымыз да, қателеріміз де ап-анық көрінеді. Оттың ішінде жүрсөніз де Құдайды мадақтап ән айтыңыз. Мінәжаттарыңыз тасыған судан жоғары көтерілсін. Себебі Құдай сізді Өзінің мақсаты мен сіздің қүшіңіз үшін тазартуда.

*Тәңір Ием, қындық пен азаптың шынымен не
екенін көретіндей көзімді аша гәр. Олардың менің
өзгерісім үшін қажет құралдар екенін білейін. Тазарту
барысында Мені жалғыз тастамайтыныңды
білемін, сондықтан Сенің еркің болсын.*

ӨМІРІМДЕГІ ОТҚА ЖҮРЕГІМДІ ТАЗАРТУҒА

МУМКІНДІК БЕРГЕНІМДЕ

Күаттожын

ФИЗИКАЛЫҚ ОРАЗА ҰСТАУ

Сонымен, Құдайға мойынсұныңдар! Әзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді.

ЖАҚЫПТЫҢ ХАТЫ 4:7

Oраза ұстau – жанымызды арықтатудың ең жақсы тәсілі. Тек рухани ораза дегеніміз ой, әрекет немесе әдеттен бас тарту. Физикалық ораза дегеніміз Құдайға жақындей түсү үшін тамақтан бас тарту.

Оразаның диетадан айырмашылығы қандай? Ең маңызды айырмашылықтардың бірі, диета сырт келбетіңізді өзгертерді, ал ораза көзқарасыңызды өзгертерді. Бірі таразыдағы санды өзгертерді, екіншісі көзіңіздегі байлауды алып тастайды. Ораза біздің Құдайға деген мойынсұнуымызды білдіреді. Тоқтап, Құдайдың алдында тізе бүгіп отырғанымызда, дүшпанды үрей билейді! Шайтан қорқып қашып кетеді! Тамақтан нәр алғанды тоқтатқанымызда, Құдайға ұнамды нәрселерге сусай бастаймыз. Құдайдың Сөзін нан қылғанымызда тәбетіміз өзгереді. Құдайдың игілігі мен сүйіспеншлігін еске аламыз. Ораза кезінде рухани сана-сезіміміз жетіледі. Ол жүргегімізді де жұмсақ, сезімтал қылады.

Бұрын ораза тұтып көрмеген болсаңыз, өте қарапайым нәрседен бастаңыз. Алдымен пайдасыз тамақтан бас тартыңыз. Сосын ұн, қант сияқтыларды да алып тастаңыз. Даниял оразасы деген нәрсе бар, ол туралы интернетten ақпарат табасыз. Мүмкін, сіздің оразаңыз түскі астан бас тарту шығар. Олай да істеуге болады. Егер тек қана су ішүге болатын ораза тұтқынзыз

келсе, денсаулығыңыз әлсіз болған жағдайда немесе дәрі ішкен жағдайда алдымен дәрігерден кеңес алыңыз.

Ораза дегеніміз, ескі тәннен бас тарту. Ол физикалық түрғыдан өте жайсыз болады. Алайда рухани түрғыдан ол тойлайтын, қуанатын кез! Патшаны мадақтағаныңызды, Ол марапат ретінде сізді Өзінің құзырына бөлейді. Ораза дегеніміз жаза емес, қасиетті мәртебе.

Келесі айтарым, бұл өлім мен өмір мәселесі екенін түсініңіз. Себебі шынымен солай. Өткен құлдықты өлімге кесесіз.

Құдайға қарай жүгірмесе, тамақтан бас тартудың мағынасы жоқ. Оразаға дайындалған жөн. Ол демалатын уақытыңыз болсын. Телефон, компьютер, телевизорды өшіріп тастаңыз. Мадақтау әндерінің дауысын шығарып қойыңыз. Бұл Шаббат, басқа нәрселермен айналыспаңыз. Демалыңыз, ұйықтаңыз, Құдайға жақындаңыз. Киелі кітапты оқыңыз. Естер кітабын ашып, оразаның үәделерін біліңіз. Сізді алға итермелейтін басқа да мәсіхші кітаптарды оқыңыз.

Ораза кезінде рухыңыз қуат алады. Осы кезде мінәжатта не сұрағаныңызды жазып отырыңыз. Қектегі Әкеңізбен ашық, шыншыл сөйлесіңіз. Құдай сізге Киелі жазба мен мінәжат арқылы не көрсеткенін бір жерге жазып отырыңыз.

Бұл сүйіспеншілік уақыты. Құдайдың сізге тірі су мен нәр беретініне толықтай сенімдімін.

*Тәңір Ием, ораза тұтқанымда, маған жақын бола гөр.
Ұмтылыстарымды Өзіңнің еркіңе сай өзгертуіңді сұраймын.
Саған деген сусауым арта берсін. Тынышталып, Сенің тіл
қатқаныңды құтемін. Сезімталдығымды арттырып, маған
кедергі болып отырған нәрселерді ашып көрсете гөр.*

Күаттымын

ӘЙТКЕҢІ ОРАЗА ТҰТҚАНЫМДА, ПАТШАММЕН
БІРГЕ МЕРЕКЕ ТОЙЛАЙМЫН

ЖҮРЕКТІ ҰСЫНУ

Тіпті қазірдің өзінде Жаратқан Ие мынаны нық айтады: «Шын жүректен Маған қайтыңдар, ораза ұстап, жылап қайғырыңдар!» Қайғыларыңды білдіру үшін тек киімдеріңің өнірін жыртып қана қоймаңдар, істегендеріңе шын жүректен өкініңдер! Құдайларың Жаратқан Иеге қайтып келіңдер! Өйткені Ол рақымды да қайырымды, тез қаңарланбайды, берік мейірімі мол, ері жазалаймын деген райынан қайтуға дайын.

ЖОЕЛ 2:12-13

Kүдай бізді Өзіне қайтарғысы келеді. Осы үмтүлісінда Құдайды ешкім тоқтата алмас. Қайда барсақта, не істесек те, Құдай артымыздан жердің шетіне дейін барады. Тәнір Ие осы үрпаққа үндеу тастайды: «Қазірдің өзінде, бәрінен үміт үзіп қалғаныңда, лас, дәрменсіз сезінгеніңде. Қазірдің өзінде! Барлық басқа нәрсе іске жарамағанда, істеп көргеніңің бәрінен көнілің қалғанда... Мен бармын. Қазірдің өзінде! Тым кеш болып көрінсе де... әлі уақыт бар! Шын жүректен Маған қайт».

Құдай соңымыздан қалмағандықтан, бізге тек Оған бет бұры қалады. Батылдығымызды жинап, саналы, шыншыл түрде халімізге қарасақ, ұсқынсыз бейне көреміз! Құнәларымыз әдемі, ашық қызығылт түсті емес... қан сияқты қып-қызыл. Сонда да, Құдай бізден құрбандық күтпейді,

себебі тыныштықты сыйлайтын Әмірші құнды төлеп қойған. Құдай бізді тазартуды аңсайды. Қанағаттандырмайтын бос «тамақты» берудің орнына (осы дүниеде қуған нәрселеріміз), Құдай жердің ең жақсысын ұсынады. Оның бір ғана шарты бар – оған дайын болу және бағыну. Тәубе етуге, тұра жолдан тайғанымызды мойындауға дайын болу. Құдайға қуанышпен қызмет етуге дайын болу, себебі Ол игі, адал әрі шынайы Құдай. Оның Сөзін, сүйіспеншілік, өмір, бостандық заңын сақтауға дайын болу. Айқышымызды арқалап, өмірімізді Мәсіхте жасыру. Тәнге айналған Сөз, Мәсіхті, үлгі тұту. Жоел пайғамбардың сөзі бүгін бізге де қатысты: «Шын жүректен Маған қайтыңдар». Жүректеріміз қандай күйде болса да, қайтайық. Әйелдердің жүректері үшін әрдайым шайқас жүріп жатты. Құдай жаралы жүргегінізді Өзіне беруінізді сұрайды. Дүниенің қорқынышты түсінен оянып, Өзінің тамаша түсіне шақырады, Себебі басынан бастап Құдай тұра сіз сияқты қалыңдықты ізден жүрген еді.

*Әке, менің артымнан ергенің үшін рақмет. Тек
қалғаны, Саған бұрылып, құшағыңа құлай кету.
Саған өз жүргегімді ұсынамын. Саған қайтамын.*

СОҢЫМНАН ҚАЛМАҒАН ҚҰДАЙҒА

БЕТ БҰРҒАНЫМДА

Күаттымын

АЙҚЫШТЫ АРҚАЛАУ

Бұдан кейін Иса халықтың бәріне арнап мынаны айтты:

— *Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойысын, әрі айқышын арқалаған кісідегі азапты өлімге күн сайын дайын болып Менің жолыммен жүрсін! Себебі кім өмірімді сақтаймын десе, одан айырылады, ал өмірін Мен үшін қиған әркім оны (мәңгі) аман сақтап қалады.*

ЛҮҚА 9:23-24

 З күшімізben тырмысып, жақсы болуға тырысқаннан гөрі Құдайдықі болған артық. Құдай да осыны аңсайды. Діни дәстүрден, тәннің істерінен асып түсетін, одан жоғары тұрған нәрсені көргенімізді қалайды. Құдайдың иғілігіне күмән келтірместен сеніммен Өзіне жақындағанымызды қалайды. Киелі Рухына кенеліп, Әкеге шындаған мыйынсұнып сиынатынымызға құштар. Айқышымызды арқалап, Құдайдың соңынан ергенімізді көргісі келеді.

Иса бізге айқыштарыңды арқаландар дегені нені білдіреді? Ол мойнымызға әшекей тағып алу сияқты оңай емес. Ол дегеніміз, жүргегімізді «өмірім – Құдайға тірі құрбандық» деген сөзбен безендіру. Бірақ айқышты арқалау мұнымен бітпейді. Ол әрбіріміз үшін және әрбір жоғалған жан үшін айқыштың сатып алған құдіреті мен уәдесін өзімізben бірге алып жүруді де қамтиды. Айқыш барлық нәрсені өзгертіп жібереді.

Көне Өсиетте діни қызметкерлер Құдайға күнделікті құрбандық шалған. «Патша Мұса пайғамбар қалдырған

ереже бойынша әр күннің қажетті құрбандықтары мен сый-тартуларын Тәнір Иеге бағыштайтын» (Шежірелер 2-ж. 8:12-13). Айқышты арқалау – біздің күнделікті құрбандығымыз. Ол жай ғана Мұса пайғамбар қалдырған заңның талабы емес, Құдайдың талабы.

Кейбіреулер «Исаен соңғы құрбандық болды, бұл біткен еңбек» деп мұны жоққа шығарғылары келеді. Айқышты арқалаудағы мақсат – күнәні ақтауға тырысу емес. Бізге шығарылған үкімнің күшін жою үшін біз әкеле алатын ешбір құрбандық жарамайды. Тек Иса күнәларымыз үшін өлгені арқылы оны істей алды. Біздің Мәсіхпен бірлесіп сүрген жаңа өміріміз көзден таса болғанында, Исаның да өмірі тек Құдайдың алдында.

Мәсіх қанын төккендіктен, біз қанымызды төкпесек болады. Бірақ тірі құрбандық болу дегеніміз күнә үшін өлі, Құдай үшін тірі болып, өмірімізді Иса сүргендей сұру! Өзімізді – жанымыз беріңіз – Құдайға әділдіктің құралдары ретінде ұсынамыз.

Мейірім бізді заңның әмірінен алып шығып, рақымға бөлейді. Осы жомарт сыйлыққа жауап ретінде біз айқыштағы Исаға еліктеіміз. Күнде Құдайға және әділдікке берілеміз, тән мен зұлымдыққа емес. Өз еркімізben өмірімізді бағыштап, денемізді ұсынамыз. Сонда сенім арқылы Құдайдың жүргегіне жақындалап, айқышты қабылдаймыз.

Иса, мен үшін айқышқа дейін барғаның үшін рақмет.

*Өз айқышымды арқалау және Саған бағынып
ризашилықпен өмір сүрудің не еkenін үрете гөр.*

АЙҚЫШЫМДЫ АРҚАЛАП, ӨЗІМДІ ТІРІ
ҚҰРБАНДЫҚТАЙ ҚҰДАЙҒА ҰСЫНҒАНЫМДА

Kұаттымдан

ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІ

*Ендеше мен айтқан осы сөздерді жүректеріңе, жан дүниелеріңе және ақыл-саналарыңа тоқып алыңдар!
Олар қолдарыңа байланған белгі, көз алдарыңдағы ескертпе жазба іспетті болсын... Оларды үйлеріңің есік жақтауларына әрі қақпаларыңа да жазып қойыңдар.
Сонда Жаратқан Ие ата-бабаларыңа беруге антпен уәде еткен елде өздерің де, бала-шағаларың да аспан өз орнында тұрғанша ұзақ өмір сүретін боласыңдар.*

ЗАҢДЫ ҚАЙТАЛАУ 11:18, 20–21

Кұдай Исраил халқына Өз Сөзін есіктің жақтауына және жүректеріне жазып қоюларын бұйырды. Киелі кітапты ой елегінен өткізіп, жаттаумен бірге мен мұны шығармашыл болуға шақыру ретінде көремін! Құдайдың халқы, сөзсіз өнертапқыш еді. Еврейлер кішкентай қораптар жасап, оны Киелі жазбаның үзінділерімен толтырған. Осы «филактерия» атты қорапшаларды олар маңдайларына байлаған. Бұл заңға бағынуды еске салатын. Тура осындағ бірақ есіктің жақтауына байланатын қорапшаның аты «мезуза», тура аударғанда «есіктің жақтауы». Әдемілеп жасалған мезузаның ішінде келесі аяттар бар: «Тыңда, Исраил: Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Құдай! Құдай Иенәді шын жүректен, бүкіл жан дүниенмен, бар күш-қуатынмен сүй!» (Заңды қайталау 6:4-5). Қандай тамаша! Біз де неге солай істемейміз?

Ұлдарым оқып, ойланып жүрген аяттарын айналарына

жабыстырып қояды. Жұбайым көлігінде аудио Киелі кітапты, спортзалда уағыздарды тыңдайды. Интернетте подкасттар, мадақтау музыкасы, уағыздар бар. Құнделікті өміріңізге Құдайдың Сөзін қосу өте оңай.

Немерелерім Киелі жазбаны жүректеріне жазып алу үшін жаттап отырады. Кейбіреулер тату салады. Отбасы ретінде Киелі жазбаны жаттайтын болсаңыз, үзінділерді үйдің әр жеріне орналастырып, оларды іс жүзінде қалай қолдануға болатынын талқылаңыз. Құдаймен жеке уақыт өткізгеніңізде бір аят өміріңізде, қарым-қатынасыңызда, рухани өсуіңізде қандай өзгеріс әкеле алатыны туралы дәптерге жазып қойыңыз.

Осындай практикалық қадамдар Құдайдың Сөзі бар екенін, Оны әр жерде, әр жағдайда, әр қыылыста қолдануға болатынын еске салады. Құдайдың Сөзі санаңыздан жүрегіңізге жетпейінше, Оны жазып, көрінетін жерге жабыстырып, жаттап, қайталап отырыңыз.

*Тәңір Ием, Сөзіңді құнделікті өмірімнің ажырамас бір
бөлігі қылудың әртүрлі әдістерін көрсете гөр.*

ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІН ӘРДАЙЫМ КӨЗІМНІҢ
АЛДЫНДА ЖӘНЕ САНАМДА ҰСТАҒАНЫМДА

Күаттымын

ТӨЗІМДІЛІК

Бауырластарым менің, сендер алуан түрлі қыын сынақтарға ұшырағанда, бұл жайтты зор қуанышпен қабылдаңдар. Себебі сенімдеріңің сыналып, берік те шынайы екендігінің дәлелденуі төзімділік тудыратынын білесіңдер.

ЖАҚЫПТЫҢ ХАТЫ 1:2-3

Солай ма? Қыын-қыстау кезеңдер қуанышқа себепші болу керек пе? Тағы да көріп отырмыз, біздің күшке деген көзқарасымыз қоғамдықінен басқаша. Қыындық көріп жатып, «зор қуаныш» былай тұрсын, жай қуанышты сезетін адам бар ма? Сонда да, Жақып, Исаның інісі дәл осыны істеуге бізге жігер бергісі келеді. Қарап отырсақ, төзімділікті үйрететін – онай емес, қыын кезең. Төзімділікке мақсат, берілу, қажырлылық, табандылық, қайрат, жігер сияқты сөздер мағыналас. Күшімізден айырғысы келетін дүниеде женілмей тұрғымыз келсе, осының бәрін қажет етеміз. Төзімділік қасиетіне ұқсас тағы бір ұғым – «Құдайдың рақымы».

«Тек төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды» (Жақыптың хаты 1:4). Осы жетілу, кемелге жету уәдесінің аясында Жақыптың неліктен қыындыққа дұрыс реакция зор қуаныш деп санағанын түсіне бастаймыз. Ауыр сынақ кезінде не нәрсеге сенім артқанымызды, қай жерден күш алатынымызды білеміз. Өмірдің құрғақ кезеңінде құдығымыздың тереңдігін көреміз. Молшылық барда ішімізде шынымен не

бар екені көрінбейді. Көп жағдайда қыындық пен сынақ рухани күшімізді арттыратын тренажердің ролін атқарады.

Алғашқы қауым қандай сынақтардан өткенін білу үшін Пауыл елшінің сөзін оқыық:

Мені үш рет таяқпен дүре соқты, бір рет өлтірмек болып таспен атқылады. Үш рет кеме апатына ұшырадым, бір тәулік бойы ашиқ теңізде қалқып жүріп, әрек аман қалдым. Көп рет саяхатқа шығып, тасыған өзендерден, қарақшылардан, өз ұлттастарым мен басқа ұлттық адамдар тарапынан сансыз қауіп-қатерге ұшырап келемін. Қала мен иен далада, теңізде және жалған бауырластар арасында қатерге тап болдым. Қорынтытықт. 2-хат 11:25-26

Бұл Пауылдың сипаттағанынан екі аят қана. Мұны оқып, өзімнің әлсіз екенімді көремін. Бүгінгі қыындықтарымыз мынадай болуы мүмкін: әлеуметтік желіде біреу жазылмай қойды, достарым жиналып мені шақырмады, істеген еңбегімді ешкім көрмеді, түрімді ұнатпаймын, салмағым тым көп, т.б. Алғашқы қауымның басынан не өткеніне қарасақ, күшімізді арттыруға тұра келеді.

Көктегі Әке, сынақтарды зор қуаныш деп атауды таңдаймын. Оны ұнатқанымнан емес, ол арқылы төзімділігімді арттыратының үшін. Сол үшін алғыс айтамын.

СЫНАҚТАР МЕҢІ ІШТЕЙ ҚАЛАЙ
ӨЗГЕРТЕТІНІН БІЛГЕНІМДЕ

Kұаттымын

СЕМСЕР ҰСТАҒАН ҚЫЗДАР

Семсеріңді ерлікпен алып жүр



Құдайдың Сөзі – семсер. Алайда, оны қолданудан гөрі зерттеуге бейімбіз. Әйелдердің қолына семсер ұстаратып, жер бетіне Аспан Патшалығын паш етуге мүмкіндік беретін кез келді. Әйелдерге деген теріс көзқарас бүкіл әлемде кең тараған. Әйелдер құқығын таптау, зорлық-зомбылық, қыздарды сексуалдық құлдыққа сату әлі жойылған жоқ. Әйелдердің өткен шақта кім болғаны маңызды емес, болашағы маңызды. Лиза Бивердің айтуынша, әйел затына деген өршеленген шабуыл олардың жарқын болашағын жоюды көздейді. «Семсер ұстаған қыздар» кітабында автор дүшпанның әйел затын барлық салада қарусыз қалдыруға тырысып бағатынын көрсетеді. Құдай әйелдерді батыр етіп жаратқан. Батылдық, көрегендік, кешірімділік, даналық берген. Қолымызға семсер алып, нағыз қаңарман болатын кезіміз келді.

АНА-АРЫСТАННЫҢ ОЯНУЫ

Оян да, әлемді өзгерт



Ана-арыстанның үйқыдан оянуы – айбат пен әсем сұлұлықтың тамаша бейнесі. Айналасындағы дүниеге иелік ету, жас үрпақты қорғау, арыстанға шабыт сыйлау – ана-арыстанның табиғатында бар нәрселер. Бір үйірдегі үрғашы арыстандар қашанда бірлесе әрекет етіп, айналасына ықпалын таратады.

Сіз де – ана-арыстансыз.

“Ана-арыстанның оянуы” кітабында Лиза Бивер ана-арыстанның өмірі мен бейнесін мықты да нәзік әйелдің баламасы ретінде ұсынады. Ғажап жаратылған арыстандардың өмірінің біз білмеген сырларын ашып, Лиза әйелдерді бір-біріне қамқор болуға, Құдайдың аманатын орындауға, мінәжатта табанды болуға шақырады. Кітаптағы жолдау әлсіздерді қорғауға, дәрменсіздердің сөзін сөйлуге жетелейді.

Тұз тағысының өмірінен көрнекті мысалдар келтіре отырып, Киелі Кітаптағы ана-арыстан туралы аяттарға терең үңіле отырып, “Ана-арыстанның оянуы” кітабы әйелдерді бірігіп, Жер бетіне Құдайдың құдіретін таратуға шақырады.

Мәсіх Яңуда руынан шыққан Арыстан болса, біз – үйқыдан оянған ана-арыстандармыз.

MessengerX.com  сайтында қолжетімді

БӘСЕКЕДЕН ТЫС




Басқаларға бәсекелес ретінде қарап, өзімізді олармен салыстырып, жарысу арқылы өзімізді шектеуіміздің белгілі бір себебі бар. Санамызға, еркімізге, сезімімізге шабуыл жасайтын жауымыз бар. Ол бізді өзімізге және жанымыздыларға қарсы шығаруға тырысады. Ол жақын қарым-қатынасымызды бұзып, бізді кім еkenіміз туралы шатастырып, Құдайдың берген тапсырмасын орындауға бөгет болғысы келеді.

«Бәсекеден тыс» кітабында бірнеше бестселлер жазған автор Лиза Бивер Құдайдың сүйіспеншілігі осы шырмауды қалай бұзатынын айтады. Адамдарды қарсылас ретінде көруді қойып, Жаратушынызбен терең қарым-қатынас құруды үйренесіз. Ол қарым-қатынаста шынайы жақындық пен даралық болады. Осы қазіргі заман үшін өзекті, пайғамбарлық даналығы бар, Киелі Кітапқа негізделген тәлімде Лиза әзілмен әрі құлшыныспен – Бәсекені артта қалдырып, бойыңыздағы ең жақсы қасиеттерді ашуға – Сіздің қатысуыңызды талап ететін әңгімeden қашпауға – Әйелдер түкке жарамайды, сенгіш, алаңғасар деген сөзді теріске шығаруға – Ерлер мен әйелдер арасындағы бәсекеге алданбай, ерлермен қатар еңбектенуге шақырады.

Бәсекеден тыс өмірге қарай қадам басатын кез келді.

MessengerX

Кез келген жерде, кез келген адам Исаның шәкірті бола алады




- 130-дан астам тілдегі тегін материалдар
- Қосымша түрінде және онлайн қолжетімді
- Сіздің рухани өсүінізге септігін тигізетін материалдар
- Шәкіртшілік жолындағы қадамдарыңызды көре аласыз



Шәкіртшілкке арналған ресурстардың толық жинағын алышыз. Messenger кітапханасы – электронды кітаптар, бейнеказбалар, аудио-тәлім, аудиокітаптар, Киелі Кітаптар...

Барлық құрылғыныздан көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз.

MessengerX.com



App Store немесе Google Play-ден жүктеп алуыңызға болады.

ҚУАТТЫ БОЛУ ЖАМАН НӘРСЕ ЕМЕС! Құдай сізді өміріңіздің әр саласында қуатты болуға жаратты. Дегенмен, қателесіп жүрсек, қуатты болу мүмкін емес. Бүгінгі қоғамда, Құдай бізді жаратқандай қуатты әйелдер болғанымыз ғана емес, сонымен қатар Құдайдың Сөзінде нық тұрып, ымырасыз түрде әділдікке үмтүлғанымыз өте маңызы.

Құдай бізді қуатты болуға шақырып қана коймайды, қуатты болуға бүйірады. Күшіміздің қайдан келетіні және құشتің қалай көрініс табатыны бірдей маңызы. Қоғамды тыңдасақ, күш ішімізден келеді, бірақ ,шынымен, құشتің қайнар көзі – Құдай.

Лиза Бивердің жазған кітаптары Нью Йорк Таймс тізіміне ең көп сатылған кітап ретінде енген. «Қуатты» кітабында Лиза көп жағдайда қателесетін дүниеде күшті болудың не екенін түсіндіреді. 90 күнделікті мінәжатта Лиза қуатты әрі нәзік болу, қарым-қатынаста сауығу, қанағат, ақтаушы өкініш, демалудың күші және т.б. тақырыптарды қозғайды. Осы кітапты оқып, қүшінізді арттыруға, сенімде тереңдей түсуге әрі Құдаймен, өзгелермен, өзіңізben үйлесімді өмір сұрудің қуанышын білуге шабыт аласыз.

Лиза Бивер шынайы, жалынды, кейде әзілді тілмен Киелі кітаптың ақиқатын іс жүзіндегі қолданыспен байланыстырады. Лизаның кітаптары («Қыз сияқты күрес», «Ана арыстанның оянуы», «Семсер ұстаған қыздар», т.б.) 65-тен астам тілге аударылып, миллиондаған адамның қолына жетті. Лиза мен жұбайы Джон бірнеше бестселлер кітап жазып, «Messenger International» қызметінің негізін қалаған.



Көбірек ақпарат алу үшін, MessengerX.com
сайтына кіріңіз.



Бұл кітап – автордың сыйлығы.
Сатуға арналмаған.



Көбірек бүгінші көңілдең?
Осы кодты сканерлеңіз.

